

## Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 358 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 ақпанда № 10303 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін бұқаралық ақпарат құралдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануына жіберуді;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бүйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалудың бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауга жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 14 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрі

В. Школьник

20\_\_ жылғы "\_\_\_"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрінің

2014 жылғы 30 желтоқсандағы

№ 358 бұйрығымен бекітілген

## **Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) (бұдан әрі - Зан) тармақшасына сәйкес әзірленді және қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін жазылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер және анықтамалар пайдаланылды:

1) су жылыту қазаны – атмосфералықтан жоғары қысымдағы және жылу тасымалдаушы ретінде құрылғының өзінен тыс пайдаланылатын суды жылытуға арналған құрылғы;

2) бу қазаны – құрылғының өзінен тыс пайдаланылатын атмосфералықтан жоғары қысыммен буды алуға арналған құрылғы;

- 3) энергия технологиялық қазан – оттығында технологиялық материалдарды қайта өндөу жүзеге асырылатын бу немесе су жылыту қазаны;
- 4) буды қыздырғыш – бу температурасын қазандағы қысымға сәйкес келетін қанығу температурасынан жоғары жоғарылатуға арналған құрылғы;
- 5) автономды буды қыздырғыш – қазанға немесе газ жолына немесе қыздыру үшін бу сыртқы көзден келіп түсетін жеке түрған буды қыздырғыш;
- 6) экономайзер – отынды жағу өнімдерімен жылытылатын және бу қазанына келіп түсетін суды жылыту және жартылай булануына арналған құрылғы;
- 7) автономды экономайзер – қазанға немесе газ жолына кіріктірілген экономайзер, оның жылытылған сұы жартылай немесе толықтай аталған қазаннан тыс пайдаланылады, немесе жеке түрған экономайзер, оның жылытылған сұы толықтай немесе жартылай бу қазанында қолданылады;
- 8) қазанның есептелген ресурсы – салқын және ыстық күйден іске қосулардың есептелген санын, дайындаушының нұсқаулығында көрсетілген пайдалану режимі сақталған жағдайда дайыдаушы оның жұмысына кепілдік беретін қазанды (элементті) пайдалану ұзақтығы;
- 9) сақтандыру құрылғылары – су жылыту және бу қазандарының ыдыстарын, бу мен ыстық су құбыржолдарын құрылғы қысымының немесе температурасының рұқсат етілген шамаларынан жоғарылаудың қорғауға арналған құрылғы;
- 10) баллон – шұраларды, ернемектерді немесе штуцерлерді орнату үшін бір немесе екі мойны бар, сығылған, сұйытылған немесе қысыммен ерітілген газдарды тасымалдауға, сақтауға және пайдалануға арналған ыдыс;
- 11) бөшке – цилиндрлі немесе басқа формада, бір орыннан екінші орынға домалайтын және қосымша тіреулерсіз жанына қойылатын, сұйық және басқа да заттарды тасымалдауға және сақтауға арналған ыдыс;
- 12) сыйымдылық – сыйбада берілген номиналды өлшемдермен анықталатын ыдыстың ішкі қуыс көлемі;
- 13) ішкі (сыртқы) қысым – ыдыс қабырғасының ішкі (сыртқы) бетіне әсер ететін қысым;
- 14) сынау қысымы – жабдықтың беріктігі мен бітеулігіне сынау жасалытын артық қысым;
- 15) жұмыс қысымы – жұмыс процесі қалыпты жүрген кезде туындаудың максималды артық қысым;
- 16) есептелген қысым – беріктігіне есеп жүргізілетін қысым;
- 17) шартты қысым – стандартты ыдыстардың (тораптардың, бөлшектердің, арматураның) беріктігін есептеу кезінде пайдаланылатын 20 градус Цельсия (бұдан әрі  $- C^{\circ}$ ) температурадағы есептелген қысым;
- 18) қабырғаның рұқсат етілген максималды (минималды) температурасы – ыдысты пайдалануға рұқсат етіледін қабырғаның максималды (минималды) температурасы;

19) рұқсат етілген қысым – сәйкестікке бағалау және (немесе) беріктікті бақылаулық есептеу негізінде белгелінген жабдықтың (элементтің) максималды рұқсат етілген артық қысымы;

20) ыдыс – химиялық, жылдыту және өзге де технологиялық процестерді жүргізуге, және газ тәрізді, сұйық және өзге де заттарды сақтауға және тасымалдауға арналған (стационарлық орнатылған немесе тасымалды) герметикалық жабық сыйымдылық;

21) шентемір – жандарынан ашық болатын тұйық профильдің цилиндрлік қабықшы;

22) тұбі – ішкі қуысын шет жақтан шектейтін ыдыс корпусының ажырамайтын бөлігі;

23) жұмыс ортасының температурасы – технологиялық процесс қалыпты жүрген кезде жабдықтағы ортасының минималды (максималды) температурасы;

24) қабырға температурасы есептелген – физика-механикалық сипаттамалары, жіберілетін материал кернеуі анықталатын және жабдық элементтері беріктігіне есептер жүргізілетін температура;

25) цистерна – теміржол вагонының рамасында, автокөліктің дөңгелегінде (тіркемеде) және басқа жылжымалы құралында орнатылған, газды, сұйық және басқа заттарды тасу және сақтауға арналған жылжымалы ыдыс;

26) қалдық қор – техникалық құйін бақылау кезінен мөлшер құйіне өтуіне дейін объектінің жұмыс қосындылығы;

27) есептелген жұмыс мерзімі – жобалау кезінде белгіленген және жабдық пайдалануға берілген күннен бастап есептелетін күнтізбелік жылмен көрсетілетін жұмыс мерзімі;

28) ыдыстың (элементтің) есептелген ресурсы – салқын және ыстық күйден іске қосулардың есептелген санын, дайындаушының нұсқаулығында көрсетілген пайдалану режимін сақтау жағдайларында сенімді жұмысына кепілдік беретін дайындаушының ыдысты (элементті) пайдалану ұзақтығы;

29) белгіленген жұмыс мерзімі – жабдықты пайдаланудың белгіленген күнтізбелік ұзақтығы, оған жеткен кезде жабдықтың техникалық жай-құйіне қарамастан пайдалану тоқтатылуы тиіс;

30) сараптамалық қорытынды – қауіпті техникалық құрылғылардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өткізілген сараптама нәтижесі;

31) технологиялық регламент – жұмыс кезеңділігі мен жүргізу әдістерін, орындалатын жұмыс түрлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша талаптар мен шараларды белгілейтін кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаты;

32) аттестатталған ұйым – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында сараптама жүргізу құқығы бар екені туралы аттестатқа ие ұйым;

33) техникалық қуәландыру – "Мұнай және газ өнеркәсібі. Қауіп-қатер факторларын ескере отырып техникалық қуәландыру" ҚР СТ-ның негізінде өткізілетін қауіп-қатер факторларын бағалауды ескеріп, жабдықтың иесінің жабдықтың сенімділігі мен механикалық бүтіндігін қамтамасыз ететін әдістемелері мен құралдары болған жағдайда жабдықтың техникалық жай-күйін, оны қауіпсіз пайдалану мүмкіндігін айқындау не мониторинг жүргізу мақсатында паспортта дайындаушы көрсеткен қызмет мерзімі ішінде жабдықтың сенімділігі мен механикалық бүтіндігін қамтамасыз ететін бұзбай бақылау әдістерін қолдана отырып, технологиялық жабдықтың үстінгі қабатын сырттай қарап тексеру, ішін қарап тексеру, гидравликалық немесе пневматикалық сынауды қамтитын шаралар кешені.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 3. Осы Қағидалар:

1) бу қазандары, сондай-ақ бойлер-қазандарға, автономды бу қыздырғыштар және экономайзерлерге;

2) энергия технологиялық қазандарға: бу және су жылыту және сода регенерациялық қазандар;

3) кәдеге жарату-қазандарына: бу және су жылыту;

4) жылжымалы және тасымалдауға болатын қондырғылар және энергия пойыздар қазандарына;

5) жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдауыштармен жұмыс істейтін бу және сұйықтық қазандарына;

6) қазан шегіндегі бу және ыстық су құбыр өткізгіштеріне;

7) температурасы  $115^{\circ}\text{C}$  жоғары су қысымымен немесе 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) қысым кезінде қайнау температуранан жоғары температурамен басқа сұйықтық қысымымен жұмыс істейтін ыдыстар, гидростатикалық қысымды ескерусіз;

8) 0,07 МПа жоғары бу немесе газ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарға;

9) 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары қысыммен Сығылған, сұйытылған және еріген газдарды тасымалдауға және сақтауға арналған баллондар;

10) бу қысымы  $50^{\circ}\text{C}$  дейін температура кезінде 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) қысымнан жоғары болатын сығылған және сұйылтылған газдарды тасымалдау және сақтауға арналған цистерналарға және бөшкелерге;

11) оларды босату үшін үздіксіз 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары қысым жасалатын сығылған, сұйылтылған газдарды, сұйықтықтар мен сусымалы денелерді тасымалдау және сақтауға арналған цистерналар мен ыдыстарға;

12) барокамералар мен көп орындық барокамераларға, сондай-ақ көлік құралдарында орнатылатындарға.

13) сәйкес 0,07 МПа (0,7 кгс/см<sup>2</sup>) аса жұмыс қысымымен немесе судың 115<sup>0</sup>С аса қайнау температурасы кезінде бу және ыстық су құбырларына таралады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес Ереже қамтитын барлық құбырлар 4 санатқа бөлінеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Құбыр өткізгіш санатын анықтау кезінде тасымалданатын ортаның жұмыс параметрлері деп мыналарды есептеу қажет:

1) қазаннан бу құбырлары үшін - бу қысымын және температурасын қазаннан шыға берісте (бу жылытқыш артынан) олардың номиналды мәні бойынша;

2) қарсы қысыммен жұмыс істейтін турбиналардан бу құбырлары үшін - турбинаны жеткізуге техникалық шарттармен қарастырылған қарсы қысымда максималды болуы мүмкін қысымды және турбинаның бос жүрісті жұмысы кезінде қарсы қысымда будың максималды мүмкін болатын температурасын;

3) турбина буының реттелмейтін және реттелетін сұрыптауларынан бу құбырлары үшін (сондай-ақ аралық жылыту бу құбырлары үшін) - сұрыптауда бу қысымының және температурасының максималды мүмкін болатын мәндерін;

4) редукциялық және редукциялық-сұыту қондырғыларынан бу құбырлары үшін - қондырғы жобасында қабылданған редукциялық будың қысымы мен температурасының максималды мүмкін болатын мәндерін;

5) жоғары қысымды деаэраторлардан кейін қоректік су құбыр өткізгіштері үшін - деаэраторда қанығу температурасын және сұйықтық бағанының гидростатикалық қысымын есепке ала отырып судың номиналды қысымын;

6) жоғары қысымды жылытқыштар мен қоректік сорғылардан кейін қоректік су құбыр өткізгіштері үшін жабық ысырма кезінде қоректік электр сорғымен тегеурінді құбыр өткізгіште түзілетін ең үлкен қысымды және сорғының сору желісінде максималды қысымды (турбиналық жетегі бар қоректік сорғыларды және гидромуфтасы бар электр сорғыларды қолдану кезінде – сорғының номиналды қысымының 1,05), және соңғы жоғары қысыммен жылытқыштың артынан судың максималды есептік температурасын.

6. Ортаның жұмыс параметрлері бойынша анықталған құбыр өткізгіш санаты оған кіре берісте (онда осы параметрлерді өзгертетін құрылғылар болмаған кезде) барлық құбыр өткізгішке, оның созылмалылығына тәуелсіз, жатады және жобалық құжаттамада көрсетіледі.

## **2-тарау. Үйдістардың құрылышы**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

7. Үйдістардың конструкциясы есепті қызмет ету мерзімі ішінде пайдалануды қамтамасыз етеді және техникалық куәландыруды, тазартуды, жууды, толық босатуды, үрлеуді, жөндеуді, металл мен қосылыстарды пайдалану бақылауын жүргізуді көздейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

8. Жабдықты сыртқы және ішкі қарап тексеруіге кедергі келтіретін құрылғылар (араластырғыштар, жылан тұтіктер, рубашкалар, тарелкалар, қалқандар және басқа да құрылғылар) алмалы-салмалы болып қарастырылған. Дәнекерленген құрылғыларды қолданған кезде сыртқы және ішкі тексерулерді жүргізу және кейіннен орнына орнату үшін оларды алып тастаудың мүмкіндігі қарастырылады.

9. Егер ыдыстың құрылышы осы Қафидалармен қарастырылған сыртқы және ішкі қарап тексеруді немесе гидравликалық сынауды жүргізуге мүмкіндік бермесе, ыдыс жобасын әзірлеуші пайдалану жөніндегі нұсқаулықта орындалуы ақауларды уақытында анықтау мен жоюды қамтамасыз ететін бақылаудың әдістемесін, мерзімділігін және көлемін көрсетеді. Нұсқаулықта мұндай сілтемелер болмаған жағдайда бақылаудың әдістемесі, мерзімділігі мен көлемі аттестатталған ұйыммен анықталады.

10. Ішкі құрылғылардың құрылышы гидравликалық сынау кезінде жабдықтан ауаны және гидравликалық сынағаннан кейін суды жоюды қамтамасыз етеді.

11. Үйдістарда гидравликалық сынау кезінде суды толтыру және құйып алуға, сондай-ақ ауаны кетіруге арналған штуцерлер болады.

12. Эр ыдыста вентиль, кран немесе ыдысты ашар алдында онда қысымның жоқтығына, бұл кезде ортаны бұру қызмет көрсететін персоналға қауіпсіз орынға бағытталады, бақылау жасауға мүмкіндік беретін басқа құрылғы қарастырылады.

13. Үйдістар және олардың элементтері беріктігіне есеп "Үйдістар мен аппараттар. Беріктікке есеп нормалары мен әдістері. Жалпы талаптар." МЕМСТ 34233.1-2017 және "Үйдістар мен аппараттар. Беріктікке есеп нормалары мен әдістері. Цилиндрлік және конусты ернеушелерге, дөңес және жазық түптер пен қақпақтарды есептеу" МЕМСТ 34233.2-2017 бойынша жүргізіледі. Есептеу болмаған жағдайда беріктік есебін сертификатталған ұйым жүргізеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Пайдалану барысында өзінің кеңістік жағдайын езгертетін ыдыстардың олардың өздігінен айналып түсуін болдырмайтын құрылғылары болады.

15. Люктер, тар тесіктер және жалғақтар үшін саңылауларды бекітетін сақиналарды пісіру сапасын тексеру үшін сақинада, егер ол сыртынан, немесе қабырғаға пісірілсе, егер сақина ыдыстың ішкі жағынан пісірілсе, бақылау саңылау қарастырылады. Бекіту сақиналарын екі жағынан пісіру жағдайында (ыдыс корпустарының сыртқы және ішкі) бақылау саңылаулары екі сақинада орындалады. Ыдыс корпузына пісірілетін жалғақтар мен тіреулердің төсем табақшаларында барлық периметрі бойынша бақылау саңылаулары орындалады.

16. Электр жабдық және ыдыстарды жерге тоғыту электр энергетика саласындағы талаптарға сәйкес орындалады.

## **2-параграф. Люктер, шағын люктер, қақпақтар**

17. Ыдыстар ыдыстарды қарап тексеруді, тазалауды және жөндеуді, сондай-ақ бөлшектелетін ішкі құрылғыларды құрастыруды және бөлшектеуді қамтамасыз ететін люктер және қарайтын шағын люктермен жабдықталады.

18. Цилиндрлі корпустан және оларға бекітілген тұтіктері (жылуды алмастырғыштары) бар торлардан тұратын ыдыстарды және криогенді сұйықтарды тасымалдау мен сақтауға арналған ыдыстарды осы Қағидалардың 9-тармағы талаптарын орындау жағдайында ыдыстар диаметріне тәуелсіз люктерсіз мен шағын люктерсіз дайындауға рұқсат беріледі.

19. Ишкі диаметрі 800 мм асатын ыдыстарда люктер, ал ішкі диаметрі 800 мм және одан кем болатын ыдыстарда шағын люктер болады.

20. Дөңгелек люктердің ішкі диаметрі – кемінде 400 мм. Сопақша люктердің жарықта ең кіші және ең ұлкен остері бойынша көлемі – кемінде 325x400 мм.

21. Дөңгелек люктердің ішкі диаметрі немесе сопақша люктердің ең кіші осі бойынша көлемі – кемінде 80 миллиметр.

22. Люктер және шағын люктер қызмет көрсетуге ынғайлы жерлерге орналасады.

23. Люктердің қақпақтары алынбалы болып табылады. Вакуум негізінде оқшауланған ыдыстарда дәнекерленген қақпақтардың болуына рұқсат беріледі.

24. Салмағы 20 килограмнан (бұдан әрі – кг) асатын ыдыстардың қақпақтары мен люктер оларды ашуға жабуға арналған көтергіш – бұрғыш және басқа құрылғылармен жабдықталады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Топсалы-қайырмалы немесе орнатылатын болттардың, қамыттардың, сондай-ақ люктердің, қақпақтардың және олардың ернемектерінің қысатын құрылғылары олардың өздігінен жылжуына жол бермейді.

26. Ыдыстарда ішкі диаметрі іштен қарап тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін 20 -тармағында люктер үшін берілген өлшемдерден кем болмайтын жалғастықтардың, ернемек арқылы ажыруталардың, алмалы тұптерінің немесе қақпақтарының болуы кезінде люктердің болмауына рұқсат беріледі.

### 3-параграф. Ыдыстардың тұптері

27. Ыдыстарда қолданылатын тұптер: эллиптикалық, жартылай сфералы, торосфералық, сфералы жиектелмеген, конусты жиектелген, конусты жиектелмеген, тегіс жиектелген, тегіс жиектелмеген.

28. Эллиптикалық тұптің ішкі беті бойынша өлшенген, тұптің ішкі диаметрінің 0,2 кем болмайтында дөңес бөлігінің биіктігі болады. Бұл көлемді жобалық-құрылымдық құжатамамен негізделген кезде азайтуға болады.

29. Торосфералық (қорап тәрізді) тұптер мынадай өлшемдермен дайындалады:

1) ішкі беті бойынша өлшенген дөңес бөлігінің биіктігі ішкі диаметрінің 0,2 кем емес;

2) жиектеудің ішкі радиусы түбінің ішкі диаметрінің 0,1 кем емес;

3) орталық бөлігінің қисауының ішкі радиусы түбінің ішкі диаметрінен артық емес.

30. Сфералық жиектелмеген тұп дәнекерленіп пісірілген бөліктермен қолданылады, және:

1) түбінің сферасының ішкі радиусы ыдыстың ішкі диаметрінен артық емес;

2) дәнекерленіп пісірілген бөлшекті жалғау түбімен бірге тұтас дәнекерлеу арқылы орындалады.

31. Хордасы бойынша дәнекерленген тігістердің орналасуымен бірнеше бөліктерден тұратын дәнекерленген дөңесті тұптерде дәнекерленген жіктің осінен тұптің ортасына дейінгі қашықтық тұптің ішкі диаметрінің  $1/5$  артық болмайды.

32. Дөңесті тұптердің шеңберлі тұптері тұптің ортасынан тұптің ішкі диаметрінің  $1/3$  артық болмайтында етіп орналасады.

33. Конусты жиектелмеген тұптің  $45^0$  аспайтын орталық бұрышы болады. Жобалық-құрылымдық құжаттамада негіздеу кезінде орталық бұрышты  $60^0$  градусқа дейін ұлғайтуға болады.

34. Механикалық қашау арқылы дайындалған сақиналы жырашығы және цилиндрлік бөлігі (жиегі) бар тегіс тұптер шындалған темірден дайындалады. Жиектелген тегіс тұпті, егер жиектеу  $90^0$  майысқан қаңылтыр жиегін қалыптау немесе басумен орындалатын болса, қаңылтырдан дайындауға рұқсат беріледі.

35. Шығыңқы түптерді, компенсаторларды және жалғастықтарды дәнекерлеуге арналған созылған мойындарды қоспағанда, ыдыстардың сұрынталған және өтпелі элементтері үшін сұрынталған элементтің дөнгелектенуі басынан бастап дәнекерленген жіктің осіне дейінгі қашықтық сұрынталған элемент қабырғасының қалыңдығына байланысты осы Қағидалардың 2-қосымшасы бойынша қабылданады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

#### 4-параграф. Үйдістардың дәнекерленген тігістері және олардың орналасуы

36. Үйдістардың дәнекерленген тігістері жапсарлы орындалады.

37. Тегіс түптерді, тегіс ернемектерді, құбыр торларын, жалғақтарды, люктерді, жейделерді пісіру үшін таңбалап және бұрыштық дәнекерлеу қосылыстарына жол беріледі.

38. Бекіту сақиналарын және тіреу элементтерін пісіру үшін соғылған дәнекерлеу тігістерін қолдануға болады.

39. Дәнекерленген тігістер осы Қағидалар талаптарымен және сәйкесті стандарттармен қарастырылған үйдістарды дайындау, монтаждау және пайдалану кезінде бақылау үшін қол жетімді.

40. Бұрыштық және таңбаланған қосылыстардағы құрылымдық саңылауға нормативтік-техникалық құжаттамада негізделген есеп кезінде жол беріледі.

41. Іргелес шентемірлердің бойлай тігістері және ыдыстар түптерінің тігістері ең қалың элементтің үш еселік қалыңдығы өлшеміне, алайда тігістері осьтері арасында кемінде 100 мм, бір-біріне қатысты жылысады.

42. Аталған тігістерді, бұл тігістер автоматты немесе электр қоқысты дәнекерлеумен орындалған және тігістерінің қылышы орындары 100% көлемде радиография немесе ультрадыбыстық дефектоскопиямен бақыланатын жағдайда қабырғасының номиналды қалыңдығы 30 мм аспайтын, 400°C жоғары қабырға температурасы кезінде және 1,6 МПа (16 кгс/см<sup>2</sup>) аспайтын қысыммен жұмыс істеуге арналған ыдыстарда бір-біріне қатысты жылжытуға болмайды.

43. Үйдіс корпусына ішкі және сыртқы құрылғыларды (тіреу элементтерін, тарелкаларды, жейделерді, қалқандарды және т.б.) пісіру кезінде корпус тігісінің жабылатын бөлігін және аталған тігістердің қылышы орындарын радиациялық бақылаумен немесе ультрадыбыстық дефектоскопиямен алдын ала тексеру жағдайында бұл дәнекерленген тігістердің жапсарлы тігістермен қылышына жол беріледі.

44. Тіреулер немесе өзге элементтерді ыдыс корпусына пісіру жағдайында ыдыстың дәнекерленген тігісі шеті мен элементті пісіру тігісі шеті арасындағы ара қашықтық ыдыс корпусы қабырғасы қалыңдығынан кем емес, алайда кемінде-20 мм болады.

45. Дәнекерлеуден кейін термоөндөуден өтетін көміртекті болаттар, нашар қосындыланған марганецті және кремний марганецті болаттардан жасалған ыдыстар үшін корпус қабырғасы қалындығына тәуелсіз ыдыстың дәнекерлен тігісі шеті мен элементті пісіру тігісі шеті арасындағы ара қашықтық кемінде 20 мм.

46. Термо өндеуден өткен ыдыс корпусына қандай да бір элементтерді пісіру жағдайында монтаждау орнында айналмасы бөлігі бойынша ыдыс корпусына термоөндеу жүргізіледі.

47. Көлденең ыдыстарда 0,35 D аспайтын жалпы ұзындықта дөңгелек (бойлай) дәнекерлеу тігістерінің ершік тәрізді тіреулерімен жергілікті жабынған жол беріледі, ал төсеме табақ болған кезде - 0,5 D аспайды, мұнда D ыдыстың сыртқы диаметрі. Сонымен қатар барлық ұзындығы бойынша дәнекерлеу тігістерінің жабылатын бөліктері радиациялық бақылаудан немесе ультрадыбыстық дефектоскопиядан өтеді.

48. Қабырғасының қалындығы әр түрлі ыдыстар элементтерінің жапсырла дәнекерленген қосылыстарында ең қалың элементтің жиектерінің біртіндеп жұқаруы жолымен бір элементтен екіншісіне бірқалыпты ауысу қамъамасыз етіледі. Ауысу беті еңісінің бұрышы  $20^0$  аспайды. Егер жалғанатын элементтер қалындығындағы айырмашылық жұқа элемент қалындығының 30% аспайтынын құраса және 5 мм жоғары болмаса, дәнекерлеу тігістерін қалың элементті алдын ала жұқартусыз қолдануға болады. Тігістер пішіні қалың элементтен жұқасына бір қалыпты ауысады қамтамасыз етеді.

49. Құйылған бөлшектің номиналды есептелген қалындығы құбырдан, прокаттан немесе шындалғыдан жасалған элемент қабырғасының ұқсас есептелген қалындығынан 25-40 % жоғары болатындығын, ескеріп, құбырдан, прокаттан немесе шындалғыдан жасалған бөлшектермен құйылған бөлшектің жапсары кезінде қалың элементтен жұқасына ауысу құйылған бөлшек шетінің қалындығы номиналды есептелген өлшемнен кем болмайтындей орындалады.

##### **5-параграф. Үйдіс қабырғаларында саңылаулардың орналасуы**

50. Люктер, кішкене люктер және жалғактар үшін саңылау дәнекерленген тігістерден тыс орналасады. Саңылаулардың орналасуына жол беріледі:

- егер саңылау диаметрі 150 мм аспаса, ыдыстардың цилиндр және конус тәрізді шентемірлердің бойлай тігістерінде;

- саңылау диаметрін шектеусіз ыдыстардың цилиндр және конус тәрізді шентемірлердің дөңгелек тігістерінде;

- дәнекерлеу тігістерін радиациялық әдіспен немесе ультрадыбыстық дефектоскопиямен 100% тексеру жағдайында саңылау диаметрін шектеусіз шынығы түптер тігістерінде.

51. Жалғақтар мен люктердің дәнекерленген тігістері толық балқытумен орындалады.

52. Торосфералық (қораптық) түперде саңылаулардың орталық сфералық сегмент шегінде орналасуына жол беріледі. Сонымен қатар хорда бойынша өлшенетін түп саңылауы жиегінен ара қашықтық 0,4 D (D – түптің сыртқы диаметрі) аспайды.

## 6-параграф. Материалдар

53. Ідистарды жөндеу үшін қолданылатын материалдар ыдыстың берілген пайдалану жағдайларын (есептік қысым, ең төменгі теріс және ең жоғары есептік температура), қоршаған ортаның құрамы мен сипатын (коррозиялық белсенелік, жарылыс қаупі, уыттылығы және басқалар) және қоршаған ауа температурасының әсерін ескере отырып, есептік қызмет мерзімі ішінде жұмысын қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Ідистарды, цистерналар мен бөшкелерді жөндеу үшін осы Қағидаларға 13-14-қосымшаларында көрсетілген материалдар, ал баллондарды жөндеу үшін осы Қағидаларға 14-қосымшаның 7-кестесінде көрсетілген материалдар қолданылады.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**55. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**56. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Ашық аланда немесе жылдытылмайтын жайларда орнатуға арналған ыдыстар үшін материалдарды таңдау кезінде ыдыс қабырғасының абсолютті минималды температурасы ыдыс қысыммен тұрған кезде қоршаған ауаға кері әсерін тигізуі мүмкін, бұл факт ыдыс беріктігіне есептерде көрсетілуі керек.

**58. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

59. Нақты таңбалы, қосынды және қорғаныс газдарының үстеме материалдарын пайдалану осы ыдыстарды дайындауға техникалық талаптарға және дәнекерлеу бойынша нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

60. Жаңа үстеме материалдарды, қосындыларды және қорғаныс газдарын қолдану ыдыстарды пісіру, дәнекерлеу қосылыстарының талап етілетін қасиеттерінің (тігіс

металы қасиеттерін қоса алғанда) барлық кешенін тексеру олардың технологиялығын дәлелдегеннен кейін ұйымның техникалық басшысымен жіберіледі.

61. Материалдар мен жартылай өнімдердің сапасы, қасиеті сәйкес стандарттардың талаптарын қанағаттандырады және дайындаушы сертификаттарымен расталады.

62. Сертификатта жартылай өнімді дайындаушиның термоөндөу режимі көрсетіледі . Сертификат немесе таңбалау болмаған немесе толық емес кезінде нәтижелерін материалды дайындаушы сертификатын толықтыратын немесе алмастыратын хаттамада ресімдеумен сынақ жүргізіледі.

63. 10 МПа (100 кгс /см<sup>2</sup>) жоғары қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды жөндеуге арналған қалындығы 60 мм-ден асатын көміртекті және төмен легирленген табақты болат ультрадыбыстық немесе басқа да тең дефектоскопия әдісімен табақ бойынша бақылауға алынады.

**Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

64. 4 МПа (40 кгс/см<sup>2</sup>) жоғары қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды жөндеуге арналған қалындығы 25 мм-ден асатын биметалдық табақтар ультрадыбыстық дефектоскопиямен немесе басқа да баламалы әдіспен табақ бойынша бақылауға алынады.

**Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

65. Ыдыстарды жөндеу үшін қолданылатын бойлық немесе спираль тігісі бар электрлі дәнекерлеу құбырлары радиациялық, ультрадыбыстық немесе оларға тең басқа да дефектоскопияның бүкіл ұзындығы бойынша дәнекерлеу сапасын бақылауға жатады

**Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

66. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. 6,3 МПа (63 кгс/см<sup>2</sup>) жоғары болатын қысымда жұмыс істейтін ыдыстарды дайындауға арналған және көлем өлшемдерінің бірі 200 мм асатын және қалындығы 50 мм асатын көміртекті, төмен қосындыланған және қосындыланған болаттардан жасалған шындалғылар ультрадыбыстық немесе оған тең болатын басқа әдіспен даналап бақылаудан өткізіледі.

68. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Болат құйындылар термоөндөлген күйде қолданылады. Құйындылардың механикалық қасиеттерін тексеру термоөндөуден кейін жүргізіледі.

70. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 7-параграф. Дәнекерлеу

74. Ыдыстар және олардың элементтерін дәнекерлеу техникалық талаптарға және жобаларға сәйкес жүргізіледі.

75. Жобалық-құрылымдық құжаттама металды дәнекерлеу, үстеме материалдарды қолдану технологиясы, бақылау түрлері және көлемі, алдын ала термиялық өндөу бойынша нұсқауларды қамтиды.

76. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Пісіруші сынау жапсары сапасын бақылау және механикалық өндөудің оң нәтижелері кезінде өндірістік жапсарларды орындауға жіберіледі.

78. Дәнекерлеу алдында жалғанатын элементтерді жинау сапасы, жапсарласқан жиектердің және оларға іргелес беттердің жағдайы тексеріледі. Жинау кезінде жиектерді соғу тәсілімен немесе жергілікті қыздырумен қыстырып келтіруге болмайды.

79. Тұтқыштар аталған ыдысты дәнекерлеуге техникалық құжаттамада қарастырылған үстеме материалдарын қолданумен орындалады. Тұтқыштар дәнекерлеу жұмыстарын бұдан әрі жалғастыру кезінде жойылады немесе негізгі тігіспен балқытылады.

80. Уақытша бекіткіштерді пісіру және оларды негізгі өнімді пісіруден кейін жою өнім металында жарыулардың және шынықкан бөліктердің пайда болуын болдырмайтын технология бойынша жүргізіледі.

81. Барлық дәнекерлеу жұмыстары жабық жайларда оң температуралар кезінде жүргізіледі.

82. Монтаждау алаңдарында монтаждау, жинау кезінде, жайдан тыс пайдаланылатын ыдыстарды жөндеу кезінде дәнекерлеуді қоршаған ауаның кері температурасы кезінде жүргізуге болады. Сонымен қатар пісіруші, пісіру орны жел мен атмосфералық жауын-шашынның тікелей әсерінен қорғалады. Қоршаған ауа температурасы  $0^{\circ}\text{C}$ -тен төмен болған кезде дәнекерлеу жобалық-құрылымдың өкжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

83. Барлық дәнекерленген тігістер таңбаланады, бұл осы тігістерді орындаған пісірушіні анықтауға мүмкіндік береді.

84. Таңба дәнекерленген тігіс жиегінен сыртқы жағынан 20-50 мм ара қашықтықта салынады. Егер де тігіс ішкі және сыртқы жағынан әр түрлі пісірушілермен пісірілсе, таңбалар сыртқы жағынан бөлшек арқылы: алымда – тігістің сыртқы жағынан пісіруші таңбасы, бөлімде – ішкі жағынан пісіруші таңбасы. Егер де дәнекерленген қосылыстар бір пісірушімен орындалған болса, онда пісіруші таңбасын тақта жанынан немесе басқа ашық бөлікте қоюға болады. Бойлай тігістерде таңба тігіс басында немесе аяғында сақиналы тігістен 100 мм ара қашықтықта орналасады. Ұзындығы 400 мм кем бойлай тігісі бар шентемірде бір таңба қою керек. Айналмалы тігіс үшін таңба айналмалы тігістің бойлаймен қызылысу орнында және кейін әрбір 2 м сайын қағылады, алайда сонымен бірге әрбір тігісте кемінде екі таңба басылады. Таңбалар сыртқы жағынан басылады қабырғасының қалындығы кемінде 4 мм бойлай және айналма тігістерді таңбалауды электрографпен немесе жуылмайтын бояумен жүргізуге болады.

## 8-параграф. Термиялық өндөу

85. Термиялық өндөуден дайындау барысында (жаншып қақтау, қалыптау, дәнекерлеу кезінде және т.б.) қабырғаларында кернеу пайда болуы мүмкін ыдыстар, беріктігі термоөндөумен жеткізілетін ыдыстар өтеді.

86. Дәнекерлеу, қалыптау немесе жаншып қақатауда қолданумен дайындалған көміртекті, нашар қосындыланған марганецті болаттардан ыдыс және оның элементтері термөндеделеді, егер:

1) дәнекерленген қосылыс орнында түптің, ернемектің немесе келте құбырдың цилиндр немесе конус тәрізді элементі қабырғаларының қалындығы көміртекті болаттар үшін 36 мм астам және нашар қосындыланған марганецті, марганецті-кремнийлі болаттар үшін 30 мм астам;

2) жаншып қақтаумен (қалыптаумен) табақ болаттан дайындалған ыдыстың (келте құбырдың) цилиндр немесе конус тәрізді элементтерінің қабырғаларының номиналды қалындығы формула бойынша есептелген өлшемнен жоғары болады:

$$S = 0,009 (D + 1200);$$

мұнда D-минималды ішкі диаметр, мм;

3) олар коррозиялық жарылуды туындалатын орталарда пайдалану үшін арналған;

Ідис жобаланған орта әсерінен металдың коррозиялық бұзылу себептері мен жағдайлары паспортта көрінеді.

4) түптер қалындығына тәуелсіз салқын қалыптаумен немесе салқын тармақтаумен дайындалады;

5) түптер және басқа элементтер  $700^{\circ}\text{C}$  төмен соңы қалыптау (жаншып қақатау) температурасы кезінде қалыпталады (жаншып қақталады);

87. Нашар қосындыланған хроммолибден, хроммолибденванадий болаттардан, мартенсит тобындағы болаттардан және осы типті және топтағы болаттардан негізгі қабатпен екі қабатты болаттардан, дәнекерлеуді қолданумен дайындалған ыдис және оның элементтері қабырғасының диаметрі мен қалындығына тәуелсіз термиялық өндөледі.

88. Аустенит тобындағы болаттардан және негізгі қабаты көміртекті және нашар қосындыланған марганецті және марганецті-кремнийлі түріндегі болаттардан, аустенитті топтағы болаттардан коррозиялық төзімді қабатымен екі қабатты болаттардан ыдыстарды және олардың элементтерін термиялық өндеу режимі жобалық-құрылымдық құжаттамада белгіленеді.

89. Соңғы түйістіретін тігісті кейіннен жергілікті термоөндеумен бөліктер бойынша жабдықты термиялық өндеуге болады.

90. Коррозиялық жарылуға төзімділігі бойынша талаптар болған кезде ыдысты жергілікті термиялық өндеуді қолдану қажеттілігі аттестатталған ұйымның келісімі бойынша белгіленеді.

**Ескерту. 90-тармақ жана редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**91. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **9-параграф. Дәнекерленген қосылыстарды бақылау**

92. Ідисстарды және олардың элементтерін дәнекерлеуді жүргізетін ұйым дәнекерленген қосылыстар сапасын бақылауды жүзеге асырады.

93. Дәнекерлі жалғауларды бақылаудың әдістері мен көлемдерін белгілеу үшін осы Қафидалардың З-қосымшасы сәйкес есептік қысымға, қабырғаның температурасы мен ортаның сипатына байланысты ыдыстардың тобы анықталады. Егер кестеде көрсетілген өлшемдердің қысым мен температура бойынша өлшемдер үйлесімділігі болмаса, топты анықтау үшін максималды өлшемді басшылыққа алу қажет.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

94. Қабырғаның температурасы жылутехникалық есептің немесе өлшеулер нәтижелерінің негізінде анықталады, ал бұл деректер болмаған кезде ыдыстың қабырғасына жанасатын ортаға тең температура алынады.

95. Дәнекерленген қосылыстар сапасын бақылау келесі әдістермен жүргізіледі:

- 1) сыртқы қарау және өлшеу;
- 2) ультрадыбыстық дефектоскопия;
- 3) радиография (рентген-гаммаграфиялық және т.б.);
- 4) радиоскопия;
- 5) механикалық сынақтар;
- 6) металлографиялық зерттеу;
- 7) кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділігін сынау;
- 8) гидравликалық сынақтар;
- 9) пневматикалық сынақтар;

10) басқа да әдістер (магнитография, тұсті дефектоскопия, стилоскоптау, қаттылығын өлшеу, металл тігісінде феррит фазасының құрамын анықтау, акустикалық эмиссия, т.б.), егер де бұлар нормативтік-техникалық құжаттамада қарастырылса.

96. Термоөндөуден өтетін ыдыстардың дәнекерленген қосылыстары сапасын соңғы бақылау термиялық өндеуді өткізгеннен кейін жүргізіледі.

97. Үйдістардың негізгі элементтерінің дәнекерленген қосылыстарын бақылау туралы мәліметтер ыдыс паспортына енгізіледі.

## **10-параграф. Сыртқы қарау және өлшеу**

98. Сыртқы қарау және өлшеуге оларда мынадай ақауларды анықтау мақсатында ыдыстардың барлық дәнекерленген қосылыстары жатады:

- 1) барлық түрдегі және бағыттардағы жарылулар;
- 2) жіктің сыртқы бетіндегі тесіктер мен саңылаулар;
- 3) кесілген жерлер;
- 4) қаспақтар, күйгендер, балқымай қалған шұңқырлар;
- 5) дәнекерленетін элементтердің нормалардан жоғары жиектерінің орнынан жылжуы және қисаюы;
- 6) жалғанатын элементтердің түзу болмауы;

7) жіктердің пішіндері және өлшемдерінің техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі.

99. Дәнекерлі жіктің беті және оған жапсарлас ені 20 мм кем болмайтын негізгі металдың орындарын сыртқы қарау алдында жіктің екі жағынан да күйіктен және басқа да ластанудан қорғалады.

100. Дәнекерленген жалғауларды қарап тексеру және өлшеу жіктердің барлық ұзына бойымен сыртқы және ішкі жақтарынан жүргізіледі. Дәнекерленген жалғауларды екі жағынан қарап тексеру мен өлшеу мүмкін болмаған жағдайда оны бақылауды жобалық-құрылымдық құжаттамада көзделген тәртіпте жүргізеді.

## **11-параграф. Ультрадыбыстық дефектоскопия және дәнекерленген қосылыстарды радиациялық бақылау**

101. Ультрадыбыстық дефектоскопия және радиациялық бақылауды дәнекерленген ішкі ақауларды анықтау мақсатында жүргізеді.

102. Бақылау әдісі (ультрадыбыстық дефектоскопия, радиографиялық бақылау, екі әдіс бірге) металдың физикалық қасиеттері ерекшелігін, аталған бақылау әдісінің дәнекерленген қосылыстың нақты түрі үшін игерілгендейдігін есепке ала отырып, жіберілмейтін ақауларды айтартылтай толық және дәл анықтауды қамтамасыз ету мүмкіндігінен шыға отырып таңдалады.

103. Ультрадыбыстық дефектоскопиямен, түйіспелі, бұрыштық радиациялық әдіспен бақылау көлемі, ыдыстар мен олардың элементтерінің (түп, ернемектер, штуцерлер, люктер, ернемектер және басқалар) таңбалы және басқа да дәнекерленетін қосылыстары, люктер мен штуцерлердің ыдыс корпусымен қосылыстарын қоса алғанда, осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келеді.

**Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

104. Бекіту шеттерін пісіру тігістері сыртқы және ішкі тігістің барлық ұзындығы бойынша бақыланады. Бақылаудың көрсетілген көлемі әрбір дәнекерленген жалғауға қатысты. Дәнекерленген жалғаулардың қылышқан жерлері міндетті түрде ультрадыбыстық дефектоскопиямен немесе радиациялық әдіспен бақыланады.

105. Тез алынатын қақпақтармен жабдықталған ыдыстардың дәнекерленген жалғаулары 100% көлемде ультрадыбыстық дефектоскопиямен немесе радиациялық әдіспен бақыланады.

106. З және 4 топтағы ыдыстар үшін ультрадыбыстық немесе радиациялық бақылау орындары дәнекерлеу жұмыстары аяқталғаннан кейін дайындаушы ұйымның техникалық бақылау бөлімімен сырттай қарап тексерудің нәтижелері бойынша белгіленеді, ыдыстың паспортында сәйкесті жазу енгізіледі.

107. Сәйкесінше орында бақылаудың алдында дәнекерленген жалғаулар олар бақылау карталары мен радиографиялық суреттерде оңай байқалатындей тәсілмен таңбаланады.

108. Ультрадыбыстық дефектоскопия немесе радиациялық әдіспен тексеруден өтетін дәнекерленген қосылыстарда жол берілмейтін ақаулар 100% кем көлемде анықталған кезде міндettі бақылаудан сол әдіспен бұл өнімнің бір типті тігістері де өтеді.

109. Ультрадыбыстық дефектоскопияны, жекелеген дәнекерлеу қосылыстарының қол жетімсіздігінен радиациялық бақылауды жүзеге асыру мүмкін болмаған кезде және бақылаудың осы әдістері (атап айтқанда, штуцерлер мен ішкі диаметрі 100 мм-ден кем құбырлардың дәнекерлеу жіктері) тиімсіз болған кезде осы дәнекерлеу қосылыстарының сапасын бақылауды аттестатталған ұйым жүргізеді.

**Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

110. Жапсарлы дәнекерленген қосылыстарды ультрадыбыстық дефектоскопия және радиациялық бақылау жобалық-құрылымдық құжаттама негізденген кезде бұзылмайтын бақылаудың басқа тиімді әдістерімен ауыстырылады.

## **12-параграф. Бақылау дәнекерлеу қосылыстары**

111. Механикалық қасиеттерді бақылау, кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділікке сынақ және дәнекерленген қосылыстарды металлографиялық зерттеу бақылау дәнекерлеу қосылыстарынан дайындалған үлгілерде жүргізіледі.

112. Бақылау дәнекерлеу қосылыстары бақыланатын өндірістік дәнекерлеу қосылыстарына ұқсас орындалады (болат таңбасы, табақ қалындығы немесе құбыр өлшемдері, жиектерді бөлу формасы, дәнекерлеу әдісі, дәнекерлеу материалдары, тігіс күйі, жылдыту режимдері және температурасы, термоөндөу бойынша) және бақыланатын өндірістік қосылыспен бірге сол дәнекерлеу жабдығында және сол пісірушімен орындалады.

113. Механикалық қасиеттерін тексеруге, кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділікке сынау және металлографиялық зерттеуді жүргізуге арналған бақылау қосылыстарын (тілмелерді) дәнекерлеу кезінде тілімдер дәнекерленетін элементтерге бақылау тілімінің тігісі дәнекерленетін өнім тігісінің жалғасы болатындей бекітіледі.

114. Тілімдерді бекіту мүмкін емес ыдыстар элементтерінің қосылыстарын тексеру үшін бақылау тілімдерін пісіру олардан жеке, алайда бақыланатын жапсарлы қосылыстарды пісірудің барлық жағдайларын міндettі түрде сактаумен жүргізіледі.

115. Автоматты (механикаландырылған) дәнекерлеу кезінде әр жабдыққа бір бақылау қосылысы дәнекерленеді. Жабдықты бірнеше пісірушілермен қолмен пісіру кезінде олардың әрбіреуі әр жабдыққа бір бақылау қосылыс бойынша пісіреді. Егер

жұмыс ауысымы ішінде бір технологиялық процесс бойынша біртіпті жабдықтар топтамасы дәнекерленетін болса, аталған ауысымда дәнекерленген барлық топтамаға бір бақылау қосылысын орындауға болады.

116. Жапсарлы тігістері бар құбырлы элементтерде дәнекерленген қосылыстар сапасын бақылау кезінде соңғыларды дәнекерлеумен бірге сол өндірістік жағдайларда қосылыстың механикалық қасиеттерін сынауды жүргізу үшін бақылау жіктері дайындалады. Бақылау жіктерінің саны әр дәнекерлеушімен пісірілген біртіпті жіктердің жалпы санынан 1 % құрайды, алайда кемінде әр дәнекерлеушіге бір жік.

117. Бақылау қосылыстарын пісіру барлық жағдайларда жабдыққа бақыланатын дәнекерлеу қосылыстарын орындаған пісірушілермен жүзеге асырылады.

118. Бақылау қосылыстарының өлшемдері олардан механикалық сынау, кристалл аралық коррозияға қарсы тәзімділігін сынау, металлографиялық сынау, қайталап сынау үшін барлық қарастырылған түрлердің қажетті үлгілер санын кесіп алу үшін жеткілікті болатындей дайындалады.

119. Бақылау бұрыштық және таңбаланған қосылыстардан үлгілер (тілімдер) металлографиялық зерттеу үшін ғана кесіп алынады.

120. Бақылау дәнекерлеу қосылыстары барлық ұзындығы бойынша ультрадыбыстық дефектоскопиядан немесе радиациялық бақылаудан өтеді. Егер де бақыланатын қосылыста жол берілмейтін ақаулар анықталған болса, аталған қосылыспен берілген және бұған дейін дефектоскопиядан өтпеген барлық өндірістік дәнекерлеу қосылыстары барлық ұзындығы бойынша бақылаудың бұзылмайтын әдісімен тексеріледі.

### **13-параграф. Механикалық сынау**

121. Механикалық сынақтан механикалық қасиеттерінің осы Қағидалар талаптарына және дайындауға техникалық шарттарға сәйкестігіне тексеру мақсатында бақылау жапсарлы дәнекерлеу қосылыстары өтеді.

122. Механикалық сынаудың міндетті түрлері осы қағидалардың 1-қосымшасындағы 5-кестеде келтірілген.

1) берілген барлық топ жабдықтары үшін статикалық созылуға;  
2) статикалық бұғілу немесе майысуға – барлық топтағы жабдықтар үшін;  
3) осы Қағидаларға 15-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген 5 МПа (50 кгс/см<sup>2</sup>) астам қысым немесе 450 <sup>0</sup>С жоғары температура кезінде жұмыс істеуге арналған ыдыстар және болатты дәнекерлеу кезінде қыздыруға бейім, дәнекерлеу кезінде қыздыруға бейім болаттан жасалған ыдыстар үшін соққы майыстыруға.

4) соғу бұғілуге - минус 20<sup>0</sup>C төмен температура кезінде жұмыс істеуге арналған 1, 2, 3 топтағы ыдыстар үшін.

**Ескерту. 122-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

123. Дәнекерленген қосылыстарды соғу бүгуге сынау  $20^0\text{C}$  температура кезінде, жұмыс температуrasы кезінде қабырғасының қалындығы 12 мм және астам ыдыстар және олардың элементтері үшін жүргізіледі.

124. Эр бақылау дәнекерлеу қосылыстарынан кесіліп алынады:

- 1) статикалық созылуға сынау үшін екі үлгі;
- 2) статикалық бүгілуге сынау үшін екі үлгі;
- 3) соғу бүгілуге сынау үшін үш үлгі.

125. Құбырлардың шартты өтуі 100 мм кем және қабырғасының қалындығы 12 мм кем ыдыстың құбырлы элементтерінің бақылау жапсарларын статикалық бүгілуге сынауды майысуға сынаумен ауыстыруға болады.

126.  $20^0\text{C}$  температура кезінде дәнекерленген тігістер металының ажырауына уақытша кедергіні негізгі металға нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген мәнге сәйкес келеді.

127. Болат дәнекерленген қосылыстарды статикалық бүгілуге сынау кезінде алынған көрсеткіштер осы Қафиданың 5-қосымшасында көрсетілгеннен төмен болмауы тиіс.

**Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

128. Дәнекерленген жалғауларды соққылы майысуына сынау, егер кесетін орны дайындау жобалық-құрылымдық құжаттамада арнайы ескерілмеген болса, оны ашатын жағынан жігінің ортасы бойынша кесу арқылы үлгілерге жүргізіледі.

129. Болат дәнекерленген қосылыстардың соққы тұтқырлығының мәні осы Қафидаларға 6-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келуі тиіс.

**Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

130. Құбырлардың дәнекерленген жалғауларын қабысуына сынаған кезде сынау көрсеткіштері осы сұрыптағы және сол материалдан жасалған құбырлар үшін сәйкесінше минималды жол берілетін көрсеткіштерден төмен болмайды.

131. Ұзына бойының жіктері дәнекерленген құбырлардың үлгілерін қабысуына сынаған кезде, ол қабырғаларының жақындау бағытына перпендикуляр жазықта орналасады.

132. Дәнекерленген жалғаулардың механикалық қасиеттерінің көрсеткіштері жекелеген үлгілерді сынаудың ортаса арифметикалық мәні ретінде анықталады. Егер

созылуына, тұрақты майысуына немесе қабысуына сынаған кезде үлгілерінің бірі, белгіленген нормалардан 10% асатын айырмашылықтағы нәтижені көрсетсе, сынақтардың жалпы нәтижесі қанағаттанғысыз болып саналады. Соққылы майысуын сынаған кезде, егер үлгілерінің бірі 8-кестеде көрсетілгеннен төмен нәтижені көрсетсе, нәтижелер қанағаттанғысыз болып саналады. Сынау температурасы минус  $40^{\circ}\text{C}$  төмен болған кезде бір үлгіде КСУ соққылы жабысқақтығын  $25 \text{ Дж}/\text{см}^2$  Джоуль шаршы сантиметр (бұдан әрі –  $\text{Дж}/\text{см}^2$ ), дейін немесе КСВ  $20 \text{ Дж}/\text{см}^2$  дейін ( $2 \text{ кгс}\cdot\text{м}/\text{см}^2$ ) азайтуға рұқсат беріледі.

133. Механикалық сынақтар түрлерінің бірі бойынша қанағаттанғысыз нәтижелер алынған кезінде сынаудың осы түрі осы бақылау түйіскен жерден кесіп алынатын үлгілердің екі еселенген санына қайталанады. Көрсетілген түйіскен жерлерден үлгілерді кесіп алу мүмкін болмаған жағдайда қайталама механикалық сынақтары осы дәнекерлеушімен орындалған, бақыланатын өнімнен кесіп алынған өндірістік түйіскен жерлерде жүргізіледі. Егер қайталама сынауда үлгілердің біреуінен белгіленген нормаларды қанағаттандырмайтын көрсеткіштер алынса, дәнекерленген жалғаулар жарамсыз деп танылады.

#### **14-параграф. Металлографиялық зерттеу**

134. Ыстыгар мен олардың элементтерінің беріктігін анықтайтын дәнекерленген бақылау жалғаулары металлографиялық тексеруден өткізіледі, олар:

1) қысым  $5 \text{ МПа}$  артық болған кезде ( $50 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) немесе температура  $450^{\circ}\text{C}$  жоғары болғанда немесе қысымға қарамастан температура минус  $40^{\circ}\text{C}$  төмен болған кезде жұмыс жасауға арналған;

2) дәнекерлеу кезінде астарлануға бейім қоспаланған болаттан, екі қабатты болаттан, ыстық жарылған жерлерінің пайда болуына бейім болаттан жасалғандар. Ыстық жарылған жерлерінің пайда болуына бейім болаттар жобалық-құрылымдық құжаттамада белгіленеді.

135. Аустенитті топтағы болаттардан дайындалған, қалыңдығы  $20 \text{ мм}$  дейін болатын ыдыстар мен олардың элементтері үшін металлографиялық тексеруді жүргізуға рұқсат беріледі.

136. Дәнекерленген жалғаулардың металлографиялық тексеруге арналған үлгілеріне жіктің барлық қиылысқан жерлері, дәнекерлеудің термиялық әсерінің екі жағы да, оған жапсарлас негізгі металдың орындары, сондай-ақ, егер дәнекерлеу кезінде қолданылған және алынбаған болса, салмалы сақина жатады.

137. Қабырғасының қалыңдығы  $25 \text{ мм}$  және одан көп болатын элементтердің дәнекерленген жалғауларының металлографиялық тексеруге арналған үлгілеріне тек

жалғаудың қылышынан бөлігі ғана жатады. Және балқыту сзығынан үлгінің шетіне дейінгі қашықтық 12 мм кем болмайды, ал бақыланатын қылышу алаңы-25x25 мм қурайды.

138. Құбырлы элементтердің таңбаланған және бұрыштық дәнекерлеу қосылыстарын зерттеу үшін үлгілерді дайындау кезінде бақылау қосылыстары құбыр (жалғақ) осі бойымен кесіледі.

139. Металлографиялық зерттеудің қанағаттанарлықсыз нәтижелерін алған кезде сол бақылау қосылысынан кесіп алынған екі үлгіде қайталап синақ жүргізуге болады. Қайталап металлографиялық зерттеулер кезінде қанағаттанарлықсыз нәтижелер алған жағдайда тігістер қанағаттанарлықсыз болып есептеледі.

140. Егер ультрадыбыстық дефектоскопиямен немесе радиациялық әдіспен тексерілген және жарамды деп танылған дәнекерленген бақылау жалғауын металлографиялық зерттеген кезде, бұзбайтын бақылау әдісімен байқалмаған жол беруге болмайтын ішкі ақаулар анықталса, осы дефектоскопистшінің бақыланған барлық өндірістік дәнекерленген жалғаулар осы дефектоскопия әдісімен 100 % тексеруден өткізіледі. Және де барлық өндірістік түйіскен жерлердің сапасын жаңадан бақылауды басқа, неғұрлым тәжірибелі және білікті дефектоскопист жүзеге асырады.

#### **15-параграф. Кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділігін синау**

141. Аустенитті, ферритті, аустенитті-феррит тобындағы болаттардан және аустенитті және ферритті болаттардың коррозияға төзімді қабаты арқылы екі қабатты болаттан дайындалған ыдыстар мен олардың элементтерінің дәнекерленген жалғауларына кристалл аралық коррозияға төзімділігін синау жүргізіледі.

142. Кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділігін синау нәтижелері ыдыс паспортына жазылады.

#### **16-параграф. Гидравликалық синау**

143. Барлық ыдыстар дайындалғаннан кейін гидравликалық синақтан өткізіледі.

144. Қорғаныш жабындысы (эмальдалған, футуровка) немесе оңашалағышы бар ыдыстар жабынды немесе оңашалауды салғанға дейін гидравликалық синақтан өткізіледі.

145. Сыртқы қабығы бар ыдыстар қабығын орнатқанға дейін гидравликалық синақтан өткізіледі.

146. Құйылған ыдыстардан басқа, ыдыстарды гидравликалық синау формула бойынша анықталатын сынама қысыммен жүргізіледі:

$$P_{np} = 1,25P \frac{[\sigma]_{20}}{[\sigma]_t},$$

мұнда Р-ыдыстың есептік қысымы, МПа ( $\text{kgf}/\text{cm}^2$ )

$$[\sigma]_{20}, [\sigma]_t$$

ыдыстың немесе оның элементтерінің материалы үшін рұқсат берілген қысым сәйкесінше  $20^{\circ}\text{C}$  және есептік температура кезінде, МПа ( $\text{kgf}/\text{cm}^2$ ).

$$\frac{[\sigma]_2}{[\sigma]_t}$$

қатынасы ол ең кіші болып табылатын ыдыс элементтерінің (түптері, пісірілген бөліктері, бекіткіші, патрубкалар және басқасы) пайдаланылған материалдары бойынша қабылданады.

147. Құймадан дайындалған бөліктерді гидравликалық сынау формула бойынша анықталатын сынама қысыммен жүргізіледі:

$$P_{np} = 1,5 P \frac{[\sigma]_{20}}{[\sigma]_t}.$$

148. Криогенді ыдыстарды гидравликалық сынау оңашалаушы кеңістікте вакуум болған кезде формула бойынша анықталатын сынама қысыммен жүргізіледі:

$$P_{pr} = 1,25 P 0,1, \text{ МПа (}1,25 P 1, \text{ kgf/cm}^2\text{)}.$$

149. Тігінен орнатылатын ыдыстарды гидравликалық сынауды ыдыстыңкорпусы берік болуын қамтамасыз еткен жағдайда көлденең қалпында жүргізуге рұқсат беріледі, бұл үшін беріктігінің есебі жобалық-құрылымдық құжаттамаға сәйкес орындалады.Сынама қысымды ыдысты пайдалану үдерісінде оған әсер ететін гидротұрақты қысымды ескере отырып қабылдайды.

150. Әртүрлі қысымдарға есептелген, екі және одан да көп жұмыстық жолақтары бар аралас ыдыстарда әрбір жолағы, жолақтың есептік қысымына байланысты анықталатын сынама қысымменгидравликалық сынақтан өткізіледі.Сынақты өткізу тәртібі техникалық жобада келісіледі және дайындаушының ыдысты монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулығында көрсетілуі тиіс.

151. Ідысты сумен толтырған кезде ауасы толығымен шығарылады.

152. Ідыстарды гидравликалық сынауүшін, егер жобалық-құрылымдық құжаттамадан басқа нұсқаулар болмаса, температурасы  $5^{\circ}\text{C}$  төмен және  $40^{\circ}\text{C}$  жоғары болмайтын су алынады.

153. Ідыстың қабырғасының және қоршаган ауа температураларының сынап кезіндегі айырмашылық ыдыс қабырғасының бетінде ылғалдың шоғырлануын тудырмайды.

154. Ыдыстың жобасын жобалық-құрылымдық құжаттама жасаушымен келісе отырып; судың орнына басқа сұйықтық пайдаланылады.

155. Сыналатын ыдыстағы қысымды біртіндеп арттырады. Қысымды көтерудің жылдамдығы монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетіледі.

156. Қысымды көтеру үшін сығылған ауаны немесе басқа газды пайдалануға рұқсат берілмейді.

157. Сынау кезінде қысым екі манометрмен бақыланады. Екі манометр дебір типте, бір өлшем шегінде, дәлдік топтары, бөлу бағамдары бірдей етіп таңдал алынады.

158. Сынама қысымда ыдысты ұсташа уақытын жобаны әзірлеуші белгілейді. Жобада көрсетілген мәліметтер болмаған жағдайда ұсташа уақыты осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес қабылданады.

**Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

159. Сынама қысымның астында ұстаганнан кейін қысым есептік қысымына дейін төмендейді, бұл кезде ыдыстың сыртқы бетіне, оның барлық алынатын және дәнекерлі жалғауларына қарап тексеруді жүргізеді.

160. Сыналатын ыдыстағы қысымды біртіндеп арттырады. Қысымды көтерудің жылдамдығы монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетіледі.

161. Сынақ уақытында корпустың қабырғасын, ыдыстың дәнекерлі және алынатын жалғауларын тықылдатып ұруға рұқсат берілмейді.

162. Егер келесілер анықталмаған болса, ыдыс гидравликалық сынаққа шыдаған болып саналады:

1) дәнекерлі жалғаулар мен негізгі металда ақсан, жарылған, тамған, терлеген жерлері;

2) алынатын жалғауларды ақсан жерлер;

3) көрінетін қалдық пішіні өзгеруі.

163. Сынақ кезінде ақаулары анықталған ыдыс және оның элементтері, оларды жойғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген сынама қысыммен қайта гидравликалық сынақтан өткізіледі.

164. Кәсіпорын-дайындаушымен өткізілетін гидравликалық сынақ арнайы сыналған қабырғада өткізілуі тиіс.

165. Акустикалық эмиссияның әдісімен келісілген басқа әдіспен бақылаған жағдайда гидравликалық сынақ пневматикалық сынақпен ауыстырылады.

166. Пневматикалық сынақ қажетті қауіпсіздік шараларын қарастыратын технологиялық регламенттер бойынша жүргізіледі.

167. Үйдісты пневматикалық сынау сығылған ауамен немесе инертті газбен жүргізіледі.

168. Сынау қысымының өлшемі сынау гидравликалық қысым өлшеміне тең қабылнады. Сынама қысыммен ыдысты ұстаса уақыты жобаны әзірлеушімен белгіленеді, алайда кемінде 5 мин болады.

Кейін сигналатын ыдыстағы қысым есептікке дейін түсіріледі және оның тігістері мен алмалы-салмалы қосылыстарын сабын езіндісімен немесе басқа тәсілмен бітеулілігін тексерумен ыдысты қаралады.

169. Сынама қысымның мәні және сынақтардың нәтижелері ыдыстың паспортына осы сынақтарды өткізген тұлғамен енгізіледі.

## **17-параграф. Дәнекерленген қосылыстар сапасын бағалау және ақауларды жою**

170. Үйдістар мен олардың элементтерінің дәнекерлі жалғауларында келесі ақауларға жол берілмейді:

1) жіктің металында, балқыту сзығы бойынша және негізгі металл жігі маңайының аймағында орналасқан барлық түрдегі және бағыттардағы жарылулар, сонымен бірге бақылау үлгісін шағын тексеру кезінде анықталатын шағын жарылулар;

2) жіктің негізінде немесе дәнекерлі жалғаудың қызылысуы бойынша (жіктің жекелеген білікшелері мен қабаттары арасында және негізгі металл мен жіктің металының арасында) орналасқан дәнекерлі жіктердегі піспей қалған (балқымаған) жерлер;

3) негізгі металдың өлшемі нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетілген рұқсат берілген мәндерден асатын кесілген жерлері, санылаулар, күйікті және басқа да қоспалар;

үйдістардың дәнекерленген жалғауларында жергілікті піспей қалған жерлерінің болуы мүмкіндігі НҚ ескеріледі;

4) қаспақтар (таңдақтар);

5) толық дәнекерленбеген шұңқырлар және күйген жерлер;

6) тесіктер;

7) жиектердің осы Қағидалармен көзделген нормалардан жоғары орнынан жылжуы.

171. Егер бақылаудың кез келген түрінде осы Қағидаларға 18-қосымшада белгіленген нормалар шегінен шығатын ішкі және сыртқы ақаулар табылса, дәнекерленген қосылыстардың сапасы қанағаттанарлықсыз болып саналады.

**Ескерту. 171-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

172. Жөндеу немесе монтаждау процесінде табылған ақаулар түзетілген участекелерді кейіннен бақылаумен жойылады. Ақауларды жою әдістері мен сапасы ыдыстың қажетті сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.

Ескерту. 172-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 18-параграф. Құжаттама және таңбалау

173. Әрбір ыдысты дайындаушы зауыт осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес паспортымен және монтаждау және жөндеу жөніндегі нұсқаулықпен бірге жеткізеді.

Ескерту. 173-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

174. Әрбір ыдыста МЕМСТ 12971 сәйкес орындалған "Машиналар мен құралдарға арналған тік бұрышты тақтайшалар" деген жазуы бар тақтайшалары бекітіледі.

Ескерту. 174-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Арматура, бақылау-өлшеу аспаптары, сақтандырғыш құрылғылар

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-параграф. Жалпы ережелер

175. Жұмысты басқару және пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету үшін ыдыстар тағайындалуына тәуелсіз мыналармен жарақталады:

- 1) бекіткіш немесе бекіткіш-реттейтін арматуралармен;
- 2) қысымды өлшеуге арналған аспаптармен;
- 3) температураны өлшеуге арналған аспаптармен;
- 4) сақтандырғыш құрылғылармен;
- 5) сұйықтық деңгейінің көрсеткіштерімен.

176. Тез алынатын қақпақтармен жабдықталған ыдыстарда қақпақ толық жабылмаған кезде ыдыстың қысымның астында қосылуына және ыдыста қысым болған кезде қақпақтың ашылуына жол бермейтін сақтандырғыш құрылғылары болады.

### 2-параграф. Бекіткіш немесе бекіткіш-реттейтін арматура

177. Бекіткіш және бекіткіш-реттейтін арматура ыдысқа тікелей жалғанған штуцерлерге немесе ыдысқа жұмыстық ортаны жеткізетін және одан әкететін

құбыржелілеріне орнатылады. Бірнеше ыдыстарды жүйелі түрде жалғаған жағдайда олардың арасына бұндай арматураны орнату жобалық-құрылымдық құжаттамада анықталады.

**178. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

179. Тығын арматурасының маховигінде арматураны ашқан немесе жабу кезіндегі бағыты көрсетіледі.

180. МЕМСТ 12.1.007-76 "Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар жіктелуі және қауіпсіздіктің жалпы талаптары" от немесе газ жылытуы бар буландырғыштарда сорғыдан немесе компрессордан шығатын желіде ыдыстан автоматты түрде жабылатын кері клапан болуы керек. Кері клапан сорғы (компрессор) мен ыдыстың тиек арматурасы арасында орнатылады.

**Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

181. Шартты өткізгіштің 20 ммасатын, қоспаланған болаттан немесе түсті металдардан дайындалған арматураның химиялық құрамы, механикалық қасиеттері, термоөндеудің тәртіптері және бұзбайтын әдістермен дайындалу сапасын бақылаудың нәтижелері жөніндегі деректер көрсетілген белгіленген үлгідегі құжаты болады.

### **3-параграф. Манометрлер**

182. Жабдық және түрлі қысымы бар жеке дара қуыстар тікелей әрекет ететін манометрлермен жабдықталады. Манометр жабдық штуцерінде немесе ыдыс пен тығын арматурасының арасындағы құбыржелісінде орнатылады.

183. Манометрлер дәлдік тобы: 2,5 - жұмыс қысымы 2,5 МПа (25 кгс/см<sup>2</sup>) дейін; 1,5 - жұмыс қысымы 2,5 МПа астам;

184. Манометр шкаланың екінші үштен бірінде жұмыс қысымын өлшеу шамасы болатында етіп таңдалады.

**Ескерту. 184-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

185. Манометр шкаласына пайдалану жағдайларына сәйкес келетін жұмыс қысымының шамасын бөлу деңгейінде қызыл сызық салынады. Қызыл сызықтың орнына манометрдің корпусына қызыл түске боялған және манометрдің шынысына тығыз жапсырылатын металл пластина бекітіледі.

**Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

186. Манометр оның көрсеткіштері қызмет көрсетуші персоналға айқын көрінетіндей етіп орнатылады.

187. Оларды қадағалау алаңының деңгейінен 2 м биектікте орнатылатын манометрлердің корпусының номиналды диаметрі 100 мм кем емес, 2-ден 3 м дейінгі биектікте - кемінде 160 мм.

188. Манометрлерді алаң деңгейінен 3 м астам биектікте орнатуға болмайды.

189. Манометр мен жабдық арасына бақылаудың көмегімен манометрді мерзімді түрде тексеріп отыруға мүмкіндік беретін үш жүрісті кран немесе оны алмастыратын құрылғы орнатылады. Қажет болған жағдайларда жұмыстың жағдайына және ортаның қасиетіне байланысты жабдықта болатын манометр, оны ортаның және температураның тікелей әсерінен сақтайтын және оның сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін сифонды тұтікпен немесе майлыштың буфермен немесе басқа құрылғылармен жабдықталады.

190. 2,5 МПа (25 кгс/см<sup>2</sup>) жоғары қысыммен немесе 250<sup>0</sup>С жоғары қоршаған орта температурасында, жарылғыш атмосферасы бар немесе қауіптілігі 1 және 2-сыныптағы зиянды заттармен жұмыс істейтін ыдыстарда МЕМСТ 12.1.007-76 "Жүйе еңбек қауіпсіздігі стандарттары. Зиянды заттар. Классификация және қауіпсіздіктің жалпы талаптары" үш жақты клапанның орнына екінші манометрді қосу үшін өшіру құрылғысы бар бөлек арматура орнатылған.

**Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

191. Жылжымалы ыдыстарда үш жүрісті кранды орнату жобалық-құрылымдық құжаттаманы әзірлеушімен анықталады.

192. Манометрлер және оларды ыдыспен жалғайтын құбыржелілері мұздап қатудан қорғалады.

193. Манометрді келесі жағдайларда қолдануға рұқсат берілмейді:

- 1) тексеру таңбасы болмаса;
- 2) егер тексеру мерзімі өткен болса;

3) егер манометрдің тілі оны ажыратқан кезде манометр үшін жол берілетін ауытқудың жартысынан асатын шамага шкаланың нөлдік көрсеткішіне қайтадан оралмаса;

4) егер әйнек сынса немесе оның көрсеткіштерінің дұрыстығына әсер ететін зақымданулар болса.

**Ескерту. 193-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

194. Манометрлерді мөрлеу немесе таңбалау арқылы тексеру 12 айда бір реттен кем болмайтындей етіп жүргізіледі. Сонымен бірге, ыдыстың иесімен 6 айда бір реттен кем болмайтындей етіп бақылау манометрімен жұмыс манометрлерін қосымша тексеру жүргізіліп нәтижелері бақылау тексерулерінің журналына жазылады. Бақылау манометрі болмаған кезде қосымша тексеруді тексерілетін манометрмен шкаласы және дәлдік тобы бірдей тексерілген жұмыс манометрімен жүргізуге рұқсат беріледі.

#### **4-параграф. Температураны өлшеу құралдары**

195. Қабырғалардың температурасы өзгерген кезде жұмыс істейтін ыдыстар ыдыстың ұзындығы мен биіктігі бойынша қыздыру жылдамдығы мен біркелкілігін бақылауға арналған құрылғылармен (термометрлармен, термопарлармен, пиromетрлармен, термопоинттармен, тепловизорлармен) және жылу ауысады бақылауға арналған реперлермен (нұсқағыштармен) жабдықталады.

**Ескерту. 195-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

196. Ыдыстарды оның ұзындығы мен биіктігі бойынша қыздыру жылдамдығы мен біркелкілігін бақылауға арналған аспаптармен жарақтандыру қажеттілігін дайындаушы айқындайды және паспорттарда, ыдыстарды монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетіледі.

**Ескерту. 196-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **5-параграф. Қысымның жоғарылауынан сақтандыру құрылғылары**

197. Эр ыдыс қысымның рұқсат берілген мәннен жоғары артуынан сақтандыратын құрылғылармен жабдықталады.

198. Сақтандыру құрылғылары ретінде мыналар қолданылады:

- 1) серіппелі сақтандырғыш клапандар;
- 2) рычагты-жүк сақтандырғыш клапандары;

3) импульсты сақтандырғыш құрылғылар (бұдан әрі-ИСК), тіке әсер ететін басты сақтандырғыш клапаннан (бұдан әрі-БСК) және басқарушы импульсты клапаннан (бұдан әрі-БИК) тұрады;

4) бұзылатын мембраналары бар сақтандырғыш құрылғылар (мембраналы сақтандырғыш құрылғылар (бұдан әрі-МСК);

5) Орнатар алдында сақтандыру клапандарын баптау және реттеу ұым бойынша бұйрықпен тағайындалған тұлғамен стендерде жүргізіледі. Есепке алу журналына жүргілген реттеу нәтижелері жазылады.

199. Жылжымалы ыдыстарда рычагты-жүк клапандарын орнатуға рұқсат берілмейді.

200. Серіппелі клапанның құрылышы серіппенің белгіленген шамадан артық тартылу мүмкіндігіне жол бермейді, ал серіппе шамадан тыс қызудан (салқындаудан) және егер қоршаған орта серіппенің материалына теріс әсер ететін болса оның тікелей әсер етуінен қорғалған.

201. Серіппелі клапанның құрылышы оны жұмыс уақытында күшпен ашу жолымен клапанның жұмыстық қалпындағы қолданысының жарамдылығын тексеруге арналған құрылғыны қарастырады. Егер күшпен ашуды ортаның қасиеті бойынша (жарылыш қауіпті, жанғыш, бойынша қауіптіліктің 1-ші және 2-ші тобы) немесе технологиялық үдерістің шарттары бойынша қолдануға болмаса, сақтандырғыш клапандарды күшпен ашуға арналған аспапсыз орнатуға рұқсат беріледі. Бұл жағдайда клапандардың іске қосылуын тексеру стендтерде жүзеге асырылады. Бұл тексерудің кезеңділігі тексеру араларында клапандардың іске қосылу сенімділігін қамтамасыз етуден шыға отырып үйимның техникалық басшысымен белгіленеді.

202. Егер ыдыстың жұмыс қысымы қорек беретін көздің қысымына тең немесе артық болса және ыдыста қысымның химиялық реакциядан немесе қызудан арту мүмкіндігі болмаса, онда оған сақтандыру клапаны мен манометрді орнату міндетті емес.

203. Оны қоректендіретін көздің қысымынан кем қысымға есептелген ыдыстың жеткізетін құбыржелісінде редукциялайтын құрылғыдан кейін аз қысымның тарабына орнатылғанманометрі және сақтандыру құрылғысы бар автоматты редукциялайтын құрылғысы болады. Айналма желіні (байпасты) орнатқан жағдайда ол да редукциялайтын құрылғымен жабдықталады.

204. Бір қысымда жұмыс жасайтын ыдыстардың тобы үшін ыдыстардың біріне баратын алғашқы тармаққа дейін жалпы жеткізу құбыржелісінде манометрі және сақтандыру құрылғысы бар бір редукциялайтын құрылғыны орнатуға рұқсат беріледі. Бұл жағдайда, егер ыдыстарда қысымның арту мүмкіндігі болмаса, ыдыстардың өзіне сақтандыру құрылғыларын орнату міндетті емес.

205. Автоматты редукциялайтын құрылғы жұмыс ортасының физикалық қасиеттерінің салдарынан қысымның артуына жол беретін кезде шығынды реттегішті орнатуға рұқсат беріледі. Және де қысымның артуынан қорғану қарастырылады.

206. Сақтандырғыш клапандарының саны және олардың өткізу қабілеті "Құбыржолды арматура. Сақтандырғыш клапандар. Өткізгіштік қабілетті таңдау және есептеу" МЕМСТ 12.2.085-2017 сәйкес есеп бойынша таңдалады.

**Ескерту. 206-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

207. Сақтандыру клапанын дайындауши паспортпен және пайдалану бойынша нұсқаулықпен бірге жеткізеді.

208. Паспортта басқа мәліметтермен қатар клапанның жағылатын және жағылмайтын орталар үшін шығынының коэффициенті, сондай-ақ оның тиесілі алаңы көрсетіледі.

209. Әр сақтандыру мембранасының іске қосылу қысымы және пайдаланудың жіберілетін жұмыс қысымы көрсетілген зауыттық таңбасы болады.

210.Паспорт бір тұтынушыға жіберілетін бір типті мембраналардың барлық партиясына беріледі.

211. Сақтандыру клапандарын баптау және реттеу "Құбыржолды арматура. Сақтандырыш клапандар. Өткізгіштік қабілетті таңдау және есептеу" МЕМСТ 12.2.085-2017 сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 211-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

212. Сақтандыру құрылғылары келте құбырларға немесе ыдысқа тікелей қосылған құбыржелілеріне орнатылады. Сақтандыру құрылғыларының қосатын құбыржелілері жұмыс ортасында қатып қалудан қорғалады.

213. Бір келте құбырда (құбыржелісінде) бірнеше сақтандыру құрылғыларын орнатқан кезде, келте құбырдың (құбыржелісінің) кесе-көлденең қыып өту алаңы онда орнатылған клапандардың қыып өтетін жиынтық алаңының 1,25 кем емес.

214. Ұзындығы 1000 мм асатын қосатын құбыржелілерінің қыып өтуін анықтаған кезде олардың қарсыласу шамасы ескеріледі.

215.Сақтандыру құрылғылары орнатылған келте құбырлардан (және ыдыстан клапандарға дейінгі қосатын құбыржелілерінің телімдерінде) жұмыс ортасын іріктең алуға рұқсат берілмейді.

216. Сақтандыру құрылғылары оларды жөндеуге ыңғайлы орындарда орналасады.

217. Арматураны ыдыс пен сақтандыру құрылғысының арасына, сондай-ақ олардың артына орнатуға рұқсат берілмейді.

218. Екі сақтандыру құрылғысы және олардың бір уақытта сөнуіне жол бермейтін тосқауыл құралы құрастырған жағдайда, арматура сақтандыру құрылғысының алдынан (артынан) орнатылады. Бұл жағдайда сақтандыру клапандарының әрбірінің осы Қағидалардың 206-тармағында қарастырылған өткізу қабілеті болады.

219.Сақтандыру құрылғыларының тобын және олардың алдынан (артынан) арматураны орнатқан кезде тосқауыл құралы, клапандардың сөнуінің жобамен көзделген кез-келген нұсқасында қосылған қалпында болатын сақтандыру құрылғылары осы Қағидалардың 206-тармағында қарастырылған жиынтық өткізу қабілетіне ие болатындай етіп орындалады.

220. Сақтандыру құрылғыларының әкететін құбыржелілері және ИСҚ-ның импульсты желілері конденсаттың шоғырлануы мүмкін орындарда конденсатты кетіруге арналған дренажды құрылғылармен жабдықталады.

221. Дренажды құбыржелілерінде тығынды органдар немесе басқа арматураны орнатуға рұқсат берілмейді. Сақтандыру құрылғылары мен дренаждардан шығатын орта қауіпсіз орынға әкетіледі.

222. Мембраналы сақтандыру құрылғылары орнатылады:

1) рычагты-жүкті және серіппелі сақтандыру клапандарының орнына, бұл клапандарды олардың инерциялығының салдарынан немесе басқа себептеріне байланысты нақты ортаның жұмыс жағдайларында қолдануға болмайтын кезде;

2) сақтандыру клапандарының алдынан, сақтандыру клапандары жұмыс ортасының зиянды әсерінің (коррозия, эрозия, полимеризация, кристаллизация, қайнау, қатып калу ) немесе жабық клапан арқылы жарылыс, өрт қауіпті, уытты, экологиялық зиянды және сол сияқты орталардың ағу мүмкіндігінің салдарынан сенімді жұмыс істемегендे;

3) қысымды шығару жүйелерінің өткізгіш қабілетін арттыру үшін, сақтандыру клапандарымен қатар;

4) сақтандыру клапандарының шығатын жағынан жұмыс орталарының шығару жүйесі тарабынан зиянды әсерін болдырмау және осы жүйенің тарабынан қысымға қарсы ауытқудың әсеріне жол бермеу үшін, сақтандыру клапандарының іске қосылуы дәл болуы үшін.

223. Мембраналы сақтандыру құрылғыларын орнату және олардың құрылымдық жобалық-құрылымдық құжаттамада анықталады.

224. Сақтандыру мембраналары оларға арналған қысу құрылғыларында орнатылады

225. Сақтандыру клапандары пайдалану барысында жұмыс күйінде олардың үрлеу әрекетінің ақаусыздығына үздіксіз тексеріледі немесе стендте баптауды тексереді.

226. Технологиялық процесс жағдайларына байланысты клапандардың ақаусыздығын тексеру тәртібі және мерзімі технологиялық регламентте көрсетіледі.

## 6-параграф. Сұйықтық деңгейін көрсеткіштер

227. Орталарды бөлудің шекарасына ие ыдыстардағы сұйықтық деңгейін бақылау қажет болған кезде деңгейлердің көрсеткіштері қолданылады.

228. Деңгей көрсеткіштер тігінен немесе дайындаушы нұсқаулығына сәйкес көлбеу орнатылады, сонымен қатар сұйықтық деңгейін көру қамтамасыз етіледі.

229. Жалынмен немесе ыстық газдармен қыздырылатын, сұйықтық деңгейі рұқсат берілген деңгейден төмендеуі мүмкін ыдыстарда тіке әсер ететін 2 кем болмайтын деңгейдің көрсеткіштері орнатылады.

230. Деңгей көрсеткіштерінің саны орнату орындары жобалық-құрылымдық құжаттамада анықталады.

231. Эрбір сұйықтық деңгейінің көрсеткішінде жол берілетін жоғарғы және төменгі деңгейлер белгіленеді.

232. Ідыстағы сұйықтықтың жол берілетін жоғарғы және төменгі деңгейлеріжобалық-құрылымдық құжаттамаға сәйкес белгіленеді. Сұйықтық деңгейінің мөлдір көрсеткішінің биіктігі сұйықтық деңгейінің жол берілетін төменгі деңгейден төмен және жоғарғы деңгейден жоғары орналасуы сәйкесінше 25 мм кем болмауы тиіс.

233. Бірнеше көрсеткіштерді биіктікте орналастыру қажет болғанда, оларды сұйықтық деңгейінің көрсеткіштерінің үздіксіз болуын қамтамасыз ететіндегі тәсілмен орналастырады.

234. Деңгей көрсеткіштері оларды ыдыстан ажырату және үрлеу үшін арматурамен (крандармен және вентилдермен) жабдықталады.

235. Деңгей көрсеткіштерінде мөлдір элемент ретінде әйнекті қолданған кезде олар жарылған кезде персоналды жарақат алудан қорғау үшін қорғаныш құрылғысы қарастырылады.

#### **4-тарау. Орнату. Есепке қою. Техникалық куәландыру. Пайдалануға рұқсат**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-параграф. Ідыстарды орнату**

236. Ідыстар адамдардың жиналуына жол бермейтін орындардағы ашық аландарда немесе жеке тұрған ғимараттарда орнатылады.

237. Ідыстарды орнатуға рұқсат беріледі:

- өндірістік ғимараттарға жапсарлас жайларда, оларды ғимараттан құрделі қабырғамен бөлген жағдайда;
- салалық қауіпсіздік ережелерімен көзделген жағдайларда өндірістік жайларда;
- арматураға баратын орынды қамтамасыз еткен және ыдыстың қабырғаларын топырақ коррозиясы және кездейсоқ тоқтардың коррозиясынан қорғаған жағдайда топыраққа тереңдету арқылы.

238. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде және жергілікті атқарушы органда есепте тұрған ыдыстар тұрғын, қоғамдық және тұрмыстық ғимараттарда, оларға жапсарлас үй-жайларда орнатылмайды.

**Ескерту. 238-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

239. Ыдыстар аударылып қалмайтында етіп орнатылады.

240. Ыдыстарды орнату оларды ішкі және сыртқы жағынан қарап тексеру, жөндеу және тазалаудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

241. Ыдыстарға қызмет көрсету ыңғайлы болуы үшін аландар және сатылар орнатылады. Ыдыстарды қарап тексеру және жөндеу үшін люлькалар мен басқа да құрылғылар қолданылады.

242. Көрсетілген құрылғылар ыдыстың беріктігі мен тұрақтылығын бұзбайды, ал оларды ыдысқа дәнекерлеу осы қағидаларға және жобалық-құрылымдық құжаттамаға сәйкес орындалады.

## 2-параграф. Есепке қою (tіrkeу)

243. Қауіпті өндірістік нысандарда және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында жұмысқа қосылғанға дейін пайдаланылатын ыдыстарды есепке қою Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24574 болып тіркелген) бекітілген Қауіпті өндірістік нысандарды және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына (бұдан әрі-Қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидалары).

**Ескерту. 243-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

244. Мыналар есепке алынбайды:

1) қабырға температуrasesы 200оС жоғары болмаған кезде жұмыс істейтін, м3 сыйымдылықта (литрлерде) МПа-мен (кгс/см<sup>2</sup>) қысымды шығаруы 0,05 (500) аспайтын 1-ші топтағы ыдыстар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген температурада жұмыс істейтін, м3 сыйымдылықтағы (литрлерде) МПа-мен (кгс/см<sup>2</sup>) қысымды шығаруы 1,0 (10 000) аспайтын 2, 3, 4-топтағы ыдыстар. Ыдыстардың тобы "Ыдыстар тобы" 3-қосымшасы бойынша анықталады;

2) жылу онашалағыш қаптаманың ішінде орналасқан ауа бөлетін қондырғылардың және газдарды бөлетін аппараттар (регенераторлар, ұстындар, жылу алмастырғыштар, конденсаторлар, адсорберлер, бөлгіштер, буландырғыштар, сұзгілер, салқыннатқыштар және қыздырғыштар);

3) технологиялық қондырғылар құрамындағы тоңазытқыш қондырғылар және тоңазытқыш блоктар ыдыстары;

4) ауа электр ажыратқыштарының резервуарлары;

5) турбиналарды, генерторларды және сорғыларды реттеу, майлау және тығыздау жүйесіне кіретін ыдыстар;

6) сұйытылған газдарды тасымалдауға арналған бөшкелер, стационарлы орнатылған, сондай-ақ сыйылған, сұйытылған және ерітілген газдарды тасымалдауға және (немесе) сактауға арналған, қоса алғанда сыйымдылығы 100 л дейін баллондар;

7) гидрометеорологиялық қызметпен пайдаланылатын сутегін алуға арналған генераторлар (реакторлар);

8) мұнай мен газды өндіріп алудың жабық жүйесіне енген ыдыстар (ұнғымадан магистральды құбыр өткізгішке дейін);

9) сұйытылған газдарды, қысымның астындағы сұйықтарды және суыма денелерді тасымалдауға арналған ыдыстар оларды мерзімді түрде босату кезінде;

10) сыйылған және сұйытылған газдары бар, өздері орнатылған көлік құралдарының қозғалтқыштарын отынмен қамтамасыз етуге арналған ыдыстар;

11) жер астының тау-кен өндірістерінде орнатылған ыдыстар;

12) газ құбырларында, газ үлестіру станцияларында, пункттерінде және қондырғыларында орнатылған висценді және басқа сұзгілер.

**Ескерту.** 244-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**245. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**246. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**247. Дайындаушы паспорты жоқ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды есепке қою аттестатталған ұйыммен дайындалған паспорттың телнұсқасы негізінде жүргізіледі.**

**Ескерту.** 247-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**248. Ідыстармен жеткізілетін паспорт, нұсқаулық және басқада пайдаланылатын құжаттар мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.**

**Ескерту.** 248-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**249. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 480 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24562 болып тіркелген) бекітілген Қызмет ету мерзімі өткен, қысыммен жұмыс істейтін тұтіктерді одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында оларға зерттең-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес орындалған қызметтің нормативтік мерзімін өтеген ыдыстарды тексеру нәтижелері есепке қою кезінде**

ұсынылады және ыдысты пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде пайдаланушы ұйымда сақталады.

Ескерту. 249-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

250. Ыдысты жаңа орынға ауыстыру, ыдысты басқа иесіне беру кезінде, оны қосу схемасына өзгерістер енгізу кезінде ыдыс жұмысқа қосылғанға дейін есепten шығарылады және пайдалану орны бойынша қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есепten шығару қафидаларына сәйкес есепке қойылады.

Бұл норманың күші көлік құралдарының шассиіне құрастырылған жылжымалы/ұтқыр ыдыстарға қолданылмайды.

Ескерту. 250-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

251. Ыдысты есепке қоюдан бас тартқан кезде пайдаланушы ұйымға қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есепten шығару қафидаларына сәйкес хабарлама жіберіледі.

Ескерту. 251-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

### 3-параграф. Ыдыстарды техникалық куәландыру

252. Осы Қафидалардың әрекеттері қолданылатын ыдыстар жұмысқа қосқанға дейін монтаждаудан кейін және пайдалану процесінде кезең-кезеңімен Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 398 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24019 болып тіркелген) бекітілген Қысыммен жұмыс істейтін тұтіктерге, цистерналарға, бөшкелерге және баллондарға техникалық куәландыруды жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес техникалық куәландырудан өтеді.

Ескерту. 252-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

253. Ыдыстарды (баллондарды қоспағанда) техникалық куәландырудың көлемі, әдістері және мерзімділігін дайындаушы айқындейды.

Ескерту. 253-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

254. Баллондарды қуәландыру жобалық-құрылымдық құжаттама бойынша жүргізіледі, онда қуәландыру кезеңділігі және сұрыптау нормалары көрсетіледі.

255. Мұндай нұсқаулар болмаған жағдайда техникалық қуәландыру осы Қағидалардың 253 және 254-тармақтарында және кестелерде жазылған талаптарға сәйкес жүргізіледі 1, 2, 3, 4, 5, 6, осы Қағидаларға 12-қосымша.

**Ескерту. 255-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

256. Ортаның әсері химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерінің нашарлауына әкелетін, сондай-ақ жұмыс кезінде қабырғасының температурасы 450°C асатын ыдыстар технологиялық регламентке сәйкес қосымша қуәландырудан өткізіледі. Қосымша қуәландырулардың нәтижелері ыдыстың құжатына енгізіледі.

257. МЕМСТ 12.1 007-76 "Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктелуі және жалпы қауіпсіздік талаптары" бойынша 1, 2, 3, 4 қауіптілік тобындағы зиянды заттар қысым астында жұмыс жасайтын (сұйықтықтар және газдар) ыдыстар жұмыс қысымына тең қысыммен ауа немесе инерttі газбен бітеулілігіне сынақтан өтеді.

Техникалық қуәландыру сынақтар технологиялық регламентке сәйкес осы Қағидалардың 12-қосымшаның 1, 2, 3, 4-кестелерінде белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

**Ескерту. 257-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

258. Ішкі қарап тексеру мен гидравликалық сынаудың алдында жабдық тоқтатылады, салқыннатылады (қыздырылады), оған толтырылған жұмыс ортасынан босатылады, ыдысты қысым көзімен немесе басқа ыдыстармен жалғастырып тұрған барлық құбыржелілерінен бұқтырмалармен ажыратылады, металлға дейін тазартылады.

259. Футеровка, оңашалу және коррозиядан қорғаудың басқа да түрлері, егер материалдың, ыдыстар құрастырмасының қуат элементтерінің ақауларын тудыру мүмкіндігін көрсететін белгілер (футеровканың тығыз болмауы, оңашалаудан сұйықтың өткен іздері және соған ұқсастар) болса, жартылай немесе толық кетіріледі. Электрлі қыздырғыш және ыдыстың жетегі ажыратылады

260. Қорғаныс жабыны (эмальданған, футеровка) немесе оқшаулауы бар ыдыстар жабынды немесе оқшаулауышты салғанға дейін гидравликалық сынақтан өтеді.

261. Сыртқы қаптамасы бар ыдыстар қаптаманы орнатқанға дейін гидравликалық сынақтан өтеді.

262. МЕМСТ 12.1.007-76 "Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Зиянды заттар. Жіктелуі және жалпы қауіпсіздік талаптары" бойынша 1 және 2 қауіптілік

тобындағы зиянды заттармен жұмыс істейтін ыдыстар ішінде қандай да бір жұмыстарды бастағанға дейін, сондай-ақ ішкі қарау алдында технологиялық регламентке сәйкес өндеуден (бейтараптаудан, газсыздандырудан) өтеді.

**Ескерту. 262-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

263. Пайдаланудағы ыдыстарды кезектен тыс қуәландырудан өткізу келесі жағдайларда орын алады:

қысыммен жұмыс істейтін элементтерді дәнекерлеуді қолдана отырып қайта жаңартудан, жөндеуден кейін (қабықша, түбі, қақпағы, кіріс және шығыс коллекторлары);

ыдысты қыздыру (салқыннату) беті құбырларын толықтай ауыстырғаннан және шырайналдырғаннан кейін;

егер ыдыс 12 айдан артық пайдаланылмаса;

егер ыдыс демонтаждалып, жаңа жерге орнатылса;

ыдыс қабырғаларына қорғаныс жабынын салар алдында;

егер мұндай қуәландыру ыдыстың техникалық жағдайы мен пайдаланылуын қадағалауға жауапты тұлғаның қалауы бойынша қажет болса.

**Ескерту. 263-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

264. Үйдістарды, цистерналарды, баллондар мен бөшкелерді техникалық қуәландыру арнайы жөндеу-сынау пункттерінде, дайындаушы кәсіпорындарда, толтыру станцияларында және ыдыстардың, цистерналардың, баллондар мен бөшкелердің иелері кәсіпорындарында жүргізіледі.

**Ескерту. 264-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

265. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде және жергілікті аумақтық органдарында тіркеуге жатқызылмайтын ыдыстарды, цистерналарды, бөшкелерді және баллондарды техникалық қуәландыру ыдыстардың техникалық жағдайы және пайдалануды қадағалау бойынша жауапты тұлғаларымен жүргізіледі, ал толтыру станцияларында, жөндеу-сынау пункттерінде – бұл мақсаттар үшін инженерлі-техникалық қызметкерлермен.

**Ескерту. 265-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

266. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын ыдыстарды, цистерналар мен баллондарды

техникалық куәландыруды ыдыстардың техникалық жай-күйін және пайдаланылуын қадағалау бойынша жауапты адам ұйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым жүргізеді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғылардың қауіпсіз пайдаланылуын мемлекеттік қадағалау жөніндегі Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік инспекторының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы) қатысуымен Жергілікті атқарушы органда есепке қойылуға тиіс.

Техникалық куәландыруды жүргізу кезінде, мынадай құжаттамада көрсетілген мәліметтердің маңыздылығы мен дұрыстығы зерделенеді:

- 1) осы Қағидалардың 23-қосымшасына сәйкес ыдыс паспорты;
- 2) монтаж сапасы туралы қорытынды;
- 3) қысым көзін, параметрлерін, оның жұмыс ортасын, арматураны, бақылау-өлшеу аспаптарын, автоматты басқару құралдарын, сақтандыру және бұғаттау құрылғыларын көрсете отырып, ыдысты іске қосу схемасы;
- 4) өткізу қабілеті есептелген сақтандырыш клапанның паспорты;
- 5) ұйымдағы өндірістік бақылау туралы ереже;
- 6) ыдыстың Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға жіберілгені туралы ақпарат.

Егер ыдыс есептелген қызмет мерзімін атқарған болса, сертификатталған ұйыммен одан әрі қауіпсіз пайдалану үшін инспекциялық куәлік беріледі

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы және жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы техникалық куәландыруды өткізу күні туралы жазбаша күтілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор және жергілікті атқарушы органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы келмеген жағдайда, техникалық сараптама аттестатталған ұйыммен оның қатысуының дербес жүргізіледі.

Ыдыс паспортында техникалық сараптаманың нәтижелері және келесі техникалық сараптаманың күні жазылады.

**Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

267. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде қауіпті өндірістік нысандарында пайдаланылатын ыдыстарды техникалық күеландыру оларды есепке қойғанға дейін жүргізіледі, ал әлеуметтік инфрақұрылымдар нысандарында қолданылатын ыдыстарды ыдыстарды техникалық күеландыру оларды жергілікті атқару органдарында есепке қойғанға дейін жүргізіледі.

**Ескерту. 267-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

268. Есептік қызмет ету мерзімін өтеген ыдыстарды техникалық күеландыру оларды аттестатталған үйымымен зерттеуді жүргізгеннен кейін өткізіледі.

**Ескерту. 268-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

269. Іздесті техникалық күеландыру нәтижелерін техникалық күеландыруды жүргізген тұлға рұқсат етілген параметрлерді және кезекті сараптамалардың мерзімдерін көрсете отырып, паспортқа енгізеді және техникалық күеландыруға қатысатын адамдар қол қояды.

Техникалық күеландыру нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 32-қосымшага сәйкес ыздысты техникалық күеландыру актісі ресімделеді.

**Ескерту. 269-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

270. Техникалық күеландыру кезінде ары қарай пайдалануға жарамды деп танылған ыдыстарда осы Қағидалардың 279-тармақта сәйкес мәліметтер жазылады.

271. Куәландыру кезінде ыздыстың беріктігін тәмендететін ақаулар анықталған кезде онда оны тәмендетілген өлшемдерде (қысым және температура) пайдалануға рұқсат беріледі.

272. Іздесті тәмендетілген өлшемдерде пайдаланудың мүмкіндігі иесімен ұсынылатын беріктігінің есебімен расталады сонымен қатар сақтандыру клапандарының өткізу қабілетінің тексерудің есебі жүргізіледі. Мұндай шешім күеландыруды жүргізген тұлғамен ыздыстың паспортында жазылады.

273. Егеридыс бар ақаулардың немесе осы Қағидаларды бұзудың салдарынан әрі қарай пайдалануға қауіпті жағдайда болып табылса, мұндай ыздыстың жұмыс істеуіне рұқсат берілмейді.

274. Жиналған түрінде жеткізілетін ыдыстарды дайындаушы ұйым сақтауға қояды және паспортта немесе монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта оларды сақтаудың шарттары мен мерзімдерін көрсетеді. Бұл талаптарды жұмысқа қосудың алдында орындаған кезде сыртқы және ішкі қарап тексерулер ғана жүргізіледі, ыдыстарды гидравликалық сынау талап етілмейді. Бұл жағдайда гидравликалық

сынаудың мерзімі ыдысты пайдалануға рұқсат берудің күнін ескере отырып тағайындалады.

275. Сұйытылған газға арналған ыдыстар оларға оңашалауды жүргізудің алдында, егер дайындаушының оларды сақтау жөніндегі мерзімдері және талаптары сақталған болса, тек сыртқы және ішкі қарап тексерулерден ғана өткізіледі.

276. Пайдалану орнына орнатқанынан кейін топырақпен жапқанға дейін көрсетілген ыдыстар, егер оңашалауды жүргізген сәттен 12 айдан аспайтын уақыт өтсе, сыртқы қарап тексеруден ғана өткізіледі.

277. Сыртқы және ішкі қарап тексерулер кезінде ыдыстардың беріктігін төмендететін барлық ақаулар анықталады, және келесі ақауларды анықтауға ерекше көңіл аударылады:

1) ыдыстың беттерінде – жарылулар, үзілгендер, қабырғалардың коррозиясы (әсіресе жиектеген және кескен орындарда), ісінген жерлер (негізінен "киінген" ыдыстарда, сондай-ақ отпен немесе электрлі қыздырғышы бар ыдыстарда), қаяулар (құйылған ыдыстарда);

2) дәнекер жіктерінде осы Қағидалардың 98-тармағында көрсетілген дәнекерлеудің ақаулары, үзілген, желінген жерлері;

3) тойтарып шегелеген жіктерде – тойтарып шегелеген аралардағы жарылулар, бастарының үзілуі, бос қалған іздер, тойтарып шегеленген қаңылтырлардың жиектеріндегі үзілүлөр, тойтарып шегелеген жіктердің коррозиялық зақымданулары, тойтарып шегеленген қаңылтырлар мен тойтарып шегеленген жерлердің астындағы саңылаулар;

4) коррозиядан қорғалған беттері бар ыдыстарда - футеровканың бұзылулары, сонымен бірге футерлейтін шағын плиталардың қабаттарының тығыз болмауы, қорғасынды немесе басқа жабындыдағы жарылулар, эмалының уатылуы, жүргізілген қабаттағы жарылған және ісінген жерлер, сыртқы қорғаныш жабындысы бар орындарда ыдыс қабырғалары металының бүлінуі.

#### **4-параграф. Пайдалануға рұқсат беру**

278. Ідис паспортында ыдысты пайдалануға беру туралы жазбаны техникалық куәланырудан және есепке қойғаннан кейін ыдыстардың техникалық жағдайы мен пайдалануын қадағалау бойынша жауапты тұлға жасайды.

**Ескерту. 278-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

279. Техникалық куәланырудан кейін паспортқа есепке қоюға жатпайтын ыдысты пайдалануға беруге рұқсат беретін жазбаны ыдыстардың техникалық жағдайы мен пайдалануын қадағалау бойынша жауапты тұлға жасайды.

**Ескерту. 279-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

280. Пайдалануға рұқсат берілген әр ыдысқа көрінетін орында бояумен немесе форматы кемінде 200x150 мм тақташада мыналар жазылады:

- 1) тіркеу номері;
**Ескерту. 471-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

472. Кестелерде көрсетілмеген материалдарды аттестатталған ұйымымен берілген зерттеу актісінің оң қорытынысы жағдайында қолдануға рұқсат етіледі.

**Ескерту. 472-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

473. Материалдарды және жартылай өнімдерді қолдану, оларды қолдану шегін кеңейту немесе сынау және бақылау көлемін қысқарту кіру бақылауының оң қорытындысы кезінде рұқсат етіледі.

474. Жартылай өнім материалының сапасы және қасиеттері туралы деректер жартылай өнімді дайындаушымен және сәйкесінше таңбаланумен расталады. Сертификаттар (таңбалану) болмаған немесе толық емес кезінде жабдықты монтаждауды және жөндеуді орындайтын дайындаушы, ұйым, нәтижелерді хаттамамен ресімдей отырып сынақ жүргізеді.

475. Монтаждау және жөндеу алдында негізгі, дәнекерлеу материалдары мен жартылай фабрикаттарға кіріс бақылау жүргізіледі.

**Ескерту. 475-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

476. Салқын климаты бар аудандарға жеткізілетін жабдықтар үшін материалдарды таңдау кезінде жұмыс параметрлерінен басқа пайдалану, монтаждау, тиеу-түсіру жұмыстары және сақтау кезінде төмен температуралар әсері де ескеріледі.

477. Ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар және төмен температуралардың әсер етуін есепке алу әдістемесі нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетіледі.

## **12-параграф. Болат жартылай өнімдер**

478. Жартылай өнімдерді дайындаушы материалдың химиялық құрамын бақылайды . Жартылай өнімге сертификатта (паспортта) тікелей жартылай өнім үшін алынған химиялық талдау нәтижелері немесе оны дайындау үшін пайдаланылған дайындамаға ( құймалардан басқа) ұқсас деректер енгізіледі.

**479. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

480. Жартылай өнімдер термиялық өндөлген күйде жеткізіледі. Термиялық өндеу режимі жартылай өнімді дайындаушы сертификатында көрсетіледі.

481. Термиялық өндөлмеген жартылай өнімдерді мынадай жағдайларда жеткізуғе болады:

1) егер нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген металдың механикалық және технологиялық сипаттамалары жартылай өнімді дайындау технологиясымен қамтамасыз етілсе;

2) егер жабдықтарды дайындаушыларда жартылай өнім термиялық өндеумен немесе кезекті термиялық өндеумен қатар қолданылатын ыстық пішін түзілуден өтсе.

482. Бұл жағдайларда жартылай өнімдерді жеткізуші термиялық өндөлген үлгілерде қасиеттерін бақылайды. Басқа жағдайларда термиялық өндеусіз жартылай өнімдерді пайдалану мүмкіндігі атtestатталған ұйыммен дәлелденеді.

**483. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**484. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**485. Алып тасталды - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

486.  $0^{\circ}\text{C}$  төмен температура кезінде соғу тұтқырлығына сынақтардан ашық ауада, жерде, каналдарда немесе металл температурасы  $0^{\circ}\text{C}$  төмен рұқсат етілетін жылдытылмайтын жайларда тартылған құбыр өткізгіштердің ернемекті қосылыстары бөлшектерінің, жобалық-құрылымдық құжаттамада көрсетілетін құрылымдық ұйым талабы бойынша басқа бөлшектредің металы өтеді.

487. U (KСU) типті концентраторы бар үлгілерде соққы тұтқырлығына сынақтар  $20^{\circ}\text{C}$  кезінде, ал 486-тармақта көзделген жағдайларда осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген температуралардың бірінде жүргізіледі.

**Ескерту. 487-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

488. V (KCV) типіндегі концентратормен ұлгілерде соғу тұтқырлығына сынақтар жартылай өнімдерге НТҚ сәйкес  $20^{\circ}\text{C}$ , және  $-0^{\circ}\text{C}$  кезінде жүргізіледі.

Сынақ температуralары кезінде соғу тұтқырлығының мәндері  $\text{KCU} = 30 \text{ Дж}/\text{см}^2$  ( $3,0 \text{ кгс} \times \text{м}/\text{см}^2$ );  $\text{KCV} = 25 \text{ Дж}/\text{см}^2$  ( $2,5 \text{ кгс} \times \text{м}/\text{см}^2$ ) төмен емес.

489. Соғу тұтқырлығын бағалау кезінде нормадан  $10 \text{ Дж}/\text{см}^2$  ( $1,0 \text{ кгс} \times \text{м}/\text{см}^2$ ) жоғары болмайтын, алайда жоғарыда көрсетілген мәндерден төмен болмайтын жекелеген ұлгілер үшін минималды мәннің ауытқуымен сынақтың орташа арифметикалық үш нәтижесі анықталады.  $\text{KCU}$  немесе  $\text{KCV}$  соғу тұтқырлығының өлшемдері құрылымдық ұйыммен таңдалады және жобалық-құрылымдық құжаттамада көрсетіледі.

490. Механикалық тозудан кейін соғу тұтқырлығы сынақтарынан кейіннен бөлшектерді дайындау барысында жұмсаустыз салқын пішінін өзгертуге жататын және  $200 - 350^{\circ}\text{C}$  температура кезінде жұмыс істеу үшін арналған көміртекті, төмен қосындыланған марганецті және кремний марганецті болаттардан, тіреу үшін табақтар мен прокат материалы өтеді. Механикалық тозудан кейін соғу тұтқырлығы мәндері бойынша нормалар Қағидалардың 487-тармағындағы талаптарына сәйкес келеді.

**491. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

492. Жаңа материалдарды игеру барысында орындалатын өнімге ЖҚҚ қарастырылатын жоғарылатылған температуralар кезінде созуға бақылау сынақтары 10 еселік көрсетілген диапазоннан жоғары немесе  $25^{\circ}\text{C}$  температуralарының біреуінде жүргізіледі. Сонымен қатар тұрақсыздықтың шартты шагі 0,2 немесе 1% қалдық деформация кезінде өткізім сипаттама ретінде нормаланады, ал уақытша кедергі, салыстырмалы тартылу немесе созылу анықтамалық деректер ретінде анықталады.

**493. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

494.  $10^4$ ,  $10^5$  және  $2 \times 10^5 \text{с}$  ресурсқа ұзақ уақыт төзімділік шектерінің кепілді мәндері сынақ мәліметтерін статистикалық өндеумен және өнімді үздіксіз бақылаумен негізделеді және аттестатталған сараптамалық ұйымның оң қорытындысымен расталады.

495. Механикалық сипаттамаларды бақылау түрлерінің тізбесін жартылай фабрикатты дайындаушы сипаттамалардың нормаланған мәндеріне кепілдік берген

жағдайда осы Қағидаларға 16-қосымшада көрсетілгенмен салыстырғанда қысқартуға жол беріледі.

Ескерту. 495-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 13-параграф. Табақ болат

496. Қазандықтарды жөндеу және монтаждау кезінде әртүрлі маркалы табақты болатты қолдану шегі, табаққа нормативтік-техникалық құжаттама, міндettі сынау және бақылау түрлері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес келеді.

Ескерту. 496-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

497. Осы Қағидаларға 16-қосымшада келтірілген сол маркалы болат жолақтар жолаққа қойылатын талаптар табақ болат үшін белгіленген стандарттардан төмен болмаған жағдайда қолданылады.

Ескерту. 497-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 14-параграф. Болат құбырлар

498. Әртүрлі маркалы болаттан жасалған құбырларды қолдану шектері, құбырларға арналған нормативтік-техникалық құжаттама, сынау және бақылау түрлері осы Қағидаларға 16-қосымшада келтірілген.

Ескерту. 498-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

499. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

500. Дәнекерленген тігісті барлық ұзындығы бойынша радиографиялық немесе ультрадыбыстық бақылау орындау жағдайында бойлай немесе бұрамалы тігіспен электр дәнекерленген құбырларды қолдануға болады.

501. Әрбір тігіссіз немесе дәнекерленген құбыр құбырға нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетілген сыналатын қысыммен гидравликалық сынақтан өтеді.

502. Тігіссіз құбырларды мынадай жағдайларда гидравликалық сынақтан өткізбесе болады:

егер де құбыр барлық беті бойынша физикалық әдістермен бақылаудан өтсе (радиографиялық, ультрадыбыстық немесе оларға ұксас);

5 МПа (50 кгс/см<sup>2</sup>) және төмен жұмыс қысымы кезінде құбырлар үшін, егер де құбырларды дайындаушы гидравликалық синақтардың оң нәтижесіне кепілдік берсе.

503. Механикалық тозудан кейін соғу тұтқырлығына бақылаудан өтпеген материалдан 150<sup>0</sup>C жоғары температура үшін кейіннен термиялық өндөусіз экспандирленген құбырларды экспандирлеу кезінде пластикалық деформация 3% жоғары болмайтын жағдайда тік бөліктер үшін қолдануға болады

#### **15-параграф. Болат шындалғылар, прокат**

Ескерту. 15-параграф алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **16-параграф. Болат құймалар**

Ескерту. 16-параграф алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **17-параграф. Тіреу**

Ескерту. 17-параграф алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **18-параграф. Шойын құймалар**

Ескерту. 18-параграф алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **19-параграф. Тұсті металдар және құймалар**

Ескерту. 19-параграф алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **20-параграф. Жаңа таңбалы болаттар**

524. Осы Қағидалардың 16-қосымшасында көрсетілмеген жаңа маркалардан дайындалған материалдар мен жартылай фабрикаттарды қолдануға негізгі және қосымша термиялық өндөуден кейін материалдардың механикалық, физикалық,

технологиялық қасиеттері және олардың жай-күйі туралы оң сараптамалық қорытындылар негізінде рұқсат етіледі.

Ескерту. 524-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

525. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

526. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

527. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

528. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

529. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

530. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

531. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

532. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

533. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

534. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

535. Жаңа материалдарды қолдану кезінде болаттың да, оның дәнекерленген қосылыстарының да тиісті қасиеттерін бағалау талаптарын кеңейту қажеттілігін тудыратын олардың жұмысының ерекше шарттары ескеріледі:

1) теріс температурада жұмыс істеген жағдайда-суыққа төзімділікті бағалау;

- 2) циклдік жүктемелер кезінде-циклдік беріктікті бағалау;
- 3) ортаның белсенді әсері кезінде-коррозиялық-механикалық беріктігін бағалау және басқалар.

Ескерту. 535-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

536. Жаңа таңбалы болат үшін сараптамаға оның физикалық қасиеттері бойынша деректер ұсынылады:

- 1) түрлі температуралар кезінде иілгіштік модулінің мәндері;
- 2) сәйкес температуралық интервалда сызықтық кеңею коэффициентінің мәндері;
- 3) сәйкес температуралар кезінде жылу өткізгіштік коэффициентінің мәндері.

537. Аттестатталған үйым болат қасиеттерінің белгіленген деңгейін сақтай отырып, сұрыптамада ұсынылған маркалы болаттан жасалған жартылай фабрикаттарды қолдану мүмкіндігін растайды.

Ескерту. 537-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 11-тaraу. Дайындау, қондыру және жөндеу

Ескерту. 11-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-параграф. Жалпы ережелер

538. Қазандықтар мен олардың элементтерін монтаждау және жөндеу жұмыстарды сапалы орындау үшін қажетті техникалық құралдары бар оларды орындайтын үйым (жөндеу немесе монтаждау үйымы, үйымның жөндеу қызметтері және басқа үйымдар) жұмыс басталғанға дейін әзірлеген технология бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 538-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

539. Монтаждау және жөндеу алдында негізгі және пісіру материалдарына және жартылай фабрикаттардың "Сатып алынатын өнімді тексеру. Бақылауды жүргізуі үйимдастыру және әдістері" МЕМСТ 24297-2013 сәйкес келуіне кірме бақылау жүргізіледі.

Ескерту. 539-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-параграф. Жартылай өнімдерді кесу және формасын өзгерту**

540. Табақтарды, құбырларды және басқа да жартылай өнімдерді кесуді, саңылауларды ойып алушы кез келген тәсілмен жүргізуге болады (механикалық, газ жалынды, электр доғалы, плазмалық және т.б.). Жергілікті жылуға және сұыққа сезгіш материалдарды термиялық кесу технологиясы жиектерінде жарықшақтардың пайда болуын және термиялық әсер ету аймағында қасиеттерінің нашарлауын болдырмайды; қажет болған жағдайларда кесу барысында нашарлаған қасиеттерімен металл қабатын жою үшін жиектерді кейіннен механикалық өндегеу және алдын ала жылдыту қарастырылады.

541. Накты тәсілдер және кесу технологиясы болат тобына байланысты белгіленеді.

542. Шентемірлерді және түптерді жаншып қақтау және қалыптау, жағаларын шағару және тегіс түптерді өндегеу машина тәсілімен жүргізіледі. Түптерді кейіннен механикалық өндегеу арқылы машиналық соғумен дайындауға болады. Табақтарды жергілікті жылдытылған немесе жылдытылған балғамен түзетуге жол берілмейді.

543. Құбырды июді кез келген игерген дайындаушымен, нормативтік-техникалық құжаттамадабелгіленген нормалар шегінде қабырға қалыңдығы қиманың дұрыс пішінінен ауытқулармен және жол берілмейтін ақауларсыз інді алушы қамтамасыз ететін құбырды жылдытумен немесе жылдытусыз тәсілмен монтаждау немесе жөндеу үйымымен жүргізуге болады.

544. Құбырлардың көлденең жапсарларының дұрыс қылышының қамтамасыз ету үшін құбыр шеттерін жонып өндегеу, бөлу немесе сығуға жол беріледі. Жонып өндедін рұқсат етілген мәні, бөлу немесе сығу деформациясы қабылданады.

545. Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді дайындауға арналған табақтарда, прокатта және шындалғыларда, сыртқы диаметрі 76 мм астам құбырларда дайындаушы таңбасы сақталады.

546. Аталған жартылай өнімдер бөліктерге бөлінген жағдайда маңбалау бөлінетін бөліктерге ауыстырылады.

547. Дәнекерленген дөңес түптерді дайындау кезінде қалыптауды табақтарды дәнекерлеуден кейін және тігістер қаттылығын механикалық тәсілмен шешкеннен кейін жүргізу қажет. Бұл талап қалыпталған элементтерден дәнекерленетін сфералық түптерге таралмайды.

## **3-параграф. Дәнекерлеу**

548. Құбырөткізгіштерді, экономаизерлі буысытқыштарды сонымен қатар олардың элементтерін дәнекерлеу, бөлшектерді, дәнекерлеу материалдарын және аспаптарды дәнекерлеуге дайындау сыйба және өндірістік-технологиялық құжаттама бойынша жүргізілуі тиіс.

549. Дәнекерлеуге және балқытуға талаптар таратылады

550. Дәнекерлеу элементі, қысыммен жұмыс жаса ауа температурасы 0°C төмен кезде жүргізіледі. Егер қоршаган ортану ауа температурасы 0°C болған жағдайда, құрылымдық құжаттамаға сәйкес монтаждау және жөндеу жұмыстарындағы құбыр өткізгіштікке дәнекерлеу жұмыстарын жүргізуге болады. Дәнекерлешунің жұмыс орнын жаңбырдан, желден, қардан оқшаулау.

551. Қысыммен жұмыс істейтін дәнекерлеумен жалғанатын қосылатын элементтер дәнекерлеушімен орындалады.

552. Уақытша тіреуді пісіру және оларды пісіруден кейін алып тастау технология бойынша негізгі жабдық өндіріледі метал жбдығындағы жарықтың пайда болуын жою қабылданады.

553. Дәнекерлеуді бастар алдында жалғанатын элементтерді жинау сапасы, жапсарланатын жиектердің және оларға іргелес беттердің құйі тексеріледі.

554. Жиектерді біржақты бөлумен және астына салатын сақиналарсыз және тігіс түбінен дәнкерлеп жалғанусыз дәнекерленген құбырдың жапсарласқан қосылыстарын жинау кезінде ішкі жиектердің жылжуы белгіленген мәндерден жоғары болмайды.

555. Дәнекерлеу сонында шашыраған металдан және басқада ластанулардан үстіңгі қабаттағы жапсырмаларды және оған жақын орналасқан бөлімдер тазаланады.

556. Ишкі дәнекерленген жалғау артқы қиу арқылы алынып тасталады.

557. Барлық дәнекерленген тігістер таңбаланады, бұл осы тігістерді орындаған пісірушіні анықтауға мүмкіндік береді.

558. Бойлай тігістерде таңба тігіс басында немесе аяғында сақиналы тігістен құрылымдық құжаттамада қарастыруға болады

559. Қабырғасының қалындығы 6 мм кем дәнекерленген қосылыстарды таңбалау қажеттілігі және тәсілі белгіленеді. Таңбалау тәсілі жабыстыруды, ойып қоюды немесе металл қалындығының жол берілмейтін жіңішкериүін болдырмайды және таңбаның өнімді пайдаланудың барлық кезеңі ішінде сақталуын қамтамасыз етеді.

560. Егер дәнекерленген қосылыс бірнеше пісірушілермен орындалған болса, онда оған орындауда қатысқан барлық пісірушілердің таңбалары қойылады.

561. Қабырғасының қалындығы 6 мм астам қысыммен жұмыс істейтін элементтердің дәнекерленген қосылыстары таңбаланады.

562. Егер аталған өнімнің барлық дәнекерленеген қосылыстары бір пісірушімен орындалған болса, онда әр дәнекерленген қосылысты таңбалау жүргізілмейді. Бұл жағдайда пісіруші таңбасын фирмалық тақта жанына немесе өнімнің басқа ашық бөлігіне қояды, ал таңбалау орнын жуылмайтын бояу жағып жиектейді. Таңбалау орны өнімнің паспортында көрсетіледі.

**4-параграф. Термиялық өндеу**

563. Термиялық өндөу қабылданған көрсеткіштерге металл және дәнекерленген қосылыштар қасиеттерінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

564. Термиялық өндөу екі түрінде қолданылады.

1) негізгі, нормалау, жіберумен нормалау, суару, жіберумен суару, аустенизациялау немесе суару немесе аустенизация температурасына дейін қыздырумен көп сатылы термоөндөуді қамтитын;

2) шығару түріндегі қосымша.

565. Негізгі және қосымша термоөндөу түрлері және олардың режимі (қызу жылдамдығы, температурасы және ұстасу ұзақтығы, суу жылдамдығы, сұыту ортасының түрі және т.б.) Қафіда талаптарын сақтай отырып, дайындауға және дәнекерлеуге қабылданады.

566. Өнім негізгі термоөндөуден мынадай жағдайларда өтеді:

1) егер жартылай өнімдер (табақ, құбырлар, құймалар, шындалғылар және т.б.) металға қабылданған материал қасиетін қамтамасыз ететін режимдер бойынша термоөндөуден өтпесе;

2) егер пішінің өзгертудің технологиялық операциялары (ию, жаншып қақтау, қалыптау және т.б.) шығару температурасынан жоғары болатын температураға дейін қыздырумен жүргізілсе;

3) электр қоқысты дәнекерлеуден кейін;

4) дайындау және дәнекерлеуге құжаттама бойынша қалған жағдайларда негізгі термиялық өндөу жобалау-құрылымдық құжаттама талаптары бойынша қарастырылады.

567. Өнім қосымша термоөндөуден (шығарудан) мынадай жағдайларда өтеді:

1) шентемірдің ішкі диаметрінен, түптер үшін қисайған жердің ең аз ішкі радиусынан, қалыпталған үштармақтар үшін келте құбырдың (тармақталу) ішкі радиусынан, иіндер үшін қисайған жердің орташа радиусынан 10% жоғары болатын қабырға қалындығы кезінде  $700^{\circ}\text{C}$  төмен емес қыздырумен немесе қыздырусыз жүргізілетін көміртекті, марганецті және кремниймарганецті болаттардан дайындалған бөлшектерді жаншып қақатау және қалыптаудан кейін;

2) құбырларды қыздырусыз июден кейін:

егер иілістің көлденең қимасының сопақтығы 5% астам болса, иіліс радиусына тәуелсіз қабырғасының қалындығы 36 мм астам болған кезде немесе құбырдың кемінде 3-еселік сыртқы диаметрінің иілістің орташа радиусы кезінде қабырғасының 10 - 36 мм қалындығы кезінде;

марганецті және кремниймарганецті болаттардан дайындалған;

3) қазандар бөлшектерін және жинау бірліктерін дәнекерлеуден кейін:

қабырғасының қалындығы 36 мм астам кезінде;

4) қысыммен жұмыс істемейтін жалғастықтарды, бөлшектерді "в" тармағында көрсетілген қабырғалар қалындығынан жоғары болатын негізгі бөлшек қабырғасының қалындығы кезінде коллекторлар мен құбыр өткізгіштерге, түптерге, корпустарға, барабандарға пісіруден кейін; термиялық өндөусіз пісіру мүмкіндігі ЖҚҚ анықталады;

5) қаастырылмайтын барлық қалған жағдайларда қосымша термиялық өндөу немесе негізгі термиялық өндөуді қосымшаға ауыстыру

568. Түрлі таңбалы болаттардан дәнекерленетін элементтер үшін термиялық өндөу қажеттілігі және оның режимі дәнекерлеуге құрылымдық құжаттамаға сәйкес белгіленеді.

569. Барабандарға, коллекторларға, құбыр өткізгіштерге және қызу беті құбырларына шентемірлердің, коллекторлардың, құбыр өткізгіштер мен қызынның қызу беті құбырларының көлденең дәнекерленген тігістерін, жалғастықты, тіреу элементтерін, бекітпелереді және басқаларының дәнекерленген тігістерін шығаруды тасымалды жылыту құрылғыларымен жергілікті қыздыру жолымен жүргізуге болады. Көлденең (айналмалы) дәнекерленген тігістерді термоөндөу кезінде айналманың барлық периметрі бойынша бірқалыпты қыздыру қамтамасыз етіледі. Қыздыру аймағының ені 50 мм дәнекерлеу тігісін қыздырылатын бөлік ортасына орналастырумен белгіленеді. Шығыршықты термоөндөу кезінде жылытылатынның жанында орналасқан шентемірлер немесе құбыр өткізгіштер бөліктері ұзындығы бойынша температуралың бірқалыпты ауысуын қамтамасыз ету үшін оқшауланады.

570. Шығыршықты термоөндөу кезінде жылытылатынның жанында орналасқан шентемірлер немесе құбыр өткізгіштер бөліктері ұзындығы бойынша температуралың бірқалыпты ауысуын қамтамасыз ету үшін оқшауланады.

571. Термиялық өндөу өнім металын бірқалыпты қыздыру, олардың еркін жылу кеңейтілуі және пластикалық деформациялардың болмауы қамтамасыз етілетіндегі жүргізіледі

572. Дайындаудан кейін төзімділігі термоөндөумен жететін жол берілмейтін қалдық кернеу пайда болатын дайындаудан кейін (жаншып қақатау, қалыптау, дәнекерлеу және сол сияқтылар кезінде) элементтер термиялық өндөледі.

573. Құбырдың жергілікті қосымша термиялық өндөуінде иілу және оған тұтас, тік барлық бөліктің ұзындықпен құбырдың қабырғасының бес есе қалындығы, бірақ 100 мм кем емес.

574. Барлық түрдегі бөлшектер мен элементтерді негізгі термиялық өндөу кезінде, шентемірлер мен құбырлардың бойлай дәнекерленген тігістерін, эллипстік түптердің меридиональды дәнекерленген тігістерін қосымша термоөндөу кезінде өнім толық қыздырылады. Өнімнің барлық ұзындығы бойынша берілген құрылым мен механикалық қасиеттер қамтамасыз етілген, тармақтануы болмаған жағдайда өнімді бөліктеп шығаруға жол беріледі.

575. Термиялық өндеу өнім металының бірқалыпты қызыу, олардың еркін жылу кеңейтілуі және пластикалық деформацияның болмауы қамтамасыз етілетіндегі жүргізіледі.

### 5-параграф. Бақылау

576. Монтаждау немесе жөндеу ұйымы жол берілмейтін ақауларды анықтауға, қазандықтардың жоғары сапасы мен сенімділігіне кепілдік беретін бақылау түрлері мен көлемін қолданады. Бұл ретте бақылау көлемі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 576-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

577. Негізгі бақылау жүйесі мыналарды қамтиды:

- 1) көзбен шолып және өлшеу;
- 2) дәнекерлі жалғаулардың сапасын бұзбайтын бақылау;
- 3) дәнекерлі жалғаулардың механикалық сынау;
- 4) дәнекерлі жалғаулардың металлографиялық бақылау;
- 5) кристаллитті коррозияға, стилоскоптауды бақылау;
- 6) гидравликалық сынау.

578. Бақылау түрін таңдау өнімге және дәнекерлеуге осы Қағидалардың, нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес құрылымдық ұйыммен жүргізіледі және көрсетіледі. Бақылау схемасының көшірмесі қазан паспортына қоса беріледі.

579. Өнімді, жинау бірліктері мен дәнекерленген жалғауларды қабылдау бақылауы 450YC жоғары өнімді қыздырумен байланысты барлық технологиялық операциялар аяқталғаннан кейін термиялық өндеумен, пішіні өзгеруімен және металды жабыстырумен нормативтік-техникалық құжаттамаға және ұурастыру құжаттама талаптарына сәйкес орындалады.

580. Бақылаудың әрбір түрі және бақылау орны бойынша (сонымен бірге операциялық түрі бойынша да) нәтижелер есептік құжаттамада (журналдарда, формулярларда, хаттамаларда, бағыттық құжаттарда және басқаларында) тіркеледі.

581. Егер бақылаудың кез келген түрінде осы Қағидалардың 18-қосымшасында және бұйым мен пісіруге арналған стандарттарда келтірілген шекті рұқсат етілген нормалар шегінен шығатын ішкі және беткі ақаулар табылмаса, бұйым жарамды деп танылады.

Ескерту. 581-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

582. Осы Қағидалармен қарастырылған бұзатын және бұзбайтын бақылаудың көлемін жабдықтарды және оның элементтерін жаппай дайындаған жағдайда, сонымен бірге технологиялық үдерісі өзгеріссіз болғанда бір типті дәнекерленген қосылыстармен өнімді монтаждау және жөндеу кезінде, дәнекерлеушілер жұмыстардың жекелеген түрлеріне маманданғанда және олардың сапасы жоғары екені 6 айдан кем болмайтын кезеңнің ішінде бақылаудың нәтижелерімен расталған жағдайда азайтуға болады.

583. Механикалық сынақтар түрлерінің бірі бойынша қанағаттанғысыз нәтижелер алынған кезінде сынаудың осы түрі осы бақылау түйіскен жерден кесіп алынатын үлгілердің екі еселенген санына қайталанады. Көрсетілген түйіскен жерлерден үлгілерді кесіп алу мүмкін болмаған жағдайда қайталама механикалық сынақтары осы дәнекерлеушімен орындалған, бақыланатын өнімнен кесіп алынған өндірістік түйіскен жерлерде жүргізіледі.

584. Дәнекерленген жалпақ жабдықтар үшін, жабдықтың сыртқы диаметрі 500 мм қабырға қалындығымен регламенттеледі.

585. Бірізді бұрыштама және арқалық темір құрамының қалындығы және тысқы диаметрі көрсетілген арақатынасы және негізгі бөлшектің(жиынның бірліктерінің) қалындықтарына, ал негізгі бөлшектің диаметрінің арақатынасы есептелмейді.

586. Бөлшектің бірізді дәнекерленген құралымының бір тобына біріктіру бір ізді құрылымды сынау химиялық құрам, механикалық және физикалық құрамына.

## **6-параграф. Көзбен шолу және өлшеу бақылауы**

587. Көзбен шолу және өлшеу әдістерімен оларда мынадай ақауларды анықтау мақсатында барлық дәнекерленген қосылыстар Қағидаға, нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес бақыланады, соның ішінде:

- 1) геометриялық өлшемдері бойынша ауытқулар;
- 2) барлық түрдегі және бағыттардағы жарылулар (жіктің сыртқы бетіндегі тесіктер мен саңылаулар, кесілген жерлер, қаспақтар, күйгендер, балқымай қалған шұңқырлар;
- 3) дәнекерленетін элементтердің нормалардан жоғары жиектерінің орнынан жылжуы және қисаюы.

588.Көзбен шолуды бақылау алдында бұйымның үстіңгі қабаты және дәнекерлеу қосындысы қарауға дайындалады және шлактан және шаңнан тазаланады.

589. Дәнекерленген жалғауларды қарап тексеру және өлшеу жіктердің барлық ұзына бойымен сыртқы және ішкі жақтарынан жүргізіледі.

590. Көзбен шолу және өлшеу үшін дәнекерленген жалғауларды қарап тексеру тек сыртқы жақтарынан жүргізіледі.

591. Дайын өнімдердің геометриялық өлшемдері бойынша жіберулер осы Қағидаларда көрсетілгеннен жоғары болмайды.

592. Әдіс және бақылауды өлшеу саны және тексерілетін бөліктің орналасқан жері жобалау-құрылымдық құжаттамада бекітіледі.

593. Цилиндрлі, конусты және сфералық элементтерде, дәнекерлеу табағынан дайындалған немесе шындалған темірлерге келесі ауытқулар болады:

1) диаметрі бойынша  $\pm 1\%$  сыртқы немесе ішкі диаметрінің құны;

2) көлденең түйісу соқпақтығы бойынша - 1 % көп емес;

соқпақтық мына формуlamен анықталады:

$$\alpha = \frac{D_{\max} - D_{\min}}{D_{\max} + D_{\min}} \cdot 200\%$$

мұндағы  
 $D_{\max}, D_{\min}$

- бір түсікте өлшенетін максималды және минималды ішкі немесе сыртқы диаметрінің сәйкестігі;

3) тұзу - 0,3 % көп емес барлық цилиндрлік ұзындық бөлігі, ұзындығы 5 м бөлік;

4) жергілікті қабырға қалындығын есептеп шығарады;

5) жаншылу тереңдігі және пішіннің сырттың жергілікті ауып кетулері бұйымға конструкторлық құжаттамаларда жоқтығы төзімдік есебімен негізделеді.

594. Бу өнімділігі 2,5 т/с аспайтын қазандар үшін көлденең қима сопақтығын элемент беріктігіне есептеумен дәлелдеу жағдайында 1,5% дейін ұлғайтуға болады.

595. Шығынқы түптердегі өлшемдердің рұқсат етілген ауытқулары:

1) қалыппен бақыланатын шығынқы бөліктің берілген формасынан ауытқу бойынша, 500 мм астам ішкі диаметр кезінде түптің ішкі диаметрі 1,25% аспайды және 500 мм және кем ішкі диаметр кезінде 5 мм аспайды;

2) қалыптау кезінде созуға алып келетін қабырғаның жінішкеруі бойынша, егер үлкен жінішкеруді жіберу беріктікке есептеулермен қаралмаған болса, қабырғаның номиналды қалындығы 10% аспайды;

3) ішкі немесе сыртқы диаметрі бойынша:  $\pm 1\%$  цилиндрлік борттың бір қимасындағы өлшемдер бойынша диаметрлердің максималды және минималды мәндерінің айырмашылығы бойынша номиналды диаметрдің;

4) түптің цилиндр бортының көлденең қимасының сопақтығы бойынша 1% аспайды

596. Құбырлардан дайындалатын бөлшектердің көлденең қимасының диаметрі және сопақтығы бойынша ауытқу өнімге белгіленген мәндерден жоғары болмайды.

597. Барлық өдірістік операцияларды аяқтағаннан кейін көлденең өнімдердің иілімі 1 м ұзындыққа 6 мм және өнімнің барлық ұзындығы бойынша 30 мм жоғары болмайды.

598. Құбырлардың иілген бөліктері қабырғаларының қалындығын бақылау ультрадыбыстық қалындық өлшеуіш көмегімен немесе өлшемдері бірдей иілген

бөліктер топтамасынан таңдау тәртібінде өндірілетін кесуден кейін өлшеумен жүргізіледі. Құбырлардың иілген бөліктерінде қабырға қалындығын бақылау әдісемесі, тәртібі және көлемі жобалау-құрылымдық құжаттамада белгіленеді.

599. Қабырғаның бірдей номиналды қалындығы жабдықтар мен құбыр элементтерінің түйіскен дәнекерленген қосылыстарында дәнекерленетін элементтер (бөлшектер) жиектерінің жіктің сыртқы жағынан ығысуы (сәйкес келмеуі) осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

**Ескерту. 599-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

600. Екі жағынан электр доғары пісірумен, электр қоқысты пісірумен орындалатын жапсарлы дәнекерленген қосылыстарда аталған жиектердің ығысуы тігістің сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да жоғарыламайды.

601. Жиектерді біржақты кесумен жапсарлы дәнекерленген қосылыстарда тігістің ішкі жағынан (тігіс түбірі жағынан) элементтердің (бөлшектердің) жиектерінің ығысуы белгіленген нормалардан жоғары болмайды.

602. Осы Қағидалардың 599 және 600-тармақтарда көрсетілген талаптар Қағидалардың 439-тармақтың талаптарына сәйкес тігіс бетінің еңісті орналасуы есебінен бір қимадан екіншісіне бірқалыпты ауысуын қамтамасыз ету жағдайында қабырғасының түрлі нақты қалындығымен элементтердің дәнекерленген қосылыстары үшін міндетті болып табылмайды.

603. Осы Қағидалардың 599 және 600-тармақтарда көрсетілген нормалар шегінде дәнекерленетін элементтер жиектерінің ығысуы кезінде тігіс беті бір жиектен екіншісіне бірқалыпты ауысуын қамтамасыз етеді.

## **7-параграф. Бұзылмайтын әдістермен бақылау**

604. Дәнекерленген қосылыстардың ішкі ақауларын анықтау үшін бұзылмайтын бақылаудың енетін әдістері қолданылады: радиографиялық және ультрадыбыстық немесе соларға ұқсас; дәнекерленген қосылыс бетінің ақауларын анықтау үшін – магнит ұнтақтық немесе түсті дефектоскопия немесе соларға ұқсас әдістер.

605. Бұзылмайтын бақылаудың сол немесе өзге әдістерін қолдану және оларды үйлестіру осы Қағидаларға, құрылымдық құжаттамаларға сәйкес жүргізіледі.

606. Перлит және мартенсит-феррит топтары болттарынан өнімдерде ультрадыбыстық бақылауға мыналар жатады:

1) қалындығы 30 мм және астам қабырғамен барабандардың барлық жапсарласқан қосындылары – қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

2) қалындығы 15 мм және астам қабырғамен коллекторлар мен құбыр өткізгіштердің барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары – қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

3) ультрадыбыстық бақылау ЖҚҚ талаптарымен қаралған басқа дәнекерленген қосылыстар, ультрадыбыстық бақылаудан толық балқытылған қосылыстар ғана өтеді ( құрылымдық шалапісірілүсіз).

607. Перлит және мартенсит-феррит топтары болттарынан өнімдерде міндettі ультрадыбыстық немесе радиографиялық бақылауға мыналар жатады:

1) қосылыстың барлық ұзындығы бойынша қалындығы 30 мм кем қабырғамен барабандардың барлық жапсарласқан қосындылары;

2) қосылыстың барлық ұзындығы бойынша қалындығы 15 мм кем қабырғамен коллекторлардың барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары;

3) қабырғасының қалындығы 15 мм кем сыртқы диаметрі 200 мм және астам құбыр өткізгіштердің барлық дапсарлы дәнекерленген қосылыстары – қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

4) қабырғасының қалындығы 15 мм кем сыртқы диаметрі 200 мм кем құбыр өткізгіштерде доғалы немесе газбен дәнкерлеумен орындалған жапсарлы дәнекерленген қосылыстар, мынадай көлемде:

жұмыс қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары қазандар үшін қосылыстың барлық ұзындығы бойынша әр дәнкерлеушімен орындалған әр қазанның біртипті жіктерінің жалпы санынан кемінде 20% (алайда кемінде бес жік);

жұмыс қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) және төмен қазандар үшін - әр дәнкерлеушімен орындалған әр қазанның біртипті жіктерінің жалпы санынан кемінде 10% (алайда кемінде бес жік) – қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

5) жұмыс қысымы 10 МПа ( $100 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) және жоғары қызу беті құбырларында доғалы немесе газбен дәнкерлеумен орындалған барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстар, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша, ал бақылау қол жетімсіз болған кезде жік бөліктері қосылыс периметрінің кемінде 50% ұзындығында;

6) жұмыс қысымы 10 МПа ( $100 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) төмен қызу беті құбырларында доғалы немесе газбен дәнкерлеумен орындалған жапсарлы дәнекерленген қосылыстар әрбір бақыланатын қосылыстар периметрінің 50% ұзындықта әрбір дәнкерлеушімен орындалған әрбір қазанның (бужылыштық, экономайзер) бір типті жіктерінің жалпы санынан кемінде 5% (алайда кемінде бес жік);

7) ішкі диаметрі 100 мм және астам жалғастықтармен барабандар мен коллекторлардың барлық дәнекерленген қосылыстары қабырға қалындығына тәуелсіз – қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

8) құйылған элементтердің жапсарлы дәнекерленген қосылыстары, құйылған бөлшектері бар құбырлар, басқа дәнекерленген қосылыстар (сондай-ақ бұрыштық және таңбалы) өнімге НТҚ талаптарымен белгіленген көлемде.

608. Бақылау әдісі (ультрадыбыстық дефектоскопия, радиографиялық бақылау, екі әдіс бірге) металдың физикалық қасиеттері ерекшелігін, аталған бақылау әдісінің

дәнекерленген қосылыстың нақты түрі үшін игерілгендігін есепке ала отырып, жіберілмейтін ақауларды айтарлықтай толық және дәл анықтауды қамтамасыз ету мүмкіндігінен шыға отырып таңдалады.

609. Радиографиялық бақылауға осы Қағидалардың 606-тармағына сәйкес ультрадыбыспен өтетін барабандар мен коллекторлардың жапсарлы бойлай және көлденен дәнекерленген қосылыстардың барлық түйісу орындары жатады.

610. Аустенит тобындағы болаттардан өнімдерде, аустенит тобындағы болаттан элементтердің перлит және мартенсит-феррит тобындағы болаттан элементтермен ілесу орындарында міндетті радиографияға мыналар жатады:

1) жалғанудың барлық ұзындығы бойынша барабандар мен коллекторлардың барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары;

2) жапсарлы байланыстырып дәнекерлеумен орындалғандарды есептемегенде, құбыр өткізгіштердің барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары, жалғанудың барлық ұзындығы бойынша;

3) қызу беті құбырларында доғалы дәнекерлеумен орындалған жапсарлы дәнекерленген қосылыстар әр дәнекерлеушімен орындалған әр қазанның біртипті жапсарларының жалпы санынан кемінде 10% (алайда кемінде он жік) көлемінде, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша, ал жік бөлігін бақылау үшін қол жетімсіздік жағдайында қосылыс периметрінің кемінде 50% ұзындықта;

4) құюлы элементтердің, құюлы бөлшектермен құбырлардың барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

5) ішкі диаметрі 100 мм және астам (қабырғасының қалындығына тәуелсіз) жалғастықтары бар барабандар мен коллекторлардың барлық дәнекерленген қосылыстары, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

6) осы Қағидалардың 610-тармағында көрсетілмеген дәнекерлеу қосылыстарын дәнекерлеу бақылау жөніндегі тиісті шарттар мен нұсқаулықтардың талаптарында белгіленген көлемде басқа да дәнекерлеу қосылыстары (оның ішінде бұрыштық және таврлы).

**Ескерту. 610-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

611. Жөндеу қорытудан өткен жапсарлы дәнекерленген қосылыстар дәнекерленген қосылыстың барлық ұзындығы бойынша радиографиялық немесе ультрадыбыстық тексеріледі. Металл іріктемелерін жөндеу пісіру пісірудің барлық бөлігі бойынша, негізгі металдағы дәнекерлеудің термиялық әсер ету аймағын қоса алғанда, радиографиялық немесе ультрадыбыспен тексеріледі, бөлік бетін магнитұнтақтық немесе капилляр дефектоскопия әдісімен тексереді. Қабырғаның барлық қалындығы бойынша пісіру кезінде бетті бақылауды екі жағынан жүргізеді, бақылау үшін ішкі жаққа қол жетімсіздік жағдайларын ескермегенде.

612. Іріктемелі бақылау кезінде әр дәнекерленген қосылыштардың кемінде үш бөліктерде тексеріледі.

613. Жапсарлы көлденең қосылыштар мен шартты өтуі 250 мм және кем құбырлар немесе жалғастықтардың бұрыштық қосылыштарын іріктемелі бақылау көлемін әр қосылышқа емес, әр қазанда, бу жылдықтың экономайзерде немесе құбыр өткізгіште әр дәнекерлеушімен орындалатын бір типті қосылыштардың жалпы созылымдылығына жатқызуға болады. Мұндай жағдайда бақыланатын жалғастықтар саны кемінде бесеу, олардың әрбіреуі барлық ұзындығы бойынша тексеріледі.

614. Егер пісірушімен орындалған дәнекерленген қосылыштарды іріктемелі бақылау кезінде жол берілмейтін ақаулар анықталған болса, онда бақылаудан осы әдіспен өнімнің дәнекерленген қосылыштарын болып өткен бақылаудан кейін өткен уақыт кезеңінде өнімдерге аталған пісірушімен орындалған барлық ұзындығы бойынша барлық біртипті дәнекерленген қосылыштар өтеді.

615. Радиографиялық және ультрадыбыстық бақылауды ЖҚҚ көрсетілген оларға тең бақылау әдістерімен ауыстыруға болады.

616. Ішкі қысыммен жұмыс жасамайтын пісірілген бөлшектердің дәнекерленген қосылыштарын бақылау көлемі және әдісі құрылымдық құжаттамамен белгіленеді.

#### **8-параграф. Дәнекерленген қосылыштарды механикалық сындау және металлографиялық зерттеу**

617. Механикалық сындаққа дәнекерленген қосылыштардың түйсігін нормативтік-техникалық құжаттама механикалық мінездемеге сәйкес тексеру мақсатында механикалық сындаққа тап болады.

618. Механикалық сындаудың негізгі түрлеріне статикалық созылу, статикалық бүгілу немесе майысу және соғу иілуге сындақтар жатады.

619. Сындақтар көлденең дәнекерленген құралымдар үшін тындырымды шарт осы құралымның тексерісінің бұзылмайтын әдістермен болып табылмайды.

620. Соғу тұтқырлығына сындақтар  $450^{\circ}\text{C}$  жоғары болмайтын есептелген қабырға температурасы кезінде 8 МПа ( $80 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) кем қысыммен жұмыс істейтін бөлшектердің өндірістік дәнекерленген қосылыштары үшін, қабырғасының қалындығы 12 мм кем бөлшектердің барлық дәнекерленген қосылыштары үшін міндетті болып табылмайды.

621. Металлографиялық зерттеу болуы мүмкін ішкі ақауларды (жарылулар, шикіпісірілім, саңылаулар, қоқысты және металл емес қосындылар және т.б.), дәнекерленген қосылыштар мен өнім қасиеттеріне кері әсер ететін металл құрылымы бар бөліктерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

622. Металлографиялық зерттеулер:

1) қосылышты радиографиямен немесе ультрадыбыспен бақылау жағдайында перлит тобындағы болаттан дайындалған бөлшектердің дәнекерленген қосылыштары үшін;

2) бақылау үлгілерін сынау жолымен машинаны жөндеу сапасын ауысым сайын тексеру кезінде автоматтандырылған жұмыс циклімен қазан құбырларын байланыстырып жапсарлы дәнекерлеуге арналған машиналарда байланыстырып дәнекерлеумен орындалған құбыр өткізгіштер мен қызу беті құбырларының дәнекерленген қосылыштары үшін міндettі болып табылмайды.

623. Механикалық қасиеттерді тексеру, металлографиялық зерттеу және кристалл аралық коррозияға сынау өнімнен кесіліп алынатын бақылау немесе өндірістік дәнекерлеу қосылыштарынан дайындалатын үлгілерде жүргізіледі.

624. Бақылау дәнекерленген қосылыштар мыналар түрінде орындалады:

1) шентемірлердің, шығыңқы және тегіс түптердің және торлардың тігістерін бақылау үшін тілмелердің жапсарлы қосылыштары;

2) құбыр өткізгіштер және қазанның қызу беті құбырларының тігістерін бақылау үшін құбырлардың екі кесінділерінің жапсарлы қосылыштары;

3) жалғастықтарды құбыр өткізгіштерге немесе коллекторға пісіруді, сондай-ақ үштармақты қосылыштарды бақылау үшін жалғастықтың (құбыр кесіндісінің) негізгі құбырмен бұрыштық немесе таңбаланған қосылыштары.

625. Бақылау дәнекерлеу қосылыштары бақыланатын өндірістік қосылыштарға ұқсас және өндірістік қосылыштарды дәнекерлеу кезінде немесе технологияны өндірістік аттестаттау кезінде қолданылатын технологиялық процесті толық сақтаумен орындалған.

626. Бақылау қосылыштың термиялық өндірістік қосылыштарға ұқсас және өндірістік қосылыштарды дәнекерлеу кезінде немесе технологияны өндірістік аттестаттау кезінде қолданылатын технологиялық процесті толық сақтаумен орындалған.

627. Егер де бақыланатын дәнекерленген қосылыштар бірнеше рет термоөндірістік қосылыштың барлық жоғары шығарудан өтсе, онда бақылау қосылыштары сол режимдер бойынша сол мөлшерде термоөндірістік қосылыштардың барлық жоғары шығарулары кезіндегі кемінде 80 % ұстамның жалпы уақытының ұстам ұзақтығымен бір реттік шығарудан өткізуге болады.

628. Егер де қайталап сынау кезінде үлгілердің біреуінде белгіленген нормаларды қанағаттандырмайтын көрсеткіштер алынған болса, аталған сынақ түрін жалпы бағалау қанағаттанарлықсыз болып есептеледі.

629. Бақылау дәнекерлеу қосылыштары өндірістік дәнекерлеу қосылыштары үшін қарастырылған бақылаудың бұзылмайтын әдістерімен бақыланады. Бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болған кезде бақылау қосылыштары қайтадан екі

еселенген мөлшерде дайындалады. Егер де қайталанған бұзылмайтын бақылау кезінде қанағаттанарлықсыз нәтижелер алынған болса, онда жалпы нәтиже де қанағаттанарлықсыз болып есептеледі. Мұндай жағдайда материалдар және жабдықтар сапасы және пісіруші біліктілігі қосымша тексеруден өтеді.

630. Өндірістік дәнекерленген жапсарлы қосылыстарды бақылау үшін, бақылау қосылыстарының ұлғайтылған мөлшері қарастырылмаса, 6 ай ішінде әр дәнекерлеушімен орындалған барлық біртипті өндірістік қосылыстарға жоқ дегенде бір бақылау қосылысы жасалады. Пісіруші жұмысында 3 айдан астам үзілістен кейін жаңа бақылау дәнекерлеу қосылыстарын орындау қажет және оны белгіленген көлемде тексеруден өткізу керек.

631. Контактілі дәнекерлеу арқылы орындалатын құбырлардың көлденең қосылыстарын бақылау кезінде әрбір ауысым үшін автоматтандырылған жұмыс циклі бар әрбір дәнекерлеу машинасында орындалған барлық бірдей өндірістік қосылыстар үшін кемінде екі бақылау қосылыстары сыналады.

**Ескерту. 631-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

632. Автоматтандырылған жұмыс циклі бар және бақылау үлгілерін жылдам сынау жолымен машинаны жөндеу сапасын ауысым сайын тексеретін қазан құбырларын юайланыстырып дәнекерлеу үшін машиналарда орындалатын шартты өтуі 100 мм кем және қабырғасының қалыңдығы 12 мм кем құбырлардың көлденең қосылыстарын бақылау кезінде кесіктерді бірдей дайындау кезінде тұрақты режимдерде болаттың бір өлшемімен және бір таңбасымен құбырларды пісіру жағдайында үш тәуліктен аспайтын кезеңде дайындалған өнімдер үшін кемінде екі бақылау дәнекерлеу қосылыстарын сынауға жол беріледі.

633. Бақылау қосылыстарының өлшемдері және саны сынақ үшін үлгілер жиынтығын дайындау үшін жеткілікті. Сонымен қатар сынақтың әр түрі үшін үлгілердің минималды саны мынаны құрайды:

- 1) статикалық созылуға сынау үшін екі үлгі;
- 2) статикалық бүгілуге сынау үшін екі үлгі;
- 3) соғу бүгілуге сынау үшін үш үлгі;
- 4) көміртекті және нашар қосындыланған болаттан дәнекерленген қосылыстарды бақылау кезінде металлографиялық сынау үшін бір үлгі (тілім) және жоғары қосындыланған болаттан дәнекерлеу қосылыстарын бақылау кезінде екеу;
- 5) кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділікке сынау үшін екі үлгі.

634. Сыртқы диаметрі 108 мм аспайтын құбырлардың бақылау қосылыстарын статикалық бүгілуге сынауды майысуға сынуамен ауыстыруға болады. Майысуға сынауды жобалық-техникалық құжаттамада қаралған жағдайларда жүргізіледі.

635. Бақылаудағы бұрыштама және таңба қосындысы ішкі ақауды анықтау мақсатында металлографиялық зерттеу үшін тілімтас ойылады (қоқыс, металды қосып жіберу, және т.б.).

636. Дәнекерленген қосындының механикалық мінездемесі жобада белгіленген нормадан төмен болмауы тиіс.

637. Механикалық сынаудың қандай-да бір түрі бойынша қанафаттанарлықсыз нәтижелер алынған кезде қанафаттанарлықсыз нәтижелер алынған сынақ түрі бойынша, сол бақылау дәнекерлеу қосылыстарынан кесілген үлгілердің екі еселенген мөлшерінде қайталап сынақ жүргізуге болады. Аталған дәнекерленген қосылыстардан үлгілерді кесіп алу мүмкін болмаған жағдайда қайталап механикалық сынаулар (екі еселенген көлемде) бақыланатын өнімнен кесіп алынған сол пісірушімен орындалған өндірістік бақылау қосылыстарында жүргізіледі.

638. Егер де қайталап сынау кезінде үлгілердің біреуінде белгіленген нормаларды қанафаттандырмайтын көрсеткіштер алынған болса, аталған сынақ түрін жалпы бағалау қанафаттанарлықсыз болып есептеледі.

639. Сынақ кезінде әр бақылау дәнекерлеу қосылысы үшін механикалық қасиеттер көрсеткіштері жекелеген үлгілерді сынау нәтижелерінің орташа арифметикалық ретінде анықталады.

640. Егер үлгілердің біреуінде сынақтың кез келген түрі бойынша белгіленген нормалардан ерекшеленетін 10%-ға төмендеу жағына, соғы тұтқырлығы бойынша 10 Дж/см<sup>2</sup>(1 кгс. м/см<sup>2</sup>) нәтиже берсе, жалпы нәтиже қанафаттанарлықсыз болып есептеледі.

#### **9-параграф. Кристалл аралық коррозияға сынау, стилоскоптау және қаттылық өлшемі**

641. Кристалл аралық коррозияға қарсы төзімділікке сынау аустенит болаттардан жасалған бөлшектердің дәнекерленген қосылыстарының коррозияға төзімділігін растау үшін сынақ құрастыру құжаттарының талабы бойынша жүргізіледі.

642. Болатты легірлеу кезінде болаттың және дәнекерлеу материалдарына сәйкес тексеру құрастыру құжаттының талабымен дәнекерленетін бөлшектің және дәнекерлеу жапсары металды стилоскоптауарқылы жүргізіледі. Дәнекерленетін бөлшектің маркировкасы болған жағдайда стилоскоптау міндетті емес.

643. Қаттылықты бақылау қажеттілігі және көлемі құрастыруши ұйыммен анықталады және дәнереклеу жобалау-құрылымдық құжаттамада көрсетіледі, сонымен қоса қаттылық дәнекерлеу қосындысы көлденеңінен төрт нүктеден кем емес тексеріледі.

#### **10-параграф. Дәнекерлеу қосылыстары сапасын бағалау нормалары**

644. Дайындаушы ақаулары бар өнімдерді шығаруды болдырмайтын, пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шектен сенімділікті төмендететін дайындау сапасын бақылау жүйесін қолданады. Дәнекерлеуге және бұйымдарға дәнекерлеу қосылыстары сапасын бағалау нормаларымен нормативтік-техникалық құжаттамамаен белгіленеді және жобалу-құрылымдық құжаттамада көрсетіледі.

645. Егер бақылау кезінде осы Қағидамен және дәнекерлеу нормативтік-техникалық құжаттамада бекітілген норма шегінен шығатын ішкі немесе сыртқы ақаулар анықталса дәненкерлеу қосылыстарының сапасы жарамсыз болып табылады.

646. Дәнекерлеу қосылыстары қазан элементтері, бужылытқыш және үнем майзерлерне мына ақаулар жіберілмейді.

1) барлық жапсырма, ара тігістің металында пейілді барлық көріністің және бағыттың жіктері, ша ағызылудың сзығының және негізгі металдың тігіс бойы зонасына, соның ішінде және, микрозерттеу кезінде анықталатын микрожарықтар;

2) дәнекерленген құралымның (жеке үйіндінің және тігістің қабаттарының арасында және негізгі металдың және тігістің металының арасында) қимасына бетте пейілді (емес ағызылулар);

3) бұрыштама және тавровых пүшпақтың мүшелеуімен орындаған дәнекерленген құралымның шынында(түптер);4) кеуектер, жалпы тор түрінде орналасқан;

4) тұтас тор түрінде орналасқан саңылаулар;

5) қаспақтар;

6) дәнекерленбекен картерлер;

7)түрінде тұтас тордың пейілді кездер;

8) метал тігісі;

9) күйдіру және негізгі металдың (құбырдың түйістің дәнекерлеушісінде) балқыту;

10) пүшпақтың жылжуы шамадан жоғарылығы осы Қағидалардың 599, 600 және 601 тармақтарында қарастырылған.

## 11-параграф. Гидравликалық сынау

647. Барлық қазандықтың, буды аса қыздырғыштың және экономайзердің барлық элементтері, гидравликалық сынақтан өтуге жатады:

648. Қазандықтарға гидравликалық сынақ жасау қауіпсіздік шараларын көрсетілген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

649. Дайындалуы орнатқан жерде аяқталатын, құрастыратын орынға бөліктерімен тасымалданатын элементтер немесе блоктар құрастыру орнында гидравликалық сынақтан өткізіледі.

650. Қазанның, буды аса қыздырғыштың және экономайзердің барлық элементтерін , барлық дәнекрленген және басқа қосылыстарды тексеру мақсатында гидравликалық сынақтан өтуге мыналар жатады:

1) барлық құбырлы, құйылған, қалыпқа келтірілген және басқа да элементтер мен бөлшектер, арматура, егер де олар дайындау орындарында гидравликалық сынақтан өтпесе; егер де олар 100-пайыздық ультрадыбыспен немесе соған ұқсас дефектоскопияның бұзылмайтын бақылау әдісімен бақылаудан өтпесе аталған элементтер мен бөлшектерді гидравликалық сынау міндettі болып табылмайды;

2) жиналған қүйіндегі қазан элементтері (пісрілген жалғастықтары немесе құбырлары бар барабандар және коллекторлар, қыздыру беті және құбыр өткізгіштер блоктары және т.б.). Құбыр өткізгіштер блоктары мен коллекторларын гидравликалық сынау, егер де оларды құрайтын элементтердің барлығы гидравликалық сынақтан өткен болса немесе 100-пайыздық ультрадыбыспен бақылаудан немесе басқа да ұқсас бұзылмайтын бақылау әдісімен бақылаудан өткен болса, ал бұл жинау элементтерін дайындау кезінде орындалатын барлық дәнекерленген қосылыстар барлық ұзындығы бойынша бұзылмайтын бақылау әдісімен (ультрадыбыспен немесе радиографимен) тексерілген болса, міндettі болып табылмайды;

3) дайындау немесе монтаждаудан кейінгі қазандар, буды жылытқыштар және экономайзерлер.

651. Егер дайындау немесе монтаждау жағдайында оларды қазаннан жеке сынау мүмкін болмағанда жекелеген және жиналған элементтерді қазанмен бірге гидравликалық сынақтан өткізуге болады.

652. Қазан шегінде қазандар, буды қыздырғыштар, экономайзерлер, құбыр өткізгіштер үшін гидравликалық сынау кезінде Р сынақ қысымының минималды мәні төмендегідей қабылданады:

$0,5 \text{ МПа} (5 \text{ кгс}/\text{см}^2)$  аспайтын жұмыс қысымы кезінде

$p = 1,5 r$ , алайда кемінде  $0,2 \text{ МПа} (2 \text{ кгс}/\text{см}^2)$ ; h

$0,5 \text{ МПа} (5 \text{ кгс}/\text{см}^2)$  астам жұмыс қысымы кезінде

$p = 1,25 r$ , алайда кемінде  $p + 0,3 \text{ МПа} (3 \text{ кгс}/\text{см}^2)$ . H

653. Қазандық барабандарында гидравликалық сынақтарды жүргізу кезінде. Сонымен қатар бу қыздырғыштар және экономайзерлер қазандық барабандарының қысымында қабылданады жәнекүштеп айналдырумен – қазандыққа кірер жолдағы сорғыш судың қысымы құрылымдық құжаттамада белгіленген.

654. Сынау қысымының максималды мәні төзімділікке есептеулермен белгіленеді.

655. Жоба гидравликалық қысымға ұшыраған элементтегі ақаулардың ең көп анықталуын қамтамасыз ететін көрсетілген шектерде сынақ қысымының мәнін тандайды.

**Ескерту. 655-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

656. Қазанды, оның элементтерін және жекелеген өнімдерді гидравликалық сынау термоөндөуден кейін және анықталған ақауларды бақылау, жоюдың барлық түрлерінен кейін жүргізіледі.

657. Гидравликалық сынау  $5^{\circ}\text{C}$  төмен болмайтын және  $40^{\circ}\text{C}$  жоғары болмайтын температурамен суда жүргізіледі, егерде құрастыру құжатында нақты температура көрсетілмесе.

658. Сынау кезінде металл мен қоршаған ауа температурасы айырмашылығы сынау объектісі бетінде ылғалдың түсін болдырмайды. Гидравликалық сынау үшін пайдаланылатын су жабдықты ластамайды және қарқынды коррозияға алыш келмейді.

659. Қазанды, автономды буды қыздырғышты, экономайзерді сумен толтырған кезде ішінен ауа жойылады.

660. Қысымның көтерілуінің жалпы уақыты қазанды монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетіледі; егер де мұндай нұсқау нұсқаулықта болмаса, онда қысымның көтерілуі кемінде 10 мин.

661. Сынақ қысымын ұстау уақыты кемінде 10 мин. Сынақ қысымымен ұстаганнан кейін қысымды жұмыс істейтінге дейін түсіреді, бұл қысыммен барлық дәнекерленген, жаншылған, жамалған және алмалы салмалы қосылыстарды қарау жүргізіледі.

662. Сынау кезіндегі су қысымы екі манометрмен бақыланады, олардың біреуінің 1,5 төмен болмайтын дәлдік тобы болады.

663. Қысымды көтеру үшін сығылған ауаны немесе газды пайдалануға болмайды.

664. Объект сынақтан өтті деп есептеледі:

- 1) көрінетін қалдық деформация;
- 2) жарылулар немесе бөліну белгілері;

3) дәнекерленген, жаншылған, алмалы-салмалы және жамалған қосылыстарда және негізгі металанықталмаса.

665. Жаншылған және алмалы-салмалы қосылыстарда уақыт ұстамы кезінде өлшемі ұлғаймайтын жекелеген тамшылардың пайда болуына жол беріледі.

666. Гидравликалық сынақтан кейін суды аулақтау жүргізіледі.

667. Қазанның, буды қыздырғыштың немесе экономайзердің бірнеше элементтері үшін бір уақытта немесе барлық өнім үшін жалпы гидравликалық сынақты жүргізуге болады, егер мынадай талаптар орындалған болса:

1) әрбір біріктірілетін элементте сынақ қысымы мәні осы Қағидалардың 652-тармағында көрсетілгеннен кем емес;

2) сынақ қысым мәні осы Қағидалардың 652-тармағында көрсетілгеннен кем қабылданатын элементтердің негізгі металын және дәнекерленген қосылыстарын тұтас бұзылмайтын бақылау әдістерімен жүргізіледі.

## 12-параграф. Ақауларды түзету

668. Монтаждау немесе сынақ барысында анықталған ақаулар түзетілген бөліктерді кейіннен бақылау арқылы жойылады.

669. Жоғарғы қабаттағы ақауларды жою орындарында біртіндеп ауысады қамтамасыз ету арқылы механикалық тәсілмен жүргізеді.

670. Олардың сұрыпталған жерін дәнекерлемей жоғарғы қабаттағы ақауларды түзетуге сұрыптаманың максималды терең жеріндегі бөлік қабырғасының минималды рұқсат берілген қалыңдығын сақтаған жағдайда жол беріледі.

671. Ишкі ақауларды немесе ақаулы бөліктерді жою механикалық тәсіл арқылы жойылады. Техникалық кесу (сүргілеу) тәсілдері құрастыру құжатында қарастырылған жағдайда қолдануға рұқсат беріледі.

672. Сұрыптаманы дәнекерлеу, жіберілген металды дәнекерлеуге термиялық өндеу (жергілікті немесе жалпы) тәсілдері құрастыру құжатында қарастырылған жағдайда жол беріледі.

673. Егер түзетілген бөлікті бақылау кезінде ақаулар анықталса, онда бірінші түзету кезіндегі тәртіппен қайта түзетуді жүргізуге рұқсат беріледі. Қайта түзетуді жүргізгеннен кейін ақауларды түзету мүмкіндігін ұйымның техникалық басшысы шешеді.

674. Құбырдың ақаулы дәнекерленген қосылысын кесу жағдайында және құбыр кесіндісі түрінде қосындыны кейіннен пісіру жағдайында екі жаңадан орындалған дәнекерленген қосылыстар түзетілген болып саналмайды. Термиялық әсер ету бөлігінен тігіс металын жою арқылы дәнекерленген тігіс бойынша кесілетін қайта түзетілген болып саналмайды.

675. Дәнекерленген қосылыстардың ақауларын түзету қосындысы ақауларын түзетуге сұрыптаманың максималды терең жеріндегі бөлік қабырғасының минималды қөлемі құрастыру қарастырылады.

676. Бөліктің үстінгі ақауларын дәнекрлеусіз жою капилляр немесе магнитті ұнтақты дефектоскопиямен немесе айдаумен тексеріледі.

677. Түзетілген бөліктің үстінгі немесе ішкі ақауларын дәнекерлеумен радиография немесе ультрадыбыстық дефектоскопия әдісімен тексеріледі, сонымен қатар магнитті-ұнтақ немесе капиллярлы бақылауда болады. Аталған бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген қөлемде қарастырылады.

### 13-параграф. Құжаттау және таңбалалау

678. Әрбір қазандықты, автономды бу қыздырғышты және экономайзерді дайындаушы тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 24-қосымшасына сәйкес паспортымен жеткізеді.

**Ескерту. 678-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

679. Жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдағыштармен жұмыс істейтін қазандықтар осы Қағидаларға 25-көсімшабаға сәйкес паспорттарымен жеткізіледі.

Ескерту. 679-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

680. Жабдықтар паспортына есептелген қызмет мерзімі кезеңінде монтаждау және пайдаланған жағдайда металды жөндеу және бақылау талаптарынан тұратын монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулық қоса беріледі.

681. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

682. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

683. Әр қазанда, автономды буды аса қыздырғышта және экономайзерде соғу тәсілімен салынған паспорт деректерін таңбалаумен тақтайша бекітіледі. Соғу тәсілімен бірдей көрініс нақтылығын және ұзақтығын қамтамасыз ететін механикалық, электрографикалық немесе электрохимиялық таңбалауға жол беріледі.

684. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

685. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

686. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

687. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **12-тарау. Арматура, бақылау-өлшеу құралдары және қорек құрылғылары**

Ескерту. 12-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-параграф. Жалпы ережелер**

688. Жұмысты басқаруға, қауіпсіз жағдайды қамтамасыз ету және қазандарды пайдаланудағы есептік режимі мыналармен жабдықталады:

- 1) құрылғы, қысымды өлшеуді реттейтін (реттеуші құрылғы);
- 2) су деңгейінің көрсеткіштерімен;
- 3) манометрлермен;
- 4) температураны өлшеуге арналған аспаптармен;
- 5) бекіткіш немесе бекіткіш-реттейтін арматуралармен
- 6) сақтандырғыш құрылғылармен;
- 7) көрек құрылғылармен.

689. Қазан жобасында режимдерді реттеуді, параметрлерді бақылауды, жабдықты ажыратуды, сенімді пайдалануды, қауіпсіз қызмет көрсету және жөндеуді қамтамасыз ететін арматура, өлшеу, автоматика және қорғаныс құралдары қарастырылады.

## 2-параграф. Сақтандыру құрылғылары

690. Ішкі көлемі тиектеулі органдармен шектелген қазанның әрбір элементі жұмыс ортасын атмосфераға немесе кәдеге жаратушы жүйеге шығару жолымен қысымның рұқсат етілгеннен жоғары артуын автоматты болдырмайтын сақтандыру құрылғыларымен қорғалады.

691. Қызу бетінің бірінші бөлігі (су жүрісі бойынша) қазанды қыздыру немесе тоқтату кезінде қыздыру бетінің басқа бөліктерінен тиектеулі органдармен ажыратылатын тікелей нүктелік бу қазандарында сақтандыру клапандарын орнату, олардың көлемі және өлшемдері бірінші бөлігі үшін қазанды дайындаушымен анықталады.

692. Сақтандыру құрылғылары ретінде мыналар қолданылады:

- 1) тіке әсер ететін рычагты-жүк сақтандырғыш клапандары;
- 2) тіке әсер ететін серіппелі сақтандырғыш клапандар;
- 3) импульсты сақтандырғыш құрылғылар (бұдан әрі-ИСК).

693. Қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары бу қазандарында (жылжымалы қазандардан басқа) тек қана импульсті сақтандыру клапандары орнатылады; жылжымалы қазандарға серіппелі сақтандырғыш орнатылады.

694. Рычагты-жүк және серіппелі клапандардың өту диаметрі (шартты) кемінде 20 мм. Клапандардың шартты өтуін бу өнімділігі 0,2 т/с дейін және қысымы 0,8 МПа ( $8 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қазандар үшін 15 мм дейін кішірейту екі клапан орнатқан кезде жол беріледі.

695. Әр бу және су жылжыту қазанында және жұмыс ортасы бойынша ажыратылатын буды қыздырғышта кемінде екі сақтандыру құрылғысы орнатылады. Осы Қағиданың

784-тармағына сәйкес автоматты құрылғылармен жабдықталған отынды камералық жағумен су жылыту қазандарында сақтандыру клапандарын және импульсты сақтандырғыш құралдар орнатпауга болады.

696. Импульсті клапанды импульсті сақтандырғыш құрал басты сақтандыру клапанымен жалғайтын құбырлардың шартты өтуі кемінде 15 мм өткізу қабілетінің есебі анықталады.

697. Бу қазанында орнатылған сақтандыру құрылғыларының жалпы өткізу қабілеті қазанның номиналды жиынтық өнімділігінен кем болмайды.

698. Бу және су жылыту қазандықтарының сақтандырғыш құрылғыларының өткізу қабілетінің есебі "Бу және су жылыту қазандықтарының сақтандырғыш клапандары. Техникалық талаптар" МЕМСТ 24570-81 сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 698-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

699. Сақтандыру клапандарының өткізу қабілеті клапандарды дайындаушылармен жүргізілген аталған құрылымның басты клапан ұлгісін сәйкес сынаулармен расталады және клапан паспортында көрсетіледі.

700. Сақтандыру құрылғылары мыналарда орнатылады:

1) жоғарғы барабанда немесе құрғақ булағышта буды қыздырғышсыз табиғи айналыммен бу қазандарында;

2) тікелей нүктелік бу қазандарында, сондай-ақ шығу коллекторларында немесе шығу бу құбырында мәжбүрлі айналыммен қазандарда;

3) су жылыту қазандарында шығу коллекторларында немесе барабанда;

4) аралық буды қыздырғыштарда бу кіретін жақта буды қыздырғыштың барлық сақтандыру құрылғыларын орнатуға жол беріледі;

5) су бойынша ажыратылатын экономайзерлерде судың кіру және шығу жағынан кемінде бір сақтандыру құрылғысы бойынша.

701. Қазанда ажыратылмайтын буды қыздырғыштар болған кезде өткізу қабілеті қазанның номиналды өнімділігінен кемінде 50% өткізу қабілетімен сақтандыру клапандарының бөлігі буды қыздырғыштың шығу коллекторында орнатылады.

702. Жұмыс қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) астам бу қазандарында импульстік сақтандыру клапандары (тікелей әрекет етпейтін) ажыратылмайтын буды қыздырғыштың шығу коллекторында немесе бас тиектеулі органға дейін бу құбырында орнатылады, сонымен қатар сынаманы сұрыптаудың жалпы өткізу қабілеті бойынша 50% клапандар үшін барабан қазандарында импульстер үшін қазан барабанынан жүргізіледі.

703. Клапандарды бу құбырларында орнату жағдайында блокты қондырғыларда тікелей турбиналарда барлық клапандар импульстері үшін жылытылған буды

пайдалануға жол беріледі, сонымен қатар 50 % клапандар үшін қазан барабанына қосылған байланыс манометрінен қосымша электр импульсті жіберуге жол беріледі.

704. Бұды аралық жылытатын энергетикалық блоктарда турбинаның жоғары қысымды цилиндрінен аралық буды жылытқышқа келіп түсетін будың максималды мөлшерінен кем болмайтын өткізу қабілетімен сақтандыру клапандары орнатылады. Жоғары қысымды цилиндр артынан ажыратушы арматура болған кезде қосымша сақтандыру клапандары орнатылады. Бұл клапандар аралық буды қыздырғыш жүйесін аса жоғары қысым көздерімен байланыстырытын, аралық қыздыру жүйесіне кіре берісте өзінің сақтандыру клапандарымен қорғалмаған құбыр өткізгіштердің жалпы өткізу қабілеті, сондай-ақ бу температурасына реттеудің бу және газ булы жылу алмастырғыш аппараттарының жоғары қысымды құбырлары зақымдалған кезде пайда болуы мүмкін будың ықтимал ағып кетулері ескеріле отырып есептеледі.

705. Ажыратылатын экономайзерлер үшін сақтандыру клапандарын орнату орындары, оларды реттеу әдістемесі және ашу қысымының мәні экономайзер паспортында дайындаушымен көрсетіледі.

706. Қазандарда, буды қыздырғыштарда, экономайзерлерде сақтандыру клапандарын реттеу әдістемесі және кезенділігі және оларды ашуды бастау қысымы дайындаушымен қазанды монтаждау және пайдалану бойынша нұсқаулықта көрсетіледі. Салқын өнеркәсіптік жылыту бу құбырларында орнатылған сақтандыру клапандарын ашуды бастауды анықтау үшін есептелген қысым ретінде өнеркәсіптік қыздыру жүйесінің тәмен температуралы элементтері үшін ең аз есептелген қысымды қабылдау қажет.

707. Сақтандыру клапандары қазандарды, буды қыздырғыштарды және экономайзерлерді олардағы қысым есептелгеннен (рұқсат етілгеннен) 10 %-ға жоғарылауынан қорғайды. Сақтандыру клапандарын толық ашу кезінде қысымның есептелгеннен 10%-ға жоғарылауы, егер де бұл қазанның, буды қыздырғыштың және экономайзердің төзімділігіне есеппен қарастырылған болса, жол беріледі.

708. Сақтандыру құрылғысын қорғалатын элементпен байланыстырытын келте құбырдан немесе құбыр өткізгіштен ортаны сұрыптаап алуға жол берілмейді.

709. Сақтандыру құрылғылары қорғалатын объектке тікелей жалғанатын құбыр өткізгіштерде немесе келте құбырларда орнатылады, тікелей әрекет ететін сақтандыру клапанын жалғау орнынан орнату орнына дейінгі бөлікте, құбыр өткізгіш кедергісі клапанды ашу басындағы қысым мәнінен 3% жоғары болмайды.

710. Тиектеу органдарын будың клапандарға берілуінде және импульстік сақтандыру құрылғыларының импульстік және басты клапандары арасында құбыр өткізгіштерде орнатуға жол берілмейді.

711. Жүк немесе серіппелі клапан құрылымы оны мәжбүрлі ашу жолымен қазаның жұмыс уақытында клапан әрекетінің ақаусыздығын тексеруге арналған құрылғыны

қарастырады. Импульсті сақтандырғыш құрылғы клапанды басқару қалқанынан қашықтықтан мәжбүрлі ашуды жүргізуге мүмкіндік береді.

712. Серіппелі клапандар құрылымы серіппені белгіленген өлшемнен жоғары тарту мүмкіндігін қарастырмайды. Клапандар серіппелері шығатын бу ағынының тікелей әсерінен қорғалады.

713. Сақтандыру клапандарының клапан іске қосылған кезде персоналды қүйіп қалудан қорғайтын бұрып әкететін құбыр өткізгіштері болады. Бұл құбыр өткізгіштер қатып қалудан қорғалады және оларда жиналатын конденсатты ағызып жіберу үшін дренаждармен жабдықталады. Дренаждарда тиектеу құрылғыларын орнатуға жол берілмейді.

714. Су жылыту қазанының, экономайзердің сақтандыру клапандарынан суды бұрып әкететін құбыр судың еркін ағу желісіне қосылады, сонымен қатар сондағы секілді ағызу желісінде қандай да бір тиектеу органдарының болуына жол берілмейді; суды бұрып әкететін құбырлар жүйесінің және еркін ағызып жіберу желісінің құрылышы адамдардың қүйіп қалу мүмкіндігін болдырмайды.

715. Сақтандыру клапаны тапсырыс берушіге оның өткізу қабілетіне сипаттамасы қамтылған паспортымен жеткізіледі.

### **3-параграф. Су деңгейінің көрсеткіштері**

716. Эр бу қазанында тікелей нүктеліктен басқа тікелей әрекет ететін кемінде екі су деңгейін көрсеткіш орнатылады. Қосалқы ретінде қосымша тікелей әрекет етпейтін су деңгейін көрсеткіштерді орнатуға болады. Қазандағы су деңгейін көрсеткіштерді орнату орны және саны, сондай-ақ барабандарда сатылы булануы немесе шығарылатын сепараторы бар, қазанды жобалаушы ұйыммен анықталады.

717. Эр су деңгейін көрсеткіштің өзіндік қазан барабанына қосылуы болады. Екі су деңгейін көрсеткішті диаметрі кемінде 70 мм жалғау құбырында (бағанында) орнатуға болады.

718. Су деңгейін көрсеткіштерді ұзындығы 500 мм дейін құбырлар көмегімен қазанмен жалғау кезінде олардың ішкі диаметрі кемінде 25 мм, ал 500 мм астам ұзындық кезінде - кемінде 50 мм. Оларда, шекті деңгей дабылдарынан басқа, аралық ернемектерді және тиектеулі органдарды орнатуға жол берілмейді. Аталған талап су деңгейін көрсеткіш құрамына кіретін тиектеулі органдар ернемектеріне қатысты емес.

719. Тікелей әрекет ететін деңгей көрсеткішке және оның жалғанатын құбырларына немесе штуцерлеріне басқа аспаптарды жалғауға болмайды, егер деңгей көрсеткіш жұмысы бұзылмаса, судың шекті деңгейі дабылы құрылғысынан басқа.

720. Су деңгейін көрсеткішті қазанмен жалғайтын құбырлар сырт пішіні оларды су қатпарларының түзілуін болдырмайды және құбырларды тазалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жалғау құбырлары отынды жану өнімдерімен жылулық қызудан және қатудан қорғалады.

721. Бу қазандарының тікелей әрекет ететін деңгей көрсеткіштерінде тек қана тегіс мөлдір қабықшалар қолданылады. Сонымен қатар жұмыс қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қазандар үшін кедір-бұдырланған қабықшалар секілді екі жақ беті тегіс болатын қабықшаларды да қолдануға болады. Жұмыс қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) астам қазандар үшін қабықшаларды тікелей су және бу әсерінен әсерінен қорғайтын слюдалық төсемі бар тегіс қабықшалар немесе слюдалық қабықшалар жиынтығы қолданылады. Қарау қабықшаларын оларды слюдамен қорғаусыз қолдану егер олардың материалы сәйкес температура және қысым кезінде оларға су мен будың коррозиялық әсеріне қарсы төзімді болып табылса, қолдануға болады.

722. Тікелей әрекет ететін су деңгейін көрсеткіштер тік немесе 30 градус бұрышпен алға қарай еніспен орнатылады, су деңгейі машинистің (оператордың) жұмыс орнынан жақсы көрінетіндей орналыстырылған және жарықтандырылған.

723. Қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) астам қазандарда тікелей әрекет ететін су деңгейін көрсеткіштер мөлдір қабықшалардың бұзылуынан персоналды қорғау үшін қаптамалармен жабдықталады.

724. Су деңгейін көрсеткіштің қарау саңылауының ені кемінде:

- 1) 8 мм – шыны мөлдір қабықшаларды қолдану кезінде;
- 2) 5 мм – слюдалық қабықшаларды қолдану кезінде.

725. Су деңгейін көрсеткіштер қазанды және үрлеуді ажырату үшін тиектеулі арматурамен (крандармен немесе вентильдермен) жабдықталады.

726. Тиектеулі арматурада ашу және жабу бағыты, ал кранда өту саңылауының жағдайы көрсетіледі (құйылған, соғылған немесе бояумен жағылған). Тиектеулі арматураның өту ішкі диаметрі кемінде 8 мм.

727. Су көрсеткіш құралдарды үрлеу кезінде суды шығару үшін қорғаныс құрылғысы бар және еркін ағызу үшін ағызып аппаратын құбырмен тұтікшелер қарастырылады.

728. Барабанда 4,5 МПа ( $45 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) астам қысым кезінде су деңгейін көрсеткіштер екі кезегімен орналасқан оларды қазаннан ажырату үшін тиектеулі органдармен жабдықталады. Екінші тиектеулі тез әрекет ететін орта қарастырылады.

729. Тиектеулі орган ретінде конус тәрізді тығынмен кранды жұмыс қысымы 1,3 МПа ( $13 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қазандарда қолдануға болады.

730. Су жылыту қазандарында қазан барабанының жоғары бөлігінде орнатылған сынау кранын қолдану қарастырылады, ал барабан болмаған кезде – қазаннан судың тиектеулі құрылғыға дейін магистарльды құбыр өткізгішіне шығуында.

731. Су деңгейін көрсеткіштің мөлдір элементінің биіктігі әр жағынан кемінде 25 мм жіберілетін судың шекті деңгейінен жоғары болады. Тікелей әрекет ететін және тікелей әрекет етпейтін әр су деңгейін көрсеткіште рұқсат етілетін жоғарғы және төменгі деңгейлер көрсетіледі.

732. Бірнеше жеке су көрсеткіш қабықшалардан тұратын су деңгейін көрсеткіштерді орнату кезінде соңғылары олар қазандағы су деңгейін үздіксіз көрсететіндегі орналастырылады.

733. Егер бу қазанындағы су деңгейін бақылайтын алаңнан текелей әрекет ететін су деңгейін көрсеткішке дейінгі ара қашықтық 6 м астам болса, аспаптар нашар көрінген жағдайда екі төмендетілген қашықтықтан деңгей көрсеткіштер орнатылады. Мұндай жағдайда қазан барабандарында бір текелей әрекет ететін су деңгейін көрсеткішті орнату қарастырылады.

734. Төмендетілген қашықтықтан деңгей көрсеткіштер қазан барабанынан басқа су деңгейін көрсеткіштерге тәуелсіз жеке штуцерлерде жалғанады және басатын құрылғысы болады.

#### **4-параграф. Манометрлер**

735. Әр бу қазанына будың қысымен көрсететін манометр орнатылады. Жылу өнімділігі 10 т/ч және 21 ГДж/ч (5 Гкал/ч) астам бу қазандар үшін тіркеу манометрлері орнатылады.

736. Манометр қазан барабанына орнатылады, қазанда буды аса қыздырғыш және бас қозғалтқышқа бу қайнатқыш болғанда. Тіке қазанға манометр буды аса қыздырғыштың артына тиектің алдына орнатылады.

737. Паровозда, локомобиль бу қыздырғыштарға, ыстық құбыр қазандарға және вертикальді түрдегі казанға манометр орнатылмайды.

738. Бу қазанына манометр қазандағы су құнарын реттеуші, құнарландыру жол құралының алдына орнатылады. Егер қазандықта кемінде 2 ч/т бу шығаратын бірнеше қазан орнатылса әр қазан жалпы құнарладыру жолындағы бір манометрге орнатылады.

739. Су құбыры торларын қолданғанда екінші сору насосы орнына жақын жерде орналасқан су құбыры торларына манометр орнатылады.

740. Ажыратылатын су экономайзерге манометр орнатылады: судың тиек жабдығына және сақтандыру клапанына шығуына дейін, судың тиек жабдығына және сақтандыру клапанына кіруге дейін. Егерде экономайзерге дейін жалпы қоректеу жолардына манометр орнатылса әр экономайзерге енгізу қажет емес.

741. Су жылтыратын қазанда манометр қазанға су кіреберісіне орнатылады және қазаннан жылыған судың шығатын жеріне, биіктігі бір деңгейде орналасқансінірімдік және айдамалы жолдағы айнамалы сорғыш орнатылады, сонымен қатар қазанның сору немесе жылу құбыры кезінде.

742. Манометрлер дәлдік тобы:

- 1) 2,5 - жұмыс қысымы 2,5 МПа ( $25 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін;
- 2) 1,5 - жұмыс қысымы 2,5 МПа астам 14 МПа ( $25 \text{ до } 140 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін;
- 3) 1,0 - жұмыс қысымы 14 МПа ( $140 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) астам болғанда төмен болмайды.

743. Манометр жұмыс қысымның өлшем шегі пайдалану талаптарына сәйкесті шкаланың үштен екінде болатында шкаламен бекітуге рұқсат етеді.

744. Пайдалану шарттарына сәйкес келетін жұмыс қысымын көрсететін манометр шкаласының бөлігі деңгейінде қызыл сзыық жүргізіледі.

**Ескерту. 744-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

745. Қызыл сзыықтың орнына манометрдің корпусына қызыл түске боялған және манометрдің шынысына жапсарлас тығыз орналасатын металды пластина бекітіледі.

746. Манометр оның көрсеткіштері қызмет көрсетуші персоналға айқын көрінетіндей етіп орнатылады. Оның шкаласы көрсеткіш жақсы көрінуі үшін тік немесе 30° дейін алға еніспен орналастырылады.

747. Оларды қадағалау алаңының деңгейінен 2 м биіктікте орнатылатын манометрлердің корпусының номиналды диаметрі 100 мм кем емес, 2-ден 3 м дейінгі биіктікте-160 мм кем емес, 5 м астам биіктікте кемінде 250 мм. 5 м астам биіктікте манометрді орнату кезінде қайталанатын түріндегі төмендетілген манометр орнатылады.

748. Манометр мен жабдық арасына бақылаудың көмегімен манометрді мерзімді түрде тексеріп отыруға мүмкіндік беретін үш жүрісті кран немесе оны алмастыратын құрылғы орнатылады. Манометрдің алдына, бу қысымын өлшеуге арналған, көрсетілгенне басқа диаметрі 10 мм. Кем емес сифонды тұтік орнатылады.

749. Қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) және жоғары қазандарда үш жүрісті крандар орнына манометрді қазаннан ажыратуға, оның атмосферамен қатынасын қамтамасыз етуге және сифон тұтігімен үрлеуді жүргізуге мүмкіндік беретін вентильдер орнатылады

750. Манометрді келесі жағдайларда қолдануға рұқсат беріlmейді:

- 1) тексеру таңбасы болмаса;
- 2) тексеру мерзімі өткен болса;
- 3) тілі оны ажыратқан кезде осы аспап үшін жол берілетін ауытқудың жартысынан асатын шамаға шкаланың нөлдік көрсеткішіне қайтадан оралмаса;
- 4) әйнек сынса немесе оның көрсеткіштерінің дұрыстығына әсер ететін зақымданулар болса.

**Ескерту. 750-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-параграф. Температуралы өлшеу қуралдары**

751. Бұды қыздырғышы бар қазандарда әр бу құбырында басты ысырмада дейін қыздырылған бу температурасын өлшеуге арналған құрал орнатылады. Бұды аралық қыздыру қазандарында температуралы өлшеу құралдары будың кіру және шығуында орнатылады.

752. 20 т/с астам бу өнімділігімен буды жылтымен табиғи айналымы бар қазандарда, 1 т/с астам бу өнімділігімен тікелей нүктелік қазандарда көрсету құралдарынан басқа қыздырылған бу температурасын үздіксіз тіркейтін құралдар орнатылады.

753. Бірнеше параллель секциялары бар бу қыздырғыштарда қыздырылған будың жалпы бу құбырларында орнатылатын бу температурасын өлшеуге арналған құралдардан басқа әр секциядан шығатын бу температурасын үздіксіз өлшеуге арналған құралдар орнатылады, ал бу температурасы 500<sup>0</sup>C жоғары қазандар үшін бу қыздырғыштың жылан тұтіктің шығу бөлігінде, газ арнасы енінің әр метріне бір термопара (құрылғы) бойынша.

754. Бу өнімділігі 400 т/с астам қазандар үшін бу температурасын өлшеуге арналған құралдар тіркеу құрылғысы бар үздіксіз әрекет ететін бу қыздырғыштардың жылан тұтіктерінің шығу бөлігінде.

755. Қазанда буды суытқыш болған кезде буды суытқышқа дейін және одан кейін буды қыздыру температурасын реттеу үшін бу температурасын өлшеуге арналған құралдар орнатылады.

756. Экономайзерге судың кіруінде және одан шығуында, экономайзерлері жоқ бу қазандарының қоректік құбыр өткізгіштерінде қоректік су температурасын өлшеуге арналған құралдар орнатылады.

757. Су жылыту қазандары үшін су температурасын өлшеуге арналған құралдар судың кіруінде және шығуында орнатылады.

758. Жылу өнімділігі 4,19 ГДж/ч (1 Гкал/ч) астам қазандар үшін температуралы өлшеу құралдары тіркеу қазандарынан шыға берісте орнатылады.

759. Істық судың жіберілетін температурасы термометр шкаласында қызыл шекпен белгіленеді.

760. Қазандардың сұйық отынмен жұмысы кезінде отын құбыр өткізгішіне қазанға тікелей жақын отын құбырында бүріккіш алдында отын температурасын өлшеуге арналған термометр орнатылады. Қазанды басқару қалқанында екінші реттік құбырды орнатумен бұл температуралы қашықтықтан бақылауға болады.

761. Металл температурасын бақылау және қазанның қыздыру, тоқтату және онтайлы режиамдері кезінде рұқсат етілген мәннен жоғары болуын алудың алудың үшін оның элементтері: барабандары, құбыр торлары және т.б. - қабыргаларының температурасын өлшеуге арналған құралдар қарастырылады. Құралдарды орнату, олардың саны және орналасыру қазан жобалаушы ұйымымен анықталады.

## **6-параграф. Тиектеу және реттеу арматуралары**

762. Қазанға немесе құбыржелілеріне орнатылатын арматурада корпусында мынадай таңбалау болады:

- 1) дайындауышының атауы немесе тауарлық белгісі;
- 2) шартты өткізуі;
- 3) шартты қысым және орта температурасы;
- 4) орта ағынының бағыты;

**763. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

764. Шартты өтуі 50 мм және астам арматураның құрастыру құжатында қарастырылған дайындаушы паспортымен куәландырылады, онда металдың химиялық құрамы, механикалық қасиеттері бойынша, термиялық өндөу режимдері бойынша және бұзылмайтын бақылау бойынша деректер беріледі. Мәліметтер арматураның негізгі бөлшектеріне жатады: корпусына, қақпағына, шпинделіне, бекітпесіне және бекіткішіне.

765. Тығын арматурасының маховигінде арматураны ашқан немесе жабу кезіндегі бағыты көрсетіледі.

766. Арматураның саны, түрі және орнату орындары пайдаланудың және жобамен қарастырылған нақты шарттарын ескере отырып жобаның жасаушысымен таңдалады.

767. Қазаннан шыға берісте оның қазандық жиналған бу құбырымен қосылуына дейін тиектеулі орган орнатылады. Қазаннан шыға берісте энергия блоктарында тиектеу органдарын, егер де оларға қажеттілік жағы және тоқтату сызбасымен негізделмесе, орнатпауға болады.

768. Энергия блоктары үшін қазан алдында тиектеулі органды жоғары қысымды бәды қыздырғыш және оның байпасынан кейін тиектеулі орган болған кезде орнатпауға болады.

769. Қоректік судың қазанға кіре берісінде қазаннан судың шығуын болдырмайтын кері клапан және тиектеулі орган орнатылады. Егер қазанның су бойынша ажыратылмайтын экономайзері болса, онда кері клапан және тиектеулі орган экономайзерге дейін орнатылады. Су бойынша ажыратылатын экономайзерде кері клапан және тиектеулі орган экономайзерден кейін де орнатылады.

770. Су жылдыту қазандарында тиектеулі орган бойынша судың қазанға кіре берісінде және судың қазаннан шыға берісінде орнатылады.

771. 0,8 МПа (8 кгс/см<sup>2</sup>) астам қысыммен қазандарда әрбір үрлеу, дренажды құбыр өткізгіште, су (бу) сынамаларын сұрыптау құбыр өткізгішінде кемінде екі тиектеулі орган немесе бір тиектеулі және бір реттеу органу орнатылады. 10 МПа (100 кгс/см<sup>2</sup>) астам қысыммен бұл құбыр өткізгіштерде дроссель шайбаларын орнатуға болады.

772. Бұды аса қыздырғыштар камераларын үрлеу үшін бір тиектеулі органды орнатуға болады. Үрлеу құбыр өткізгіштерінің және оларда орнатылған арматураның шартты өтуі 14 МПа ( $140 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейінгі қысыммен қазандар үшін кемінде 20 мм және 14 МПа ( $140 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) және одан астам қысыммен қазандар үшін кемінде 10 мм.

773. Қазандағыдан аз қысыммен жинау багына (сепаратор, кеніткіш және басқалары) қазаннан ортаны бұру кезінде жинау багы есептелгеннен жоғары қысымның жоғарылауынан қоргалады. Қорғау тәсілін таңдау, арматураны орнату орны және саны, бақылау-өлшеу құралдары, сақтандыру құрылғылары жобалаушы ұйыммен анықталады.

774. Қазандардың, буды қыздырғыштар мен экономайзерлердің барлық құбыр өткізгіштерінде арматураны жалғау жапсарлы дәнекерлеумен немесе ернемектер көмегімен орындалады. 1 т/с аспайтын бу өнімділігімен қазандарда 25 мм аспайтын шартты өту кезінде және 0,8 МПа ( $8 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары болмайтын қаныққан будың жұмыс қысымы кезінде бұрандада арматураны жалғауға болады.

775. Арматура оны ыңғайлы басқаруды есепке ала отырып, қазанға мүмкіндігінше жақын орналастырылады.

776. 4 т/с астам өнімділікпен бу қазандарының басты бу тиектеулі органдары қазан машинисі жұмыс орнына басқаруды шығарумен қашықтықты жетекпен жабдықталады.

777. Әр қазанның қоректік желілерінде реттеу арматурасы орнатылады. Қазан қорегін автоматты реттеу кезінде қазан машинисінің жұмыс орнынан реттейтін қоректік арматурамен басқару үшін қашықтықты жетек қарастырылады.

778. 2,5 т/с және кем бу өнімділігі бар бу қазандарында сорғыны қосу және сөндірумен су деңгейін автоматты позициялық реттеу кезінде қоректік желілерде реттеу арматурасын орнатпауға рұқсат етеді.

779. Жалпы сору және айдау құбыр өткізгіштері болатын бірнеше қоректік сорғыларын орнату кезінде әр сорғыда сору жағында және айдау жағында тиектеулі органдар орнатылады. Әр орталықтан тепкіш сорғының айдау жағында тиектеулі органға дейін кері клапан орнатылады.

## 7-параграф. Қауіпсіздік құралдары

780. Әр қазанда пайдаланудың белгіленген режимдерінен жол берілмейтін ауытқулар кезінде қазан немесе оның элементтерін автоматты ажыратуды қамтамасыз ететін қауіпсіздік құралдары қарастырылады.

781. Отынды камералық жағатын бу қазандары деңгейді төмендету кезінде жанарғыларға отынның берілуін тоқтататын автоматты құрылғылармен жабдықталады, ал тікелей нүктелік қазандар үшін қазандағы су шығыны жіберілетіннен төмен.

782. Отынды қабаттық жағатын қазандарда автоматты құрылғыларды жоғарыда аталған жағдайларда күштік үрлеу құрылғыларына және оттықтың отын беретін механизмдеріне ажыратады.

783. Көп еселік айналымы бар және отынды камералық жағатын су жылыту қазандары отынды жанағыларға беруді автоматты тоқтататын құралдармен жабдықталады, ал отынды қабаттық жағумен – гидравликалық соғу қаупі туындайтын мәнге дейін жүйеде су қысымы төмендеген кезде және су температурасы белгіленген шектен жоғары болған кезде күштік үрлеу құрылғыларымен ажыратылатын құралдармен.

784. Отынды камералық жағатын су жылыту қазандары қазан оттығына отынның берілуін тоқтататын автоматты құралдармен жабдықталады, ал отынды қабаттық жағу кезінде ажыртушы күштік үрлеу құрылғылары және оттықтың отын беретін механизмдері мынадай жағдайларда:

1) қазанның шығу коллекторында су қысымының есептелгеннен немесе рұқсат етілген қысымнан 5% астам жоғарылауы;

2) қазанның шығу коллекторындағы қысымның қазаннан шығудағы судың максималды температурасы кезінде сәйкес қанығу қысымы мәніне дейін төмендеуі;

3) қазаннан шыға берістегі су температурасының дайындаушының монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулығында көрсетілген мәнге дейін жоғарылауы. Мұндай нұсқаулар болмаған кезде бұл температура шығу коллекторында жұмыс қысымы кезінде қанығу температурасынан  $20^{\circ}\text{C}$ -қа төмен қабылданады;

4) қазан арқылы дайындаушы анықтайтын минималды рұқсат етілген мәнге дейін су шығынының азауы, олар болмаған жағдайда формула бойынша:

Шығын төмендегі формула арқылы анықталады:

$$G_{\min} = \frac{Q_{\max}}{C [ (t - 20) - t_s ]}, \text{ кг/с}$$

мұнда  $G_{\min}$  – қазан арқылы минималды жіберілетін су шығыны, кг/с;

$Q_{\max}$  – қазанның максималды жылу өнімділігі, МВт (ккал/с);

$C$  – меншікті жылу сыйымдылық, КДж/к $\text{f}^0\text{C}$  (ккал/к $\text{g}^0\text{C}$ ).

$t_s$  - мәні қазаннан шыға берісте қабылданатын жұмыс қысымы кезінде судың қайнау температурасы  $^0\text{C}$ ;

$t_1$  – қазанға кіре берістегі су температурасы,  $^0\text{C}$ .

785. Қазандарда автоматты әрекет ететін дыбыстық және жарық су деңгейінің жоғарғы және төменгі жағдайлардағы дабыл белгілері орнатылады.

786. Отынды камералық жағу кезінде бұз және су жылдыту қазандары отынды мынадай жағдайларда оттыққа беруді тоқтататын автоматты құрылғылармен жабдықталады:

- 1) оттықтағы шырақтың сөнуі;
- 2) барлық түтін сорғыштардың ажыратылуы;
- 3) барлық үрлеу вентиляторларының ажыратылуы.

787. Жекелеген вентиляторлармен жабдықталған жанарғылары бар қазандарда вентилятор тоқтаған кезде жанарғыға отынның берілуін тоқтататын қорғаныс қарастырылады.

788. Қазандарды қосымша қауіпсіздік құралдарымен жарақтау қажеттілігі қазан жобасын дайындаушымен анықталады.

789. Сұйық немесе газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін қазан-бойлер бойлердегі су айналымы тоқтаған кезде оттыққа отынның берілуі автоматты тоқтатылатын құрылғылармен жабдықталады.

790. Қауіпсіздік құралдары оларға қызмет көрсетумен және жұмыс істеумен қатысы жоқ тұлғалардың әрекетінен (ажырату, реттеуді өзгерту және т.б.) қорғалады және олардың жұмысының ақаусыздығын тексеретін құрылғылар болады.

791. Бу қазандары түріне және бу өнімділігіне байланыссыз автоматты қорек реттеуіштерімен жабдықталады; бұл талап бойлерден тыс жаққа буды сұрыптау 2 т/с жоғары болмайтын қазан-бойлерлерге таралмайды.

792. Негізгі немесе аралық буды қыздырғыштан шыға берісте бу температурасы 400<sup>0</sup>С астам бу қазандары бу температурасын реттеуге арналған автоматты құрылғылармен жарақталады.

## 8-параграф. Қорек құрылғылары

793. Қазандар қорегі қорек құбыр өткізгішімен қосылғандар үшін топпен жалпы немесе бір қазан үшін жеке жол беріледі. Қазандарды қорегі бойынша бір топқа қосу түрлі қазандардағы жұмыс қысымы айырмашылығы 15 % жоғары болмайтын жағдайлар кезінде жол беріледі.

794. Жалпы магистральға қосылатын қорек сорғыларының сорғылардың параллель жұмысын жіберетін сипаттамалары болады.

795. Қазандардың сумен қорегі үшін мыналарды қолдануға жол беріледі:

- 1) электр жетегі бар сыртқа тебуші және поршенді сорғыларды;
- 2) бу жетегі бар сыртқа тебуші және поршенді сорғыларды;
- 3) бу инжекторларын;
- 4) қол жетегі бар сорғыларды;
- 5) су өткізу желілерін.

796. Су құбырын қазан қорегін реттейтін орган алдында су құбырында судың минималды қысымы есептелгеннен жоғары немесе қазандағы рұқсат етілген қысым 0,15 МПа (1,5 кгс/см<sup>2</sup>) кем болған жағдайда қазанның резервтік қорек көзі ретінде ғана пайдалануға болады.

797. Бу ағынды инжектор бу жетегімен сорғыға теңестіріледі.

798. Әр қорек сорғысы немесе инжектор корпусына мынадай деректер көрсетілген тақташа ілінеді:

- 1) дайындаушы атауы немесе оның тауарлық белісі;
- 2) зауыттық нөмірі;
- 3) номиналды су температурасы кезіндегі номиналды берілуі;

4) сыртқа тебуші сорғылар үшін минутына айналым саны немесе поршеньді сорғылар үшін минутына жүріс саны;

- 5) сорғы алдындағы судың номиналды температурасы;
- 6) номиналды беріліс кезіндегі максималды күш.

799. Сорғыны әр күрделі жөндеуден кейін берілісті және күшті анықтау үшін сынау жүргізіледі. Сынақ нәтижесі актпен ресімделеді.

800. Сорғымен жасалынатын күш гидростатикалық биіктікті және қазан жолындағы қысым шығынын есепке ала отырып қазаннан, реттеу құрылғысынан және қоректік су жолында жұмыс қысымы кезінде қазанға су беруді қамтамасыз етеді.

801. Сорғы сипаттамасы толық ашық кезінде қысымның қатты жоғарылауын есепке ала отырып сақтық клапандары іске қосылған кезде қазан қорегінде үзілістердің болмауын қамтамасыз етеді.

802. Қазандардың топтық қорегі кезінде сорғы тегеуріні ең үлкен жұмыс қысымымен немесе қорек құбырында тегеуріннің үлкен шығынымен қазан қорегін қамтамасыз ету жағдайларынан шыға отырып, жоғарыда аталған талаптарды есепке ала отырып таңдалады.

803. Қорек құрылғылары берілісі үздіксіз немесе кезендік үрлеуге, бумен сұытуға, редукциялық сұыту және сұыту құрылғыларына және су немесе бу шығыны мүмкіндігіне су шығынын есепке ала отырып қазанның номиналды бу өнімділігі бойынша анықталады.

804. Қорек құрылғыларының түрі, сипаттамасы, саны және қосу сызбасы авариялық жағдайды қоса алғанда, барлық режимде қанадарды қауіпсіз жұмыс жасауды қамтамасыз етумен таңдалады.

805. Қорек құбыр өткізгішінде тиектеулі орган мен сақтық клапаны жоқ және жасалатын тегеурін құбыр өткізгіштің есептелген қысымынан жоғары болатын поршеньді сорғы арасында сақтық клапаны орнатылады.

**13-тарау. Қазандарға арналған жайлар**

**Ескерту.** 13-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-параграф. Жалпы ережелер**

806. Стационарлы қазандар КР ҚН 4.02-05-2013 "Қазандықтарды орнату", КР ҚН 4.04-10-2013 "Жылу электр станциялары" және осы Қағида талаптарына сай келетін үй-жайларға және ғимараттарға орнатылады. Егер қазан белгіленген климаттық жағдайларда жұмыс істеуге жобаланған болса, қазандарды ғимараттан тыс орнатуға болады.

**Ескерту.** 806-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

807. Қазандар үстінен жайларды және шатырдағы жайларды орнатуға болмайды. Аталған талап осы Қағиданың 807-тармағына сәйкес өндірістік жайларда орнатылған қазандарға таралмайды.

808. Өндірістік жайлар ішінде мыналарды орнатуға болады:

- 1) әрбірінің бу өнімділігі 4 т/с аспайтын тікелей нүктелік қазандарды;
- 2) жағдайларды қанагаттандыратын қазандарды ( $t - 100$ ) x  $V \leq 100$  (әр қазан үшін), мұнда  $t$  – жұмыс қысымы кезіндегі қаныққан бу температурасы,  $^0\text{C}$ ;  
 $V$  – қазанның су көлемі,  $\text{m}^3$ ;

3) әрбірінің жылу өнімділігі 10,5 ГДж/ч (2,5 Гкал/ч) аспайтын су жылышты қазандарын, барабандары болмайтын;

4) кәдеге жаратушы қазандарды шектеусіз.

809. Өндірістік жай ішінде қазандарды орнату орны жайдың қалған бөлігінен қазанның барлық биіктігі бойынша, алайда 2 м кем емес жанбайтын қалқандармен, есік құрылышымен бөлінеді. Шығуларды орналастыру орындары және есікті ашу бағыты жобалаушы ұйыммен анықталады.

810. Кәдеге жаратушы қазандарды өнідірістік жайдың қалған бөлігінен технологиялық процесспен байланысқан пештерімен немесе агрегаттарымен бірге бөлу керек.

811. Қазандық жайларында қазан персоналына арналмаған түрмистық және қызметтік жайларды, қазан жабдығын жөндеуге арналмаған шеберханаларды орналастыруға болмайды.

812. Қазандық жайының әр қабаты еденінің деңгейі қазан ғимаратына жанасатын жердің жоспарлы белгісінен төмен болмайды.

813. Қазандықта шұнқырларды жасауға болмайды. Технологиялық шешіммен негізделген жекелеген жағдайларда жобалық ұйым шешімі бойынша бытыратазартқыш

жабдықтарын, жылу жолдарын енгізу және шығару тораптарын және тағыда басқа орналастыру үшін шұңқырлар жасауға болады.

814. Қазан жайынан шығу есіктері сыртқа ашылады. Қызметтік, тұрмыстық, қосалқы өндірістік жайлардан қазандыққа есіктер серіппелермен жабдықталады және қазан жағына ашылады.

## 2-параграф. Жарықтандыру

815. Қазандық жайы жеткілікті табиғи жарықпен, ал қараңғы уақытта электр жарығымен қамтамасыз етіледі. Техникалық себептер бойынша табиғи жарықпен қамтамасыз етілмейтін орындары электр жарығымен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 815-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

816. Қазандықтарда жұмыс жарығынан басқа авариялық электр жарығы қарастырылады. Авариялық жарықтандырылу мынадай орындарға қамтамасыз етіледі:

- 1) қазандар шебі, қазандар арасындағы өтулер, қазан артынан және қазан үстінен;
- 2) басқару қалқандары және тетіктері;
- 3) су көрсету және өлшеу құралдары;
- 4) күл жайлары;
- 5) вентилятор аландары;
- 6) тұтін сору аландары;
- 7) бактарға және деаэраторларға арналған жайлар;
- 8) су дайындау жабдығы;
- 9) қазан аландары және сатылары;
- 10) сорғы жайлары.

## 3-параграф. Қазандарды және қосалқы жабдықты орналастыру

817. Қазан шебінен немесе оттықтың шығыңқы бөліктерінен қазандықтың қарама-қарсы қабырғасына дейінгі ара қашақтық кемінде 3 м құрайды, соныман қатар газ тәрізді немесе сұйық отынмен жұмыс істейтін қазандар үшін жану құрылғыларының шығыңқы бөліктерінен қазандық жайы қабырғасына дейінгі ара қашықтық кемінде 1 м, механикаландырылған оттықтармен жабдықталған қазандар үшін оттықтың шығыңқы бөлігінен ара қашықтық кемінде 2 м.

818. Бу өнімділігі 2,5 т/с аспайтын қазандар үшін қазан фронтынан немесе оттықтың шығыңқы бөліктерінен қазандық қабырғасына дейінгі ара қашықтықты мынадай жағдайларда 2 м дейін азайтуға болады:

- 1) егер қатты отынды қолмен жүктейтін оттық шептен қызмет көрсетілсе және 1 м аспайтын ұзындығы болса;

- 2) оттықты шептен қызмет көрсетеу қажеттілгі болмаса;
- 3) егер қазандар газ тәрізді немесе сұйық отынмен жұмыс істесе (сақтау кезінде жану құрылғыларынан қазан қабырғасына дейінгі ара қашықтық кемінде 1 м).

819. Қазан шептері мен бір-біріне қарама-қарсы орналасқан оттықтың шығыңқы бөліктері арасындағы ара қашықтық мыналарды құрайды:

- 1) механикаландырылған оттықтармен жабдықталған қазандар үшін кемінде 4 м;
- 2) газ тәрізді немесе сұйық отынмен жұмыс істейтін қазандар үшін кемінде 4 м, сонымен қатар жану құрылғалары арасындағы ара қашықтық кемінде 2 м;
- 3) қатты отынды қолмен жүктейтін қазандар үшін кемінде 5 м.

820. Қазан шебі алдынан қазандық қосалқы жабдықты және басқару қалқандарын орнатуға болады, сонымен қатар шеп айналасынан еркін өту ені кемінде 1,5 м және орнатылған жабдық қазанға қызмет көрсетуге кедергі келтірмейді.

821. Оттыққа немесе қазанға бүйір жағынан қызмет көрсетеу талап етілетін қазандарды орнату кезінде (көсеу, үрлеу, газ жолдарын, барабандарды және коллекторларды тазалау, экономайзер және буды қыздырғыш пакеттерін шығару, құбырларды шығару, жану құрылғыларына, реперлерге, оттық элементтеріне қызмет көрсетеу, үздіксіз үрлеуді қызмет көрсетеу) бүйір жағынан өту ені қызмет көрсетеу және жөндеу үшін жеткілікті, алайда бу өнімділігі 4 т/с дейін қазандар үшін және бу өнімділігі 4 т/с және одан астам қазандар үшін кемінде 1,5 м.

822. Қазандар мен оттықтарды бүйір жағынан қызмет көрсетеу талап етілмейтін жағдайларда шеткі қазандар мен қазан қабырғалары арасында өткелдерді міндettі түрде орнату қажет. Бұл өткелдер ені, қазан мен қазан жайының артқы қабырғасы арасындағы өткел ені кемінде 1 м құрауы тиіс.

823. Қазанның айналдыра қаланған бөліктерінен (каркастар, құбырлар, сепараторлар және т.б.) жеке шығып тұратындар арасындағы, бұл бөліктер мен ғимараттардың шығыңқы бөліктері (кронштейндер, бағаналар, сатылар, жұмыс алаңдары және т.б.) арасындағы өткел ені кемінде 0,7 м құрайды.

824. Қазандықтағы өткелдердің кемінде 2 м еркін биіктігі болады. Барабан, құргақ бу немесе экономайзер арқылы өту қажеттілігі болмаған кезде олардан қазан жабынының төменгі құрылымдық бөліктеріне дейінгі ара қашақтық кемінде 0,7 м.

825. Қазандармен және экономайзерлермен бір жайда қазандарды жөндеу және қызмет көрсетуге немесе бу және (немесе) ыстық суды алу технологиясына тікелей қатысы жоқ жабдықтарды орнатуға болмайды.

826. Электр станциялары қазандары және тубиналық агрегаттарын жалпы жайларда немесе қазандық пен машина залы арасында бөлу қабырғалары құрылышы жоқ іргелес жайларда орнатуға болады.

827. Қазандарды және қосалқы жабдықтарды блок-контейнерлерде, тасымалданатын қондырғыларда және энергопоездарда орналастыру жобаға сәйкес жүзеге асырылады.

828. Жалпы газ жүретін қазандықтар камералық жағумен жарылғыш сақтандыру клапанымен қамтамасыз етіледі.

#### **4-параграф. Аландар мен баспалдақтар**

829. Қазандарға, буды қыздырғыштарға және экономайзерлерге ыңғайлы және қауіпсіз қызмет көрсету үшін астынан кемінде 200 мм тұтас қапталған биіктігі кемінде 0,9 м қанаттары бар баспалдақтар мен тұрақты аландар орнатылады.

830. Өтпелі аландар мен баспалдақтардың екі жағынан қанаты болады. Ұзындығы 5 м астам аландардың қарама-қарсы шеттерде орналасқан кемінде екі баспалдағы болады

831. Аландарды және баспалдақ сатыларын мыналардан жасауға болады:

1) кесілген созылған табақтан;

2) кедір-бұдырланған табақ болаттан немесе балқытумен немесе басқа тәсілмен алынған тегіс емес беті бар табақтан;

3) ұяшықтар саңылауының  $12 \text{ см}^2$  аспайтын ұялы немесе жолақты болаттан.

832. Тегіс аландарды және баспалдақ сатыларын қолдануға, оларды шыбық (дөңгелек) болаттан орындауға жол берілмейді.

833. Жартылай ашық және ашық түріндегі қазандықтағы аландар мен баспалдақ сатылары кесілген созылған табақтан, ұялы немесе жолақты болаттан орындалады.

834. Баспалдақтардың кемінде 600 мм ені болады, сатылар арасындағы биіктік 200 мм аспайды, сатылар ені кемінде 80 мм. Сатылардың көлбеу бұрышы ішке қарай  $2-5^0$ . Биіктігі үлкен баспалдақтар аралық аландармен орындалады. Аландар арасындағы ара қашықтық 4 м құрайды. Биіктігі 1,5 м асатын баспалдақтардың көлдененге  $60^0$  аспайтын көлбеу бұрышы болады.

835. Аландардың еркін өту ені кемінде 600 мм, ал арматураға, бақылау-өлшеу құрылғыларына және басқа жабдықтарға қызмет көрсету үшін кемінде 800 мм.

836. Қазандықтағы аландар едені мен баспалдақ сатылары астынан еркін биіктік кемінде 2 м. Су көрсеткіш құралдармен жұмыс істеу үшін алаңдан су көрсеткіш шыны ортасына дейінгі тігінен ара қашықтық кемінде 1 және 1,5 м астам.

837. Қазанның нөлдік белгісінен қазанның жоғарғы алаңына дейінгі ара қашықтық 20 м жоғары болған жағдайларда жүк жолаушы лифттері жылу электр станцияларын технологиялық жобалау нормаларына сәйкес орнатылады.

#### **5-параграф. Отынды беру және қож-құл шығару**

838. Қатты отынмен жұмыс істейтін, бу өнімділігі 2,5 т/с және одан жоғары қазандар үшін қазандыққа және қазан оттығына отынды беру механикаландырылған, ал

150 килограмм сағат (бұдан әрі - кг/с) және одан астам мөлшерде барлық қазандардан қождың және күлдің жалпы шығуымен қазандықтар үшін (қазанның бу өнімділігіне тәуелсіз) күл мен қожды жою механикаландырылған.

839. Күлді қолмен жою кезінде қож және күл бункерлері күл мен қожды бункерлерде немесе вагоншаларда сумен қую құрылғыларымен жарақталған. Соңғы жағдайда бункер астынан күлді және қожды түсірер алдында вагоншаларды орнату үшін оқшауланған камералар қойылады. Камералардың шыны қараулары бар тығыз жабылатын есіктері болады, вентиляциямен жабдықталған және жарықтандырылған.

840. Бункер тығының және қожды қүюды басқару қызмет көрсету үшін қауіпсіз орынға камера шегінен тыс шығарылады.

841. Вагоншаның барлық жылжу жолында еркін өту биіктігі кемінде 2 м, бүйір саңылаулары кемінде 0,7 м.

842. Егер күл және қож оттықтан тікелей жұмыс алаңына шығарылатын болса, онда қазандықта шығару және ошақ қалдықтарын қую орнына сору вентиляциясы орнатылады.

843. Қолмен жүктелетін шахталық оттықтар кезінде ағаш отын немесе шымтезек үшін қайырылмалы түбі және қақпағы бар жүктеу бункерлері орнатылады.

844. Сұйық отынды жағу кезінде бүріккі астынан отынның қазандық еденіне түсуін алдын алу үшін құмы бар түпқоймалар орнатылады.

#### **14-тaraу. Қазандардың су-химиялық режимі**

**Ескерту. 14-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-параграф. Жалпы ережелер**

845. Су-химиялық режим қақ және тұнғының түзілуі, қазан суының салыстырмалы сілтілігінің қауіпті шекке дейін жоғарылауы салдарынан немесе металл коррозиясы нәтижесінде олардың элементтері зақымдалмай қазан және қорек жолының жұмысын қамтамасыз етеді.

846. Бу өнімділігі 0,7 т/с және одан астам табиғи және көп еселік мәжбүрлі айналымы барн барлық бу қазандары, бу өнімділігіне тәуелсіз барлық бу тікелей нүктелік қазандар, барлық су жылдыту қазандары суды қазанға дейін өндеуге арналған қондырғылармен жабдықталған. Осы Қағидалар талаптарының орындалуына кепілдік беретін суды өндеудің басқа тиімді тәсілдерін қолдануға болады.

847. Қазан қорегі үшін суды өндеу тәсілдерін таңдау ЖҚҚ келтіріледі.

848. Бу өнімділігі 0,7 т/с кем қазандарда тазалау арасындағы аралық оны тазалауға тоқтату сәтінде қазанның қыздыру беті бөліктерінде ең жылу кернеулілерге 0,5 мм аспайтын қалындықты қамтамасыз етеді.

849. Суды қазанға дейін өндеу құрылғыларымен жабдықталған қазандарды шикі сумен толтыруға болмайды. Авариялық жағдайларда қазанды шикі сумен толтыру жобамен қарастырылған жағдайларда жұмсақ қосынды су немесе конденсат желілеріне қосылған шикі су желілерінде қорек бактарына екі тиектеулі органнан және олардың арасында бақылау кран орнатылады. Қалыпты пайдалану кезінде тиектеулі органдар жабық қүйде пломбыланған болады, бақылау кран ашық болады.

850. Қазандарды шикі сумен толтырудың әр жағдайы толтыру ұзактығы және сол уақыттағы қоректік су сапасы көрсетіліп, су дайындау (су-химиялық режим) журналында жазылады.

851. Бу және су жылыту қазандары үшін осы Қағидаларды, дайындаушылардың пайдалану бойынша нұсқаулығын, суды қазанға дейін өндеу құрылғыларын және бу және су жылыту қазандарының су-химиялық режимін жүргізу бойынша нұсқаулықтарды есепке ала отырып, су-химиялық режимді жүргізу бойынша технологиялық регламент әзірленеді, қазанға дейінгі суды өдеу барысында мыналар көрсетіледі:

1) техникалық деректер және негізгі түйінге қысқаша мінездіемі, негізгі және көмекші құралдар, сонымен қатар қазандықтар, құбыр, деаэрационды қондырғы, аммикты, гидразин, фосфат, қондырғы күйдіргіш натрды дәлмөлшерлеу үшін қондырғы, құралды сактау және химиялық тазартуға арналған қондырғы, шаруашылық қоймасынан су дайындаға арналған қондырғы және тағыда басқалары;

2) су сынамасын алу тізімі, схемасы, қол жұмысы және автоматтандырылған химиялық бақылауға бу және конденсат:

3) қоспалы, қоректі және қазан суының сапасы, бу және канденсат нормалары;

4) график, көлем және химиялық бақылау әдіс;

5) тізім және бақылау, өлшеу және дабылды автоматтандыру жүйесіне қысқаша мінездеме:

6) жабдықтауды жіберу және оны жұмысқа қосуға (жабдықта жұмыстың аяқталуын тексеру, қарau, жұмысқа дайындығын тексеру, түрлі жылу жағдайында жабдықты жұмысқа қосу) дайындау операцияларын орындау тәртібі;

7) қалыпты пайдалануда құрылғыға қызмет көрсету операцияларын орындау тәртібі ;

8) деаэрация режимін, суды коррекциялы өндеу режимін, жұмысқа қосу, қалыпты пайдалану және қазандықты тоқтату кезінде үздіксіз және кезендік өнімдер режимін бақылау операцияларын орындау тәртібі;

9) құралды тоқтатуда операцияны орындау тәртібі (жөндеу, авариялық резерв) және тоқтату барысында жүргізілетін іс-шара (жылыстау, консервация, құралдың жағдайын

бағалау тазалау қажеттілігін анықтау, коррозиялық зақымдануға қарсы шара қолдану, жөндеу және тағыда басқалары);

10) құралды жұмысқа қосу барысында, жұмыс кезінде бөлек операцияларға рұқсат етілмейтін жағдайлар;

11) бұзылу тізімі және жою шаралары;

12) негізгі және көмекші құралдарға және химиялық зертхана жұмыстарына қызмет көрсетуде негізгі қауіпсіздік шаралары.

## 2-параграф. Қоректік су сапасы

852. 0,7 т/С және одан жоғары бу өнімділігі табиғи және көп мәрте мәжбүрлі айналымы бар қазандықтар үшін қоректік су сапасының көрсеткіштері осы Қағидаларға 27-қосымшада (бұдан әрі – 27-қосымша) көрсетілген мәндер шегінде ұсталады.

**Ескерту. 852-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

853. Су жылытқыш қазандарда қоректік және су жүйесінің сапасы 27-қосымшадағы 7-кестеде көрсетілген талаптарды қанағаттандырады.

## 3-параграф. Қазан суы сапасы

854. Қазан суы сапасының нормалары, оларды түзету өндеу тәртібі, үздіксіз және кезеңдік өндеу тәртібі қазанды дайындаушының жобалау-құрылымдық құжаттамасы, жылу химиялық сынақтар нәтижелері негізінде су-химиялық тәртіpte жүргізу бойынша технологиялық регламент негізінде қабылданады.

855. Тойтарылатын қосылыс болатын 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғандағы қысыммен бу қазандары үшін қазан суының салыстырмалы сілтілігі 20% аспайды; дәнекерленген барабандарымен және айналмасоғу әдісімен (немесе тығыздатып пісірумен айналмасоғумен) құбырларды бекітумен қазандар үшін қазан суының салыстырмалы сілтілігі 50%-ға дейін жол беріледі, дәнекерленген барабандарымен және пісірілген құбырларымен қазандар үшін қазан суының салыстырмалы сілтілігі нормаланбайды.

856. Қысымы 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары 10 МПа ( $100 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғандағы бу қазандары үшін қазан суының салыстырмалы сілтілігі 50% аспайды, 10 МПа ( $100 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары 14 МПа ( $140 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейінгі қоса алғандағы қысыммен қазандар үшін – 30% аспайды.

## 15-тарау. Өндірістік бақылау

**Ескеरту. 15-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-параграф. Жалпы ережелер**

857. Ұйы басшысы өндірістік бақылау жүйесін ұйымдастыру жолымен қазандықтарды жарамды қалпында және қауіпсіз шарттарын қамтамасыз етеді. Жабдық иесі жабдықтарды жарамды қалпында ұстауды және олардың жұмысының қауіпсіз шарттарын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта:

- 1) білімі тексерілген инженерлі-техникалық қызметкерлер арасынан қазандықтарды жарамды қалпында және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететі тұлға тағайындалады;
- 2) өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары бойынша оқытылған тұлғалардың қажетті санынан қызмет көрсетуші персонал тағайындалады;
- 3) орнатылған жабдықты топтастыру есебінен технологиялық регламентті әзірлейді және бекітеді;
- 4) белгіленген мерзімде қазанға техникалық куәландыру жүргізуі қамтамасыз етеді ;
- 5) қазанды кезеңдік (жылына біррет) тексеруді ұйымдастырады;
- 6) 450°C және одан жоғары температура кезінде жұмыс істейтін элементтер металының күйін бақылауды ұйымдастырады.

**Ескерту. 857-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

858. Технологиялық регламент – өндірістік әдісті, технологиялық норманы, техникалық ортаны, технологиялық процесс талаптарын және тіртібін орнататын, сапа көрсеткішімен дайын өнімді алуды қамтамасыз ететін, стандарт шарттарына жауап беретін ішкі нормативтік құжат, сондай ақ жұмыс қауіпсіздігін енгізу және өндірісте техникалық-экономикалық көрсеткішті көрсететін құжат.

859. Технологиялық регламент қызмет көрсететін персоналдың жұмыс орындарында болады және қызмет көрсететін персоналға қол қою арқылы береді.

860. Қазандыққа телефон және сағат орнатылады. Қазандық-жоб кезінде телефон байланысы қазандық-жою және жылу көздері пульт арасында орнатылады.

861. Қазандыққа қазанмен және қазандағы жабдықтармен жұмыс істемейтін тұлға жіберілмейді. Қазандыққа рұқсаты бар және оны шығарып салушы тұлға болған жағдайда кіре алады.

## **2-параграф. Ұстау және қызмет көрсету**

862. Кезекшілікте тұрған машиниске (от жағушыға), қаназдағы операторға, суды қараушыға жабдық жұмыс істеп тұрған кезде технологиялық регламентпен қарастырылмаған қандай да бір жұмыстарды жүргізуді тапсыруға болмайды.

863. Жабдықты қазан жұмыс істеп тұрған кезде және қазанды тоқтатқаннан кейін де ондағы қысым атмосфералықта дейін жабдықтың температурасы  $40^{\circ}\text{C}$  төмендегенше қызмет көрсететін персонал жағынан тұрақты қараусыз қалдыруға болмайды.

864. Қалыпты жұмыс режимін жүргізуді, авариялық жағдайды жоюды, жабдықтың закымдалуына алып келуі мүмкін жұмыс режимі бұзылған кезде жабдықты тоқтатуды қамтамасыз ететін автоматика, дабыл және қорғаныс болған кезде қызмет көрсететін персонал жұмысын тұрақты қадағалаусыз жабдықтарды пайдалануға болады.

### **3-параграф. Бақылау-елшеу аспаптарын, автоматты қорғанысты, арматура мен қорек сорғыларын тексеру**

865. Манометрлер, сақтандыру клапандары, су деңгейі көрсеткіштері және қоректік сорғылар жұмысының ақаусыздығына тексеру жүргізіледі:

1) жұмыс қысымы 1,4 МПа ( $14 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғандағы қазандар үшін ауысымына бір реттен жиі емес;

2) жұмыс қысымы 1,4 МПа ( $14 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғандағы қазандар үшін тәулігіне бір реттен жиі емес;

3) жұмыс қысымы 4,0 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары қазандар үшін технологиялық регламентпен белгіленген мерзімдерде.

866. Тексеру нәтижелері туралы ауысым журналында жазба қалдырылады.

867. Манометрлер ақаусыздығын тексеру үш жүрісті кран немесе манометр тілдерін нөлге қою жолымен оның тиектеулі вентильдерімен ауыстыратындар қөмегімен жүргізіледі.

868. Көрсетілген 6 айда бір реттен жиі емес тексеруден басқа тексерілетін манометрмен бірдей шкаласы және дәлдік тобы болатын бақылау жұмыс манометрлерімен бақылау тексеру журналына жазба қалдыра отырып жұмыс манометрлерін тексеру жүргізіледі.

869. 12 айда бір реттен жиі емес манометрлер белгіленген тәртіпте тексеріледі.

870. Сақтандыру клапандарының ақаусыздығы оларды мәжбүрлі қысқа мерзімді "атқызумен" тексеріледі.

871. Резервтегі қоректік сорғылар ақаусыздығын тексеру оларды қысқа мерзімді іске қосу жолымен жүзеге асырылады.

872. Дабыл және автоматты қорғаныстардың ақаусыздығын тексеру кестеге және технологиялық регламентке сәйкес жүргізіледі.

## **17-тарау. Қазанды авариялық тоқтату**

Ескерту. 17-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

873. Қазан технологиялық регламентпен қарастырылған, сондай-ақ төменде көрсетілген жағдайларда персоналмен немесе қорғаныс әрекетімен тез арада тоқтатылады және сөндіріледі:

- 1) сақтандыру клапанының ақаулығын анықтау;
- 2) егер қазан барабанындағы қысым рұқсат етілгеннен 10%-ға жоғарыласа және жоғарылауы жалғасса;
- 3) су деңгейінің төмендеуі төмен рұқсат етілген деңгейден төмен болса;
- 4) су деңгейінің жоғарылауы жоғары рұқсат етілген деңгейден жоғары болса;
- 5) барлық қоректік сорғылар әрекетінің тоқтатылуы;
- 6) тікелей әрекет ететін барлық су деңгейі көрсеткіштерінің әрекетінің тоқтатылуы;
- 7) егер қазанның негізгі элементтерінде (барабанда, коллекторда, камерада, бу су жіберу және су жіберу құбырларында, бу және қоректік құбыр өткізгіштерінде, ыстық құбырда, оттық қорапта, оттық қаптамасында, құбыр торында, сыртқы сепараторда, арматурада) жарылулар, шығулар, олардың дәнекерленген тігістерінде өткізулер, анкерлік бұрандама немесе байланыстың үзілуі анықталса;
- 8) тікелей нүктелік қазан жолында салынған ысырмаларға дейін қысымның жіберілмейтін жоғарылауы немесе төмендеуі;
- 9) отынды камералық жағу кезінде оттықта шырақтардың сөнуі;
- 10) су жылдыту қазаны арқылы минималды рұқсат етілген мәннен төмен су шығынының төмендеуі;
- 11) су жылдыту қазаны жолында қысымның жіберілетіннен төмен төмендеуі;
- 12) су жылдыту қазанынан шығуда су температурасының қазанның шығу коллекторында судың жұмыс қысымына сәйкес келетін қанығу температурасынан төмен  $20^{\circ}\text{C}$  мәніне дейін жоғарылауы;
- 13) қауіпсіздік автоматикасының немесе авариялық дабылдың ақаулары, бұл құрылғыларда кернеудің жоғаруын қоса алғанда;
- 14) қызмет көрсететін персоналға немесе қазанға қауіп төндіретін қазандықта өрттік пайда болуы.

874. Қазанды авариялық тоқтату тәртібі технологиялық регламентте көрсетіледі. Қазанның авариялық тоқтау себептері ауысым журналына жазылады.

## **18-тарау. Жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру**

**Ескерту. 18-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

875. Пайдаланушы ұйым техникалық куәландыру нәтижелері негізінде және бекітілген жөндеу кестесі бойынша қазандықты жөндеуді орындайды.

Жөндеу техникалық шарттарға және жұмысты орындауға дейін әзірленген технологиялық регламент сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 875-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

876. Әр қазанға жөндеу журналы жүргізіледі, онда жабдықтың ақаусыз күйін және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға орындалған жөндеу жұмыстары, қолданылған материалдар, пісіру және пісірушілер туралы, қазанды тазалауға және жууға тоқтату туралы мәлімет енгізеді. Құбырларды, бұрандаларды ауыстыру және құбырлардың барабандармен және коллекторлармен қосылуын жаншып қақтау жөндеу журналына қоса берілетін құбырлардың (бұрандалардың) орналасу сызбасында белгіленуі тиіс. Жөндеу журналында қак пен тұнғы шөгінділер қалындығы және жөндеу кезеңінде анықталған барлық ақаулар көрсетілген тазалауға дейін қазанды қарау нәтижелері көрсетіледі.

877. Қазандарды мерзімінен бұрын куәландыру жүргізу қажеттілігін тудыратын жөндеу жұмыстары туралы, мәліметтер жөндеу журналына жызылады және қазан паспортына енгізіледі.

878. Басқа жұмыс істейтін құбыр өткізгішті қазандармен (бу құбыры, қоректік, дренажды, ағызу желілері және т.б.) қосылған барабан немесе қазан коллекторы ішінде жұмыстарды жүргізуді бастағанға дейін, қысыммен жұмыс істейтін элементтерді ішінен қарау немесе жөндеу алдында қазан барлық құбыр өткізгіштерден бітеуіштермен ажыратылады, егер оларда ернемекті арматура орнатылған болса.

879. Қысымы 4 МПа (40 кгс/см<sup>2</sup> ) болатын қазанды ажырату арасында атмосферамен тікелей қосылышы болатын, шартты өту диаметрі кемінде 32 мм дренажды құрылғы болған кезде екі тиектеулі органмен жүргізіледі. Ысырмалар жетектері, ашық дренаждар вентильдері жабық құлып кезінде олардың тығыздығы босау мүмкіндігі болмайтында құлыпқа жабылады. Құлып кілттері егер ұйымда оларды сақтаудың басқа тәртібі белгіленбесе, жабдықтың ақаусыз күйін және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлғада болады.

880. Құбыр өткізгішті ажырату кезінде қолданылатын ысырмалар мен ернемектер қалындығы беріктігіне есеппен анықталады. Бітеуіштің оның бары анықталатын шығынқы бөлігі (артқы ілмегі) болады. Ернемектер мен бітеуіштер арасындағы төсемдер артқы бөліксіз болады.

881. Жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат Қауіпі жоғары жағдайларда жұмыс жүргізу кезінде наряд-рұқсаттарды ресімдеу және оларды қолдану қағидаларына сәйкес ресімделген наряд-рұқсатқа сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 881-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

## 19-тарау. Есепке қою

Ескерту. 19-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

### 1-параграф. Жалпы ережелер

882. Қауіпті өндірістік объектілерде және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде пайдаланылатын Қазандықтарды жұмысқа қосқанға дейін есепке қою қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 882-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

883. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жатпайтын қазандар,  $(t - 100) V \leq 5$ , мұнда  $t$  – жұмыс қысымы кезіндегі қаныққан бутемпературасы,  $^{\circ}\text{C}$ ;  $V$  – қазандағы су көлемі,  $\text{m}^3$  есепке қоюға жатқызылмайды.

884. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

885. Дайындаушының паспорты жоқ қазандықты есепке қойғанда, аттестатталған ұйымымен жасалған паспорттың телнұсқасы негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 885-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

886. Қазанмен ұсынылатын пасапорт, нұсқаулық және басқада пайдаланылатын құжаттар мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде ұсынылады.

Ескерту. 886-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

887. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 20-тарау. Техникалық қуәландыру

Ескерту. 20-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

888. 0,07 МПа астам қысыммен немесе 115<sup>0</sup>C астам судың қызу температуrasesы кезінде жұмыс істейтін қазан іске қосар алдында техникалық қуәландырудан өтеді, үздіксіз – пайдалану барысында немесе кезектен тыс қуәландыру. Қазанмен бір агрегатты құрайтын буды қыздырғыштар мен экономайзерлерді қуәландыру қазанмен бірге жүреді.

889. Қазанды техникалық қуәландыру сыртқы, ішкі қарап тексерулерден және гидравликалық сынақтан тұрады.

Қауіпті өндірістік объектілерде және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде пайдаланылатын қазандарды техникалық қуәландыру қондырудан кейін есепке қойылғанға дейін орындалады.

Ішкі қарап тексеру және гидравликалық сынақ алдында қазан тоқтатылады, қолданыстағы желілерден ажыратылады, салқындастылады, лас және жану өнімдерінен тазартылады, желдетіледі (газсыздандырылады).

Ескерту. 889-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

890. Сыртқы және ішкі қарап тексерулер жүргізіледі:

1) алғашқы қуәландыру кезінде жабдықтың осы Қағидаларға сәйкес және тіркеу кезінде ұсынылған құжаттармен орнатылғанын және жабдықталғанын, сондай-ақ, ыдыс және элементтерінде зақымданған жерлерінің жоқ екенін тексереді;

2) мерзімді және кезектен тыс қуәланырулар кезінде жабдықтың жарамды екенін және оның ары қарай жұмыс істеуінің мүмкіндігін белгілейді.

891. Техникалық қуәландыру мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) сыртқы және ішкі тексеру - 4 жылда кемінде бір рет;
- 2) гидравликалық сынақ - 8 жылда кемінде бір рет;

Сыртқы және ішкі тексеру монтаждалған қазанды пайдалану, іске қосу алдында, қазанды дәнекерлеуді қолдана отырып жөндеуден кейін және консервацияда екі жылдан астам болғаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту. 891-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

892. Гидравликалық сынау маңсаты қазан элементі беріктігін және қосылыс тығыздығын тексеру болып табылады. Сынау гидравликалық қысым мәні осы Қағидаға сәйкес қабылданады.

893. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын қазандықты техникалық куәландауды қазандықтардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адам ұйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым, ал жергілікті атқарушы органды есепке қоюға жататын қазандық жүргізеді, жергілікті атқарушы органдың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен.

Техникалық куәландауды жүргізу кезінде, мынадай құжаттамада көрсетілген мәліметтердің маңыздылығы мен дұрыстығы зерделенеді:

1) осы Қағидалардың 25-қосымшасына сәйкес қазан паспорты, осы Қағидалардың 24-қосымшасына сәйкес қазан паспорты (автономды бу қыздырғыш, экономайзер);

2) қазан монтажының сапасы туралы қорытынды;

3) қазан орналасқан орынжайдың сыйбасы (жоспар және көлденең кескін, қажет болған жағдайда бойлық кескін);

4) су дайындау участкесінің жобалық құжаттамаға сәйкестігі туралы анықтама;

5) қоректендіру құрылғыларының бар болуы және олардың техникалық сипаттамаларының жобалық құжаттамаға сәйкестігі туралы анықтама;

6) ұйымдағы өндірістік бақылау туралы ереже;

7) қазанның Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға жіберілген туралы ақпарат.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы мен жергілікті атқарушы органдың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы техникалық куәландауды жүргізу күні туралы болжамды күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жазбаша хабардар етіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор және жергілікті атқарушы орган келмеген жағдайда техникалық куәландауру оның қатысуының аттестатталған ұйыммен дербес жүргізіледі.

Жүргізілген техникалық куәландауру нәтижелері және келесі техникалық куәландауру мерзімі қазан паспортына енгізіледі.

**Ескерту. 893-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

894. Дайындаушыда ішкі қараудан және гидравликалық сынақтан өткен және орнату орнына жиналған күйінде жеткізілген қазандар, сондай-ақ тіркеуде түрмәған қазандар орнату орнында қазандардың ақаусыз күйін және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлғамен алғашқы техникалық қуәландырудан өтуге жатады.

**Ескерту. 894-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

895. Есепте тұрған қазандықтарды мерзімді техникалық қуәландыруды аттестатталған ұйыммен бірлесіп қазандықтардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуына жауапты тұлға ұйымдастырады және жүргізеді.

**Ескерту. 895-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 19.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

896. Қазанды техникалық қуәландыру нәтижелері қазандардың жарамды күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты тұлғамен келесі техникалық қуәландырудың рұқсат етілген параметрлері мен мерзімдерін көрсете отырып, қазан паспортына енгізіледі және осы Ережелердің 32-қосымшасына сәйкес техникалық қуәландыру актісін ресімдей отырып, техникалық қуәландыруды жүргізуге қатысқан тұлғалар қол қояды.

**Ескерту. 896-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

897. Егер өндіріс жағдайлары бойынша қазанды белгіленген мерзімде қуәландыруға ұсыну мүмкін болмаса, иесі оны мерзімінен бұрын жүргізеді.

898. Қазандықты сыртқы және ішкі қараулардан өткізгенсон қанағаттанарлық нәтижесіненкейін, гидравликалық сынақтарды өткізеді.

899. Пайдалануши ұйым ішкі беттерді әрбір тазалаудан кейін, қазандық элементтерін жөндеуден кейін және техникалық сараптама алдында сыртқы және ішкі тексерулерді жүргізеді. Бұл ретте қазандықтардың жақсы күйіне және қауіпсіз жұмыс істеуіне жауапты тұлға техникалық сараптама жүргізгенге дейін анықталған ақауларды жою шараларын қабылдайды.

Жылу электр станцияларында қазандықтарды ішкі тексеру оларды күрделі жөндеу кезеңінде, бірақ үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

**Ескерту. 899-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

900. Жұмыс қысымымен гидравликалық сынауды қазан иесі барабанды, коллекторды әр ашудан кейін немесе жөндеу сипаты және көлемі кезектен тыс куәландыру қажеттілігін туындарапаса, қазанды әр жөндеуден кейін жүргізеді.

901. Қазанды мынадай жағдайларда кезектен тыс куәландыру жүргізіледі:

- 1) егер қазан 12 айдан астам жұмыс істемей тұрса;
- 2) егер қазан монтаждалған және жаңа орынға орнатылған болса;
- 3) егер ажырау немесе майысуларды түзету, қазанның негізгі элементтерін (барабан, коллектор, ыстық құбыр, құбыр торлары, қазан шегіндегі құбыр өткізгіштер, бу кептіргіш, батпақ жинауыш, отты камералар) дәнекерлеуді қолданумен жөндеу жүргізілген болса;
- 4) егер келген қабырғаның 15% астам анкералық байланыстары ауыстырылған болса;
- 5) барабанды, экран коллекторын, буды қыздырғышты, буды суытқышты немесе экономайзерді ауыстырғаннан кейін;
- 6) егер экранды және қайнату немесе түтін шырақты құбырлардың жалпы санының 50% астамы немесе 100% буды қыздырғыштар мен экономайзер құбырлары бір уақытта ауыстырылған болса;
- 7) егер мұндай куәландыру аттестатталған сараптама ұйымы маманының немесе қазанның жарамды қүйіне және қауіпсіз пайдаланылуына жауапты адамның шешімі бойынша қажет болса.
- 8) есептік қызмет мерзімін өндегеннен кейін;

**Ескерту. 901-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

902. Егер қазандықты куәландыру кезінде оның элементтерінің беріктігін төмендететін ақаулар (қабырғалардың батуы, байланыстардың тозуы және тағы басқа) анықталса, онда ақаулы элементтерді ауыстырғанға дейін қазандық төмен параметрлер (қысым және температура) кезінде пайдаланылады.

Төзімділік беріктігіне зерттеп-қарау есебі МЕМСТ 34233.6 "Тұтіктер мен аппараттар. Беріктікті есептеу нормалары мен әдістері. Аз циклді жүктемелер кезінде беріктікке есептеу", ҚР СТ 2777 "Стационарлық қазандар және бу мен ыстық су құбырлары. Беріктікке есептеу нормалары. Қабырға қалыңдығын анықтау әдістері", ҚР СТ 2778 "Стационарлық қазандар және бу мен ыстық су құбырлары. Беріктікке есептеу нормалары. Беріктік коэффициенттерін анықтау" талаптарына орындалады.

Сақтандыру клапандарының өткізу қабілетін тексеру сынау мемлекеттік стандартқа (МЕМСТ) 24570-81 сәйкес жүргізіледі. "Бу және су жылыту қазандарының сақтандыру клапандары. Техникалық талаптар.

**Ескерту. 902-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

903. Егер қазандықты техникалық қуәландыру кезінде оның беріктігіне күмән тудыратын ақаулар, себебін анықтау қыын болатын ақаулар анықталса, мұндай қазандықтың жұмысы зерттеулер жүргізілгенге дейін, ал қажет болған жағдайларда көрсетілген ақаулардың пайда болу себептері туралы, одан әрі пайдалану мүмкіндігі мен шарттары туралы аттестатталған ұйымның тексеру актісін алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 903-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

904. Егер қазанды қуәландыру кезінде барабан металын немесе қазанның басқа да негізгі элементтеріне механикалық сынақтар жүргізілсе және көміртекті болаттан элементті сынау нәтижесінде уақытша кедергі 32 МПа (32 кгс/см<sup>2</sup>) төмен немесе 0,2% қалдық деформация кезінде шартты тұрақсыздық шегінің уақытша кедергіге қатынасы 0,75 астам, немесе салыстырмалы ұзару 16% кем немесе өткір кескіні 25 Дж/см<sup>2</sup> (2,5 кгс. м/см<sup>2</sup>) кем үлгілердегі соққы тұтқырлығы осы элементті одан әрі пайдалануға аттестатталған ұйымының сараптамалық қорытындысын алғанға дейін жол берілмейді. Қосындыланған болаттар үшін көрсетілген сипаттамалардың рұқсат етілетін мәндері әр нақты жағдайда дайындаушымен белгіленеді.

**Ескерту. 904-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

905. Техникалық қуәландыру нәтижелерін қуәландыруды жүргізген адам қазан паспортына рұқсат етілген жұмыс параметрлері мен келесі қуәландыру мерзімдерін көрсете отырып жазады және осы Қағидаларға 32-қосымшага сәйкес қазандықты техникалық қуәландыру актісі жасалынады.

**Ескерту. 905-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

906. Егер қуәландыру кезінде қосымша сынаулар мен зерттеулер жүргізілген болса, қазан паспортына сынаққа ұшыраған үлгілер мен бөліктерді сұрыптау орны, қосымша сынақтар жүргізу қажеттілігін туыннатқан себептер көрсетілген бұл сынақтар мен зерттеулердің түрлері мен нәтижелері жазылады.

907. Есептіден тыс қызмет ету мерзімін өтеген қазан аттестатталған ұйым берген оны одан әрі пайдалану мүмкіндіктері мен шарттары туралы тексеру актісінің негізінде пайдаланылады.

Ескерту. 907-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **21-тaraу. Жаңадан орнатылған қазандарды пайдалануға рұқсат**

Ескерту. 21-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

908. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 09.01.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қүнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

909. Қазанды іске қосу қазан жабдығын пайдалануға дайындығын тексергеннен және қызмет көрсетуін ұйымдастырғаннан кейін ұйымның техникалық басшысының жазбаша үкімінен кейін іске қосылады.

910. Пайдалануға қосылған әр қазанда көрніктे жерге пішіні 300 x 200 мм кем емес кесте ілінеді, кестеде келесі деректер көрсетіледі:

- 1) тіркеу нөмірі;
- 2) рұқсат етілетін қысым;
- 3) келесі ішкі тексеру және гидравликалық сынақ күні, айы және жылы көрсетіледі.

## **22-тaraу. Жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдауштармен жұмыс істейтін қазандар**

Ескерту. 22-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

911. Осы тарау талаптары жұмыс қысымы 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) жоғары бу қазандарына және 0,07 МПа ( $0,7 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) қысым кезінде қанығу температурасынан жоғары болатын, жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдауштармен (ЖОТ) жұмыс істейтін жоғары температуралы шектелген жылу тасымалдағыштарға таралады.

912. Қазан паспортында көрсетілгеннен жақсы жылу тасымалдаушарды қолдану қазан дайындаушымен келісіледі.

### **2-параграф. Құрылымы**

913. Барабан диаметрінен 1/3 жоғары болатын, барабанның төменгі түзілетінін биіктікте бу қазанының жоғары барабанына түсіру құбырларын жалғауға болмайды.

914. Барабандар, жылу тасымалдауыштың қабаттануы мүмкін қайнау құбырлары және басқа да қазан элементтерінің көлденең орналасқан бөліктері қызудан қамтамасыз етеді.

915. Қазан ауақуыстарымен жаракталған. Ауақуыстарының орналасуы олардан газ тәрізді өнімдерді үздіксіз жою жолымен қазанды іске қосуды және жұмысын қамтамасыз етеді.

916. Ауақуысының тиектеулі құрылғысы тікелей қазанда болады.

917. Ауақуысының бұрып әкететін құбыр өткізгіші ашық отпен жылу көзінен 5 м жақындаған орналасатын стационар ыдысқа жалғанады.

918. Бірнеше қазандар ауақуыстарын біріктіретін құбыр өткізгіштенде тиектеулі арматураны орнатуға болмайды.

919. Жылу тасымалдауыштың бөліну газ тәрізді өнімдерін ауақуыстары арқылы бұрып жіберу мүмкін болмаған жағдайда қазанды пайдалану барасында бұл өнімдерді толық бұрып жіберуді қамтамасыз ететін қазанның газ бөлгіші болады.

920. Құбырлардың барабандармен және коллекторлармен қосылысы, құбыр өткізгіштер қосылысы дәнекерленген болады. Ернемекті қосылыстарды ернемекті арматураны орнату орнында орындарындағанда қолдануға болады. Мұндай жағдайларда "шип – паз" үлгісіндегі ернемектер жіберіледі.

921. Барабанның өтетін тесіктері дөңгелек пішінді, диаметрі кемінде 400 мм болады. Тығыздау орнындағы тесік қақпағы "шип", ал тесік аузының тығыздауыш беті бойынша – "паз".

922. Қазан және арматура элементтерін дайындау үшін шойынды және түсті металдарды пайдалануға болмайды.

923. Жүйені және қазандарды қазандық ғимаратынан тыс жылу тасымалдауыштан босату үшін бак орнатылады.

924. Қазан және құю желілерінің құрылымы жылу тасымалдауыштың өздігінен кедергісіз ағуын және оның қазаннантолықтай жойылуын қамтамасыз етеді.

925. Сұйықтық қазандарында жылу тасымалдауыштың қазанда және сыртқы айналу жүйесінің жоғарғы нұктесінде қайнау мүмкіндігін болдырмайтын артық қысым қамтамасыз етіледі. Бұл қысым жылу тасымалдауышты инерttі газбен басумен немесе биіктікте кеңейтілген ыдысты орнатумен қамтамасыз етіледі.

926. Жылыту құрылғыларының жылу өнімділігі қазан қуатының қалыптыдан жоғары жоғарылау мүмкіндігін болдырмайды.

927. Қазандар оттықтары жанған жылу тасымалдауышты сөндіруге арналған құрылғылармен жабдықталады.

928. Конденсатты өздігінен ағызып әкелетін қазандарда қазан қорегі гидравликалық ілмек арқылы төменгі барабанда немесе коллекторда жүргізіледі.

929. Конденсатты өздігінен ағызып әкелетін жүйеде екі және одан астам қазандардың параллель жұмыс істеуі кезінде қазандардың төменгі барабандары (коллекторлары) бір-бірімен тендеуші желімен жалғанады.

### **3-параграф. Арматура**

930. Элементтер мен тығыздауды дайындау үшін қолданылатын арматура мен материалдар жұмыс параметрлеріне және органикалық жылу тасымалдауыштың қасиеттеріне байланысты таңдалады.

931. Қазандарда сильфонды үлгідегі арматура пайдаланылады. 1,6 МПа (16 кгс/см<sup>2</sup>) аспайтын қысымға сальник арматураны қолдануға болады.

932. Арматура дәнекерлеу көмегімен келте құбырларға және құбыр өткізгіштерге қосылады.

933. Жылу тасымалдауыштың кіретін және шығатын жағынан қазандардың тиектеулі арматурасы болады. Тиектеулі арматура қызмет көрсету үшін қол жетімді және қауіпсіз орында орналасады немесе қашықтықтан басқарылады.

934. Ернемекті қосылыстарды, арматураны және сорғыларды қарау саңылаулары, тесіктер, қысымды лақтыру құрылғылары және оттықтар мен газ жолдарының вентиляция саңылауларына жақын орнатуға болмайды.

935. Қазанға тікелей жақын орналасқан жылу тасымалдауыштың ағызу желісінде (1 м аспайтын қашықтықта) кезегімен екі тиектеулі орган орнатылады.

### **4-параграф. Сұйықтық деңгейін көрсеткіштер**

936. Органикалық жылу тасымалдауышпен жанасатын деңгей көрсеткіштері элементтері, әсіресе оның мөлдір элементі жұмыс температурасы және қысым кезінде оларға органикалық жылу тасымалдауыштың әсеріне қарсы төзімді, жанбайтын материалдардан орындалады.

937. Тікелей әрекет ететін сұйықтық деңгейін көрсеткіштерде қазаннан деңгей көрсеткішті ажырату үшін қызмет ететін арматураның ішкі диаметрі кемінде 8 мм.

938. Тиектеулі арматураның өту қимасы деңгей көрсеткіш корпусында саңылаудың өту қимасынан кем емес.

939. Бу қазанында сұйықтық деңгейін көрсеткіштер орына сынау крандарын немесе клапандарды орнатуға болмайды.

### **5-параграф. Манометрлер**

940. Сұйықтық қазанда манометрлер қазанға кіре берісте және қазаннан шыға берісте орнатылады.

### **6-параграф. Температураны өлшеу құралдары**

941. Қазаннан бұрып әкететін бу құбыр өткізгішінде немесе қыздырылған сұйықтықта қазанға тікелей тиектеулі орган алдынан температураны көрсететін және тіркейтін құралдар орнатылады, ал жеткізу құбыр өткізгішінде – температураны көрсететін аспап.

## **7-параграф. Сақтандыру клапандары**

942. Эр қазанда кемінде екі сақтандыру клапаны орнатылады.

943. Бу қазанында орнытылатын сақтандыру клапандарының жалпы өткізу қабілеті қазанның номиналды бу өнімділігінен кем емес.

944. Сұйықтық қазанда орнытылатын сақтандыру клапандарының жалпы өткізу қабілеті қазанның номиналды жылу өнімділігі кезінде кеңейген жылу тасымалдауыштың көлемінің өсуін бұрып әкету үшін жеткілікті.

945. Иінтіректі-жүк сақтандыру клапандарын қолануға болмайды.

946. Толық жабық түріндегі сақтандыру клапандарын қолдануға болады. Сақтандыру клапанының шартты өтуі кемінде 25 және 150 мм аспайды.

947. Сақтандыру клапандарын қазаннан ажыратылмайтын кеңейтілген ыдыста орнатуға болады.

948. Қазан (ыдыс) және сақтандыру клапандары арасына үш жүрісті вентильді немесе барлық сақтандыру клапандарының бір уақытта ажыратылу мүмкіндігін болдырмайтын басқа құрылғыларды орнатуға болады. Бір немесе бірнеше сақтандыру клапандарын ажырату кезінде қалғандары өткізу қабілетін қамтамасыз етеді.

949. Кеңейткіш ыдыстарда орнытылатын сақтандыру клапандарының жалпы өткізу қабілеті авариялық жағдайда ыдысқа келіп түсетін инерttі газдың жалпы ағынанан кем емес.

950. Сақтандыру клапандарынан қайнау немесе одан жоғары температураға дейін қыздырылған буды немесе сұйықтықты бұрып жіберу атмосферамен қосылған конденсациялық құрылғылар арқылы жүргізіледі, алайда қарсы қысым 0,03 МПа (0,3 кгс/см<sup>2</sup>) жоғары болмайды.

951. Ажырататын және жеткізетін құбыр өткізгіштердің жылу тасымалдауыштың қаттылауын алдын алатын жылыту құрылғылары болады.

## **8-параграф. Кеңейткіш ыдыстар**

952. Сұйықтық қазандардың және жылыту құрылғыларының кеңейткіш ыдыстары немесе қызу кезінде кеңейтілген жылу тасымалдауышты қабылдау үшін еркін көлемі болады.

953. Кеңейткіш ыдыстың геометриялық көлемі жұмыс температурасына дейін қызуы кезінде қазанда және қондырғыда болатын сұйық жылу тасымалдауыш көлемінің өсуінен кемінде 1,3 есе үлкен.

954. Кеңейткіш ыдыс ең жоғары орнату нұктесіне қойылады.

955. Кеңейткіш ыдыс қысымның рұқсат етілгеннен жоғары көтерілуінен сұйықтық деңгейін көрсеткіштермен, манометрлермен және сақтандыру клапандарымен жабдықталады.

956. Екі немесе бірнеше кеңейткіш ыдыстарды орнату кезінде бұл ыдыстардың сұйық және газ көлемі құбыр өткізгіштермен қосылады. Сұйық қосу құбыр өткізгіштері бұл ыдыстардың төмен нұктелерінде қосылады, ал газдық жоғары. Бұл құбыр өткізгіштердің өту қимасы осы Қағиданың 953 тармағының талаптарына сәйкес кеңейткіш құбыр өткізгіші қимасынан кем емес.

957. Кеңейткіш ыдысқа инертті газды жіберу автоматты реттеледі.

958. Сұйықтық қазан кеңейткіш ыдыспен сақтандыру кеңейткіш құбыр өткізгіш көмегімен жалғанады. Бұл құбыр өткізгіште тиектеулі арматураны орнатуға болмайды.

959. Кеңейткіш құбыр өткізгіш тікелей қазанға немесе жіберілетін немесе кері қайтарылатын құбыр өткізгішке жалғанады.

960. Кеңейткіш құбыр өткізгіш үнемі кеңейткіш ыдыс жағына көтеріңкі болады.

961. Кеңейткіш құбыр өткізгіштің тарылған бөліктері мен құрылғылары болмайды. Сорғы және арматураның өту қимасы оларды қазан мен кеңейткіш құбыр өткізгіш арасында арасында орнату кезінде кеңейткіш құбыр өткізгіштің өту қимасынан кем болмайды.

962. Кеңейту құбырының шартты өтуі Dy 25-тен кем емес болуы қажет, оны осы Қағидалардың 28-қосымшасында келтірілген қазанның номиналды жылу өнімділігіне байланысты таңдау керек.

**Ескерту. 692-тармақ жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## **9-параграф. Автоматты қорғаныс**

963. Қазандар мынадай жағдайларда жылдыуды ажырататын технологиялық қорғаныспен жабдықталады:

- 1) жылу тасымалдауыш деңгейінің төмен жіберілген деңгейден төмен болуы;
- 2) жылу тасымалдауыш деңгейінің жоғары жіберілген деңгейден жоғары жоғарылауы;
- 3) жылу тасымалдауыш температурасының жобада көрсетілген мәннен жоғары үлғауы;
- 4) жылу тасымалдауыш қысымының жобада көрсетілген мәннен жоғары жоғарылауы;
- 5) кеңейткіш ыдыста жылу тасымалдауыш деңгейінің жіберілетін мәннен төмен төмендеуі;

6) сұйықтық қазан арқылы жылу тасымалдауыш шығынының минималды мәніне және паспортта көрсетілген бу қазанының минималды бу өнімділігіне (жылу өнімділігі) жету;

7) жанарғылар алдында газ тәрізді отынның қысымының жол берілмейтін жоғарылауы немесе төмендеуі;

8) жанарғылар алдында, ротациялық жанарғылардан басқа, сұйық отын қысымының жол берілмейтін төмендеуі;

9) оттықта тоқты ажыратудың жіберілмейтін азауы;

10) ауаны мәжбүрлі берумен жанарғылар алдында ауа қысымының жіберілмейтін төмендеуі;

11) жанарғылар шырақтарының сөнуі.

964. Қазанның шекті рұқсат етілген параметрлеріне жеткен кезде автоматты тұрде дыбыс немесе жарық дабылы қосылады.

965. Қазан жұмысында авариялық жағдайға алып келетін басқару тізбектерінде туындайтын ақаулар, гидравликалық, пневматикалық немесе электр ажыратқыштарда қосалқы энергияның жоғалуы жылдыуды ажырататын және (немесе) жарық және дыбыс дабылын қосатын автоматты қорғаныстың іске қосылуына алып келеді.

966. Дабыл жүйесінде қосалқы энергияның жоғалуы қазанды жылдыуды ажырататын және (немесе) қосымша дабылды қосатын автоматты қорғаныстың қосылуына алып келеді.

## 10-параграф. Сорғылар

967. Жекелеген қорек сызбасы кезінде бу қазандарынан әрбірі үшін кемінде екі қорек сорғысы орнатылады, олардың біреуі жұмыс, басқасы резервтегі болып табылады. Сорғылардың электр қорегі екі тәуелсіз көзден жүргізіледі.

968. Топтық қорек сызбасы кезінде қоректік сорғылар саны ең қуатты сорғы тоқтаған жағдайда қалған сорғылардың жалпы берілісі барлық жұмыс қазандарының номиналды бу өнімділігінің кемінде 100% болатында есеппен таңдалады.

969. Конденсат өздігінен қайтарылатын бу қазандары үшін қоректік сорғыларды орнату талап етілмейді.

970. Сұйықтық қазандар үшін электр жетегі бар кемінде екі айналма сорғы орнатылады, олардың біреуі резервтік. Айналма сорғылар берілісі және тегеуріні қазандағы жылу тасымалдауыш айналымы жылдамдығын қамтамасыз етеді.

971. Сұйықтық қазандар тұтынушыны жартылай немесе толық ажыратқан кезде қазандар арқылы жылу тасымалдауыштың тұрақты шығының ұстауды қамтамасыз ететін автоматты құрылғымен рециркуляция желісімен жабдықталады.

972. Жылу тасымалдауыштың мәжбүрлі берілісімен бу қазандары және сұйықтық қазандар электр энергиясын ажыратқан кезде отынның берілуі тоқтатылатын

автоматты құрылғылармен жабдықталады, ал сорғы электр қозғалтқыштарының екі тәуелсіз қорек көзі болған кезде бір қорек көзінен екіншісіне ауысатын құрылғымен.

973. Жылу тасымалдаудың жүйесінде айналатын шығындардың орнын толтыру үшін жүйені толтыруды қамтамасыз ететін құрылғы қарастырылады.

## 11-параграф. Орнату және пайдалану

974. Бу және сұйықтық қазандар жеке тұрған қазандарда орнатылады.

975. Қазандарды ашық аландарда орнату кезінде жоғары температуралы отынтастымалдағыштардың қату мүмкіндігін болдырмайтын шаралар жүзеге асырылады.

976. Қазандық жайында, жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдағыштармен жұмыс істейтін құбыр өткізгіштер мен ыдыстардың орналасу аймағында жылу тасымалдауштың қатуын болдырмайтын температура ұсталады.

977. Қазандық жайында қазандарды ұздіксіз толтыру және ЖОТ бастапқы қалпына келтіру үшін сұйық жылу тасымалдаудың шығын багын орнатуға болады. Бактар жылтырылады. Бактарды қазандар үстінен орнатуға болмайды.

978. Жұмыс ұзақтығына, температуралық жағдайларға, қызу бетінің меншікті жылу кернеуіне және пайдалану жағдайларына байланысты ЖОТ бастапқы қалпына келтіруден өтеді.

979. Регенерациялар арасында қазан жұмысы уақытының ұзақтығы және жылу тасымалдауштың бөліну дәрежесін анықтау әдістемесі технологиялық регламентте белгіленеді. Жылу тасымалдаушта бөліну өнімдерінің құрамы 10% аспайды.

980. Әр қазан үшін қызу бетін техникалық қарау және қара майлар шөгінділерден тазалау кестесі белгіленеді. Техникалық қарау және қызу бетін тазалау жөндеу журналына белгі қалдыра отырып, жүйелі түрде жүргізіледі, алайда қазан жұмысының 8000 с кейін жиі емес.

981. Қазанның жекелеген элементтерін ауыстырумен немесе дәнекерлеуді қолданумен байланысты монтаждау немесе жөндеуден кейін қазандар іске қосар алдында қазан иесімен жұмысқа тең қысыммен бітеулілігін синаудан өтеді.

982. Қазандарды жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдағыш-пен есепке алу және пайдалануға жіберу рұқсаты осы Қағиданың 19-тaraуына сәйкес жүргізіледі.

983. Қазандарды жоғары температуралы органикалық жылу тасымалдағыш-пен техникалық куәландыруды жүргізу тәртібі және мерзімі дайындаушының пайдалану бойынша нұсқаулығына сәйкес белгіленеді, алайда осы Қағидалардың 20-taraуымен белгіленген мерзімдерден жиі емес.

## 23-tarau. Содарегенерациялық қазандар

Ескеरту. 23-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-параграф. Жалпы ережелер

984. Сода регенерациялық қазандар үшін мынадай жұмыс параметрлері жіберіледі: 4 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қысым және  $440^\circ\text{C}$  дейін қыздырылған бу температурасы. Өте жоғары параметрлерге сода регенерациялық қазандар жобалау және дайындау қызу бетінің жоғары температуралы коррозиясын алдын алу бойынша шараларды қамтамасыз ету кезінде жіберіледі.

985. Сода регенерациялық қазандар сілтілерді және қосалқы оттыққа тұсу қарастырылады: мазут немесе табиғи газ.

## 2-параграф. Құрылымы, жарақталу және бақылау

986. Қосалқы жабдықтың және құбыр өткізгіштердің орналасуы судың оттыққа тұсу мүмкіндігін болдырмайды.

987. Сода регенерациялық қазандар балқыма тесіктерін химиялық тазқартылған деаэрацияланған сумен сұыту жүйесімен жабдықталады. Тесіктер құрылымы және орналасуы олардың бұзылуы кезінде оттық камераға судың тұсу мүмкіндігін болдырмайды.

988. Сода регенерациялық қазандар бақылау-өлшеу аспаптарымен және қауіпсіздік қуралдарымен жарақтау нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес жүргізіледі.

989. Сода регенерациялық қазандар үшін қоректік құрылғыларының саны және беру қабаттық жағу тәсілімен қазандарға секілді таңдалады. Сонымен қатар бу жетегі бар сорғылар өнімділігі электр жетегі бар сорғыларды авариялық тоқтату кезінде сода регенерациялық қазандар қалыпты сұыту жағдайлары бойынша таңдалады.

1) бөлшектің орналасқан схемасы және нөмірі, элементтер және құбыр өткізгішті дәнекерлен қосу;

2) болат маркасы, бақытылатылатын метал нөмірі және құбыр партиясының нөмірі, жасалған бөлшек құбыры және құбыр өткізгіш элементтері;

3) дәнекерлеу кезінде біріктірілетін материалдардың маркасы және қолдану диаметрі;

4) құбыр, бөлшектер, иілімдер және пісіру қосындысына термоөңдеу режимі;

5) құбыр, бөлшектер, иілімдер және пісіріп қосудың әдістеріне жүргізілген бақылау түрлері және қорытындысы;

6) дәнекерлеу жұмысын жасаған дәнекерлеушінің белгісі.

## 5-параграф. Көзбен шолу. Өлшеу.

1194. Осы Қағидаға сәйкес көзбен шолу және өлшеу әдістерімен оларда мынадай ақауларды анықтау мақсатында барлық дәнекерленген қосылыстар бақыланады:

1) элементтердің өзара орналасуы және геометриялық өлшемдері бойынша ауытқулар;

2) барлық түрдегі және бағыттардағы жарылулар;

3) негізгі металдың сыртқы бетіндегі ақаулар;

4) сынық немесе қосылған элемент көзінің перпендикулярлығы емес;

5) жалғанатын элементтердің түзу болмауы;

6) жіктердің пішіндері және өлшемдерінің нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына (біктік, катет және тігістің ұзындығы және тағыда басқалары), сәйкес келмеуі;

7) дәнекерленетін элементтердің нормалардан жоғары жиектерінің орнынан жылжуы және қисауы.

1195. Дәнекерлі жіктің беті және оған жапсарлас ені 20 мм кем болмайтын негізгі металдың орындары көзбен шолып тексерудің алдында жіктің екі жағынан да күйіктен және басқа да ластардан қорғалады.

1196. Дәнекерленген қосылыстарды қарап тексеру және өлшеу бақылауы жіктердің барлық ұзындығы бойына сыртқы және ішкі жақтарынан "Дәнекерленген қосылыстар. Сапаны бақылау әдістері" МЕМСТ 3242-79 бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 1196-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **6-параграф. Бұзылмайтын әдістермен бақылау**

1197. Ультрадыбыстық дефектоскопия және радиографиялық бақылауды дәнекерленген қосылыстарда ішкі ақауларды (жарылу, шалапісірілім, саңылауларды, қоқысты қосылууларды және басқаларын) анықтау мақсатында жүргізеді.

1198. Ақауларды анықтау үшін магнитті-ұнтақ немесе түстідефектоскопия жүргізіледі.

1199. Дәнекерленген қосылыстардың сапасын радиографиялық бақылау "Бұзбай бақылау. Дәнекерленген қосылыстар. Радиографиялық әдіс." МЕМСТ 7512-82 сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 1199-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1200. Дәнекерленген қосылыстардың сапасын ультрадыбыстық бақылау "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық бақылау. Қабылдау деңгейлері" ҚР СТ ISO 11666-2016 және "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Ультрадыбыстық бақылау. Дәнекерленген қосылыстарда индикация параметрлерін анықтау" ҚР СТ ISO 23279-2016 стандарттар бойынша жүргізіледі.

**Ескерту. 1200-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1201. Дәнекерленген қосылыстарды магнитті-ұнтақты және капиллярылық бақылау әдістері "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Магнитті ұнтақты әдіс" МЕМСТ ЕН 1290-2006, "Дәнекерленген қосылыстарды бұзбайтын бақылау. Магнитті

"ұнтақты әдіс" ҚР СТ ISO 17638-2013 және "Бұзбай бақылау. Капиллярлық әдістер. Жалпы талаптар" МЕМСТ 18442-80 сәйкес жүзеге асырылады."

**Ескеrtу. 1201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1202. Перлит және мартенсит-феррит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштерде және олардың элементтерінде ультрадыбыстық бақылауға мыналар жатады:

1) құюлы бөлшектердің дәнекерленген қосылыстарын алмағанда, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша қабырғасының қалындығы 15 мм және астам I және II санаттағы құбыр өткізгіштердің барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары;

2) ультрадыбыстық бақылауы дәнекерлеу бойынша нормативтік-техникалық құжаттамада және технологиялық нұсқаулықпен қарастырылған дәнекерленген қосылыстар.

1203. Құбырлардың барлық дәнекерленген қосылыстары тігіс осінен екі жағынан ультрадыбыстық дефектоскопиямен бақыланады, ал құюлы және басқа да қалыпқа келтірілген бөлшектермен құбырлардың дәнекерленген қосылыстары бір жағынан (құбыр жағынан).

1204. Перлит және мартенсит-феррит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштерде ультрадыбыстық бақылауға немесе радиографияға мыналар жатады:

1) барлық санаттағы құбыр өткізгіштердің, олардың бөлшектерінің және элементтерінің қосылыстың барлық ұзындығы бойынша барлық бойлай дәнекерленген қосылыстары;

2) қабырғасының қалындығы 15 мм кем сыртқы диаметрі кемінде 200 мм I санаттағы құбыр өткізгіштердің, сыртқы диаметрі 200 мм қабырғасының қалындығы кемінде 15 мм;

3) II санаттағы құбыр өткізгіштердің көлденең жапсарлы дәнекерленген қосылыстары әрбәр дәнекерлеушімен орындалған (қосылыстың барлық ұзындығы бойынша) біртипті жапсарлы құбыр өткізгіштердің жалпы санынан кемінде 20 % көлемде (алайда кемінде бес жік);

4) қабырғасының қалындығы 15 мм кем сыртқы диаметрі 200 мм кем II санаттағы құбыр өткізгіштердің көлденең жапсарлы дәнекерленген қосылыстары - әрбір дәнекерлеушімен орындалатын құбыр өткізгіштердің біртипті жапсарларының жалпы санынан кемінде 10% көлемде (алайда кемінде төрт жік);

5) III санаттағы құбыр өткізгіштердің көлденең жапсарлы дәнекерленген қосылыстары әрбір дәнекерлеушімен орындалған (қосылыстың барлық ұзындығы бойынша) құбыр өткізгіштердің біртипті жапсарларының жалпы санынан кемінде 5 % көлемде (алайда кемінде үш жік);

6) IV санаттағы құбыр өткізгіштердің көлденең жапсарласқан дәнекерленген қосылыстары әрбір дәнекерлеушімен орындалған (қосылыстың барлық ұзындығы

бойынша) құбыр өткізгіштердің біртипті жапсарларының жалпы санынан кемінде 3% көлемде (алайда кемінде екі жік);

7) қабыргасының қалындығына тәуелсіз 100 мм және астам пісрілетін жалғастықтардың (құбырлардың, келте құбырлардың) ішкі диаметрімен құбыр өткізгіштердің бөлшектері мен элементтерінің барлық бұрыштық дәнекерленген қосылыстары – тексерілетін қосылыстардың барлық ұзындығы бойынша;

8) 100 мм кем пісрілетін жалғастықтардың (құбырлардың, келте құбырлардың) ішкі диаметрімен құбыр өткізгіштердің бөлшектері мен элементтерінің бұрыштық дәнекерленген қосылыстары, құюлы бөлшектермен құбырлардың құюлы элементтерінің көлденең жапсарлы дәнекерленген қосылыстары, басқа да дәнекерленген қосылыстар нормативтік-техникалық құжаттамамен және технологиялық нұсқаулықпен белгіленген көлемде.

1205. Бақылау көлемі бойынша белгіленген талаптар сыртқы диаметрі 465 мм аспайтын III және IV санаттағы құбыр өткізгіштердің дәнекерленген қосылыстарына таралады. Диаметрі үлкен құбыр өткізгіштердің дәнекерленген қосылыстары үшін бақылау көлемі нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленеді.

1206. Осы Қағидалардың 1204 тармағында келтірілген дәнекерленген қосылыстар үшін бақылау әдісін таңдау (ультрадыбыстық дефектоскопия немесе радиография) металдың физикалық қасиеттері ерекшеліктерін, нақты өнімдерде дәнекерленген қосылыстың аталған түрі үшін бақылау әдістемесінің игерілгендейі және жетілдірілгендейі ескеріле отырып жол берілмейтін ақауларды аса толық және дәл анықтауды қамтамасыз ету мүмкіндігінен шыға отырып жүргізіледі.

1207. Міндетті радиографияға, осы Қағидаға сәйкес ультрадыбыстық бақылаудан өтетін құбыр өткізгіштің бойлай және көлденең дәнекерленген қосылыстарының барлық қыылысу орындары жатады.

1208. III және IV санаттағы құбыр өткізгіштер үшін дәнекерленген соекторлық бұрулардың (иіндердің) көлденең жапсарлы қосылыстары осы Қағидалармен 1204 тармақта белгіленген нормалармен салыстырғанда үш еселік көлемде ультрадыбыстық бақылаудан немесе радиографиядан өтеді, бақыланатын жіктердің минималды санының екі еселенген мөлшері кезінде.

1209. Бірнеше құбыр өткізгіштерді (немесе әр түрлі құбыр өткізгіштер үшін бөлшектер мен элементтерді) бір уақытта дайындау немесе монтаждау кезінде бақылау көлемін осы Қағидалардың 1204-тармағында қарастырылған құбыр өткізгіштердің барлық топтамасынан анықтау керек.

1210. Сонымен қатар бір топтамаға дайындау циклі жинау-дәнекерлеу жұмыстары, термоөндөу және дәнекерленген қосылыстардың сапасын бақылау бойынша үш айдан аспайтын құбыр өткізгіштерді біріктіруге болады.

1211. Құбыр өткізгіштерді монтаждау кезінде аталған рұқсатты сәйкес біртипті дәнекерленген қосылыстарды орындау бойынша барлық жұмыстар объектіде бір үйиммен жүргізілген жағдайда ғана пайдалануға болады.

1212. Дәнекерлеу аумағында алдын ала және ілесе жылдытусыз 0°C төмен температура кезінде орындалатын перлит тобындағы қосындыланған жылуға төзімді болаттардан бөлшектердің дәнекерленген қосылыстары қосылыстың барлық ұзындығы бойынша радиографиямен немесе ультрадыбыстықпен бақыланады.

1213. Жөндеу қорытудан өткен жапсарлы дәнекерленген қосылыстар дәнекерленген қосылыстың барлық ұзындығы бойынша радиографиялық немесе ультрадыбыстық тексеріледі. Металл іріктемелерін жөндеу пісіру пісірудің барлық бөлігі бойынша, негізгі металдағы дәнекерлеудің термиялық әсер ету аймағын қоса алғанда, радиографиялық немесе ультрадыбыстықпен тексеріледі, бөлік бетін магнитұнтақтық немесе капилляр дефектоскопия әдісімен тексереді. Қабырғаның барлық қалындығы бойынша пісіру кезінде бетті бақылауды екі жағынан жүргізеді, бақылау үшін ішкі жаққа қол жетімсіздік жағдайларын ескермегенде.

1214. Аустенит тобындағы болаттардан өнімдерде, аустенит тобындағы болаттан элементтердің перлит және мартенсит-феррит тобындағы болаттан элементтермен ілесу орындарында міндепті радиографияға мыналар жатады:

1) байланыстырып дәнекерлеумен орындалатындарды ескермегенде, құбыр өткізгіштер элементтерінің барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

2) қүюлы элементтердің, сондай-ақ қүюлы бөлшектері бар құбырлардың барлық жапсарлы дәнекерленген қосылыстары, қосылыстың барлық ұзындығы бойынша;

3) қосылыстың барлық ұзындығы бойынша қабырға қалындығына тәуелсіз 100 мм және астам пісірілетін жалғастықтардың (құбырлардың, келте құбырлардың) ішкі диаметрімен құбыр өткізгіштердің элементтері мен бөлшектерінің барлық бұрыштық қосылыстары;

4) осы тармақта көрсетілмеген басқа дәнекерленген қосылыстар (сондай-ақ бұрыштық), нормативтік-техникалық құжаттама және технологиялық нұсқаулық талаптарымен белгіленген көлемде.

1215. Осы Қағидамен қарастырылған ультрадыбысты бақылау және радиографиялар құбыр өткізгіштердің дайындалған сериясы және элементтері үйымның техникалық басшысының шешімімен төмендетуге рұқсат етіледі, бір типті дәнекерлеу қосындысы технологиялық процесsei өзгіріссіз болғанда, бnlгі жұмыс түрлерінде мамандандырылған дәнекерлеушілер және дәнекерлеудің жоғары сапасы, бекітілген бақылау қорытындысы кемінде бір жылға.

1216. Радиография алдында сәйкесті дәнекерлеп біріктіу аландары бnlгіленеді. Үқас белгілеулер бақылау түсірімдеріне қойылады.

1217. Бақылау көлемі 10% болғанда адиографиялық немесе ультадыбыстық бақылау жүргізу үшін көзбен шолу және өлшеу нәтижесі бойынша бақылау техникалықбақылау бөлімімен немесе монтаждау нмесе жөндеу ұйымының дефктскопия жөніндегі жұмыс басшысымен жүргізіледі.

1218. Егер таңдап бақылау кезінде дәнекерлеушімен жіберілген ақаулар анықталса, онда бақылауға барлық бір типті құбыр өткізгішті дәнекелеулер бақылауға алынады, алдығы бақылаудан өткендәнекерлеу бөлшеге осы әдіспен.

1219. Бақылау сапасын төмендетпей ұйымның техникалық басшысының шешімі бойынша радиографиялық және ультрадыбыстықбақылауды(басқа бақылау әдістерінауыстыруға болады.

#### **7-параграф. Дәнекерленген қосылыстарды механикалық сынау және металлографиялық зерттеу**

1220. Механикалық сынаудан беріктігі және пластикалық қасиеттерінің осы Қағида және жоба талаптарынасәйкестігін тексеру үшін жапсарлы дәнекерленген қосылыстар өтеді.

1221. Механикалық сынаудың негізгі түрлері:

- 1) созылуды сынау;
- 2 ) иілу және майысуды сынау;
- 3) соғу тұтқырлығын сынау.

1222. Созылуға сынау100%-дық радиографиямен немесе ультрадыбыспен бақыланған дәнекерленген қосылыстар үшін талап етілмейді.

1223. Соғу тұтқырлығына сынау құбыр өткізгіштер және II, III және IV санаттағы элементтердің дәнекерленген қосылыстары үшін, құбыр және бөлшектер қабырғаларының қалындығы кемінде 12 мм болатын дәнекерленген қосылыстар үшін талап етілмейді.

1224. Металлографиялық зерттеу болуы мүмкін ішкі ақауларды (жарылулар, шикіпісірілім, саңылаулар, қоқысты және металл емес қосындылар және т.б.), дәнекерленген қосылыстар мен өнім қасиеттеріне кері әсер ететін металл құрылымы бар бөліктерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

1225. Металлографиялық зерттеулер:

1) қосылысты 100% көлемде радиографиямен немесе ультрадыбыспен бақылау жағдайында перлит тобындағы болаттан дайындалған бөлшектердің дәнекерленген қосылыстары үшін;

2) III және IV санаттағы құбыр өткізгішті біріктіру үшін, орындалған электр дөғалық дәнекерлеу.

1226. Механикалық сынау және құбыр өткізгіштердің дәнекерленген қосындысына металлографиялық зерттеу және олардың элементтері үлгілерінде жүргізіледі, бақылау немесе өндірістік дәнекерлеу қосындысында орындалған, құбыр өткізгіштен ойылған.

1227. Бақылау дәнекерлеу қосылыстары бақыланатын өндірістік қосылыстарға үқсас және өндірістік қосылыстарды дәнекерлеу кезінде немесе технологияны өндірістік аттестаттау кезінде қолданылатын технологиялық процесті толық сақтаумен орындалған. Бақылау қосылыстарын термиялық өңдеу бұйыммен бірге (пеште жалпы термоөңдеу кезінде), бұл мүмкін болмаған жағдайда өндірістік қосылыстар үшін ЖҚҚ белгіленген қызу және суу және температуралық режимдерді қолданумен жеке жүргізіледі.

1228. Бақылау қосылыстарының (құбыр қосылыстары немесе табақтар) кесіледі;

- 1) созылуға сынау үшін екі үлгі;
- 2) бүгілуге сынау үшін екі үлгі;
- 3) соғу бүгілуге сынау үшін үш үлгі;
- 4) металлографиялық сынау үшін (көміртекті және нашар қосындыланған болаттан дәнекерленген қосылыстарды бақылау кезінде бір үлгі (тілім) және жоғары қосындыланған болаттан дәнекерлеу қосылыстарын бақылау кезінде кемінде екеу);
- 5) басқа сынақ үлгілері үшін (кристал аралық коррозия) егер ЖҚҚ қарастырылған болса.

1229. Бақыланатын бұрыштық дәнекерлеу түйіндісінен металлографиялық зерттеу үлгісі ойылады.

1230. Құбырдың түйсігіне механикалық сынақтар түрлерінің бақыланатын өнімен кесіп алынған өндірістік түйскен жерлерде 100 мм, қабырға қалындығы 12 мм осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі. Соңғы кезеңде иілу сынағы болатты балқытылатынға ауыстырылады, ал бақылау түйсігінің орташа саны, бақытылатын және созылмалы, көрсетілген сына түрлері үшін біруеден кем емес. Осы кезде металлографиялық сынақ дәнекерленетін бақылау түйсігіне сәйкес орындалады.

1231. Механикалық сынақ және металлографиялық зерттеулер үшін қайши түйсіктердің дәнекерленген қосындысы. Құбыр элементтерінің бөлек электр доғалы дәнекерлеп орындалған және осы Қағиданың 1228-тармағына сәйкес бақыланатын бақылау түйсігінің дәнекерленген қосындысы дайындалады:

1) 100 %-дық радиография немесе ультрадыбыстық бақылаудан өтетін перлит тобындағы (көміртекті және нашар қосындыланған) болаттан құбыр өткізгіштер дәнекерлеуді орындаған дәнекерлеушілер санына тәуелсіз бұл үйімда дәнекерленген әр құбыр өткізгіштің барлық бір типті жапсарларына кемінде біреуі;

2) ультрадыбыспен немесе радиографиямен толық емес көлемде бақыланатын перлит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштер – әр дәнекерлеушімен орындалған құбыр өткізгіштердің бір типті жапсарларына кемінде біреуі;

3) 100%-дық радиография немесе ультрадыбыстық бақылаудан өтетін аустенит және мартенсит топтарындағы (жоғары қосындыланған) болаттар құбыр өткізгіштер – кемінде 1% (алайда кемінде бір жапсар), ультрадыбыспен немесе радиографиямен толық емес көлемде бақыланатын үқсас дәнекерленген қосылыстар үшін әр

дәнекерлеушімен орындалған құбыр өткізгіштің бір типті жапсарларының жалпы санынан кемінде 2% (алайда кемінде екі жапсар).

1232. 1351-тармақпен қаастырылған барлық үлгілерді кесу мүмкін болмаған жағдайда диаметрі шағын құбырлардың (шартты өтуі 100 мм кем құбырлар) әр бақылау жапсарынан үлгілер талап етілетін мөлшерде екі немесе бірнеше бақылау жапсарынан кесіліп алынады. Сонымен қатар орындалатын бақылау жапсарларының белгінеген мөлшері сәйкесінше ұлғаяды.

1233. Шағын диаметрлі құбырларды электр доғалы дәнекерлеумен орындалған және 1231-тармаққа сәйкес тұтас жапсарларда тексерілетін көлденең жапсарлы дәнекерлеу қосылыстарын механикалық сынау және металлографиялық зерттеу үшін дәнекерлеу қосылыстарының бақылау жапсарлары дайындалады:

1) 100 %-дық радиография немесе ультрадыбыстық бақылаудан өтетін перлит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштер дәнекерлеуді орындаған дәнекерлеушілер санына тәуелсіз аталған үйымда дәнекерленетін әр құбыр өткізгіштің барлық бір типті жапсарларына кемінде біреу (майысуға сынау үшін);

2) ультрадыбыспен немесе радиографиямен толық емес көлемде бақыланатын перлит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштер – әр дәнекерлеушімен орындалған құбыр өткізгіштің бір типті жапсарларына кемінде үшеу (III және IV санаттағы құбыр өткізгіштер үшін кемінде екеу), созылу және майысуға сынау үшін кемінде бір жапсар және металлографиялық зерттеу үшін кемінде бір жапсар (соңғысы I және II санаттағы құбыр өткізгіштер үшін ғана);

3) ультрадыбыспен немесе радиографиямен 100%-дық бақылаудан өтетін аустенит және мартенсит тобындағы болаттан құбыр өткізгіштер – әр дәнекерлеушімен орындалған бір типті құбыр өткізгіштер жапсарларының жалпы санынан кемінде 1,5 %, сондай-ақ кемінде 0,5% (алайда бір жапсардан кем емес), майысуға сынау үшін, кемінде 1% (алайда кемінде бір жапсар) металлографиялық сынау үшін;

4) ультрадыбыспен немесе радиографиямен толық емес көлемде бақыланатын аустенит және мартенсит топтарындағы болаттан құбыр өткізгіштер – әр дәнекерлеушімен орындалған құбыр өткізгіштің бір типті жапсарларының жалпы санынан кемінде 4%, сондай-ақ созуға және майысуға сынау үшін кемінде 1% (алайда кемінде бір жапсар), металлографиялық зерттеу үшін кемінде 2% (алайда кемінде екі жапсар).

1234. Механикалық сынақ және кіші диаметрлерге және бақылаушыларға жалпы құбырды қосуда көлденең түйістің контактілі дәнекерлеушімен орындалған түйістерде дәнекерленген құралымның металлографиялық зерттеу- осы Қағидалардың 1230-тармағына сәйкес дәнекерлеу қосындысы, дайындалады болат классына тәуелді емес.

1) қарапайым дәнекерлеу машиналарында пісрілетін құбыр өткізгіштер – бір ауысымда, бір таңбалы болатта және бірдей өлшемдегі құбырларда, бірдей режимде, бір машинада әр дәнекерлеушімен орындалған өндірістік жапсарлардың жалпы

санынан кемінде 2%, сондай-ақ созу және майысуға сынау үшін кемінде бір жапсар, металлографиялық зерттеу үшін кемінде 1% (алайда кемінде бір жапсар);

2) баптау сапасы бақылау үлгілерін созылуға және майысуға, сондай-ақ оларды металлографиялық зерттеуге жылдам сынау жолымен ауысым сайын тексерілетін автоматтандырылған жапсарлы дәнекерлеу машиналарында пісрілетін құбырлар;

1235. Бақылау үлгілерін созылуға және майысуға (жаншылу) жылдам сынау жапсарларды орындаған дәнекерлеушілер мен машиналар санына тәуелсіз аталған үйымда дәнекерленетін құбыр өткізгіштің барлық ұқсас жапсарларының алты үлгілерінде жүргізіледі (әр сынақ түріне минимум үш үлгіден).

1236. Жылдам сынау кезінде бақылау үлгілерін металлографиялық зерттеу бір тәуліктен аспайтын уақыт ішінде, бір таңбалы болаттан, бір өлшемдегі құбырларда, бірдей бапталған бір машинада орындалған өндірістік жапсарлардың жалпы санынан кемінде 0,5% (алайда кемінде екі жапсар) жүргізіледі.

1237. Егер механикалық сынақ және металлографиялық зерттеу осы Қағидалардың 1228-тармағында келтірілген дәнекерлеп қосу бөлек үлгілерді ою және бақылау арқылы жүзеге асырылады, дәнекерлеп қосуды бақылаудың жалпы санын екі есеге кемітуге рұқсат етеді (осы Қағидаларға сәйкес металлографиялық сынақтар үшін қосылыстардан басқа). Осы жағдайда бақылау қосындысын дәнекерлеу Қағидалармен қарастырылған көлемде пісріледі, үлгілер қажетті көлемде әр қосындының жұп парынан ойып алынады.

1238. Механикалық сынақ және дәнекерленген қосылыстардың көлденең түйсігіне металлографиялық зерттеулер, кіші көлемді құбырларда орындалған газды дәнекерлеу және тексерілетін жиектер Қағиданың 1230-тармағына сәйкес дәнекерленген қосылыстардың бақылау жігі (болат класстарына байланыссыз) әзірленеді:

1) құбырөткізгіш, 100% ультрадыбыстық немесе радиографиялық бақылауға ұшыраған, әр дәнекерлеушімен орындалған, құбыр өткізгіштің бір ізді түйісінің ортақ санынан-2 % кем емес, соның ішінде жаншылуды сынау үшін және металлографиялық зерттеу үшін (бір түйсіктен кем емес) 1% кем емес;

2) құбырөткізгіш, ультрадыбыспен немесе радиографиямен бақыланатын толық емес көлемде құбыр өткізгіштің бір ізді түйісінің ортақ санынан- 4% кем емес, әр дәнекерлеушімен орындалған, соның ішінде жаншылуды сынау үшін және металлографиялық зерттеу үшін (бір түйсіктен кем емес) 1 % кем емес, сонымен қатар 2% кем емес (кем дегенде екі түйіс) металлографиялық зерттеулер үшін.

1239. Осы Қағидалардың 1228-тармағында келтірілген дәнекерленген қосылыстардың механикалық және металлографиялық зерттеулер ойып алу жолымен және бөлек үлгілерді бақылаумен жүзеге асырады, қарастырылған жалпы дәнекерленетін бақылау түйістер санын екі есеге азайтуға болады.

1240. Бұл ереже өлшемдері әр жапсардан Қағидалардың 1231-тармағында қарастырылған барлық үлгілерді кесуге мүмкіндік бермейтін құбырлардың бақылау

жапсарларына таралмайды. Мұндай жағдайда бақылау жапсарлары Қағидалармен қарастырылған көлемде пісріледі, сонымен қатар үлгілер әр жапсар жұбынан кесіліп алынады.

1241. Бұрыштама электр доғалы дәнекерлеуге металлографиялық зерттеу үшін (басқа құбырөткізгішті қосу), құю класындағы құрыштан құбыр өткізгіштерге орындалға электр доғалы дәнекерлеуге, бақылау дәнекерлеу қосындысы пісріледі:

1) құбырлардың штуцермен (немесе құбырлармен) - 1% кем емес (бірақ кемінде бір қосылыс) құбырдың бір ізді қосындысының жалпы санына, әр дәнекерлеушімен орындалған;

2) ернемек және жалпық табанды (бітеуіш) құбырдың, басқалары үшін, бұрыштық дәнекерленген қосындысы көрсетілмеген, санда, нормативтік-техникалық құжаттамада бекітілген.

1242. Бірізді бұрыштама жалғауға штуцермен (құбырмен), құбырга дәнекерлеп қосылыстар жатады, жалпақ элементтермен (фланцтар, табандар және т.б.), 2,0 көп емес (бір түрдің шегінде) штуцерлерге (құбыр) пісрілетін қабырғаның максималды және минималды диаметрлері және қалындығы, барлық дәнекерленген қосындының бірінгай құрылышы және бөлу формасы болады және бірінгай технологиялық проецсс бойынша орныдалған. Сонымен қатар құбыр, коллекторлар, фланцет элементтері үшін және басқада ішкі диаметрі 450 мм жоғары қатынас диаметрі есепке алынбайды.

1243. Аустенитті және мартенситті топтағы болаттардан дайындалған, элементтерде орындалған электр доғалы дәнекерлеу, бұрышты дәнекерлеу қосылыстарға металлографиялық зерттеу үшін, газды дәнекерлеу (тобына қарамай) бақылау түйсігі дәнекерленеді:

1) дәнекерлеген қосылыстар үшін, 100% ультрадыбыстық немесе радиографиялық бақылауға ұшыраған – сол көлемде, және болаттан құю тобындағы элементтер үшін ультрадыбыстық немесе радиографиялық бақылауға;

2) дәнекерленген қосылыстар үшін, ультрадыбыстық немесе радиографиялық бақыланбайтын (немесе толық емес көлемде бақылау), - екі еселенген көлемде (екі қосылыстан көп емес) осы бөлімде қарастырылған салыстыру бойынша.

1244. Бір үйымда осы тараумен қарастырылған бір типті дәнекерлеу қосылыстары бар бірнеше түрлі құбыр өткізгіштерді (немесе олардың бөлшектерін және элементтерін) бір уақытта дайындау және монтаждау кезінде механикалық сынау және металлографиялық зерттеу үшін орындалатын бақылау дәнекерлеу қосылыстары санын бір құбыр өткізгіштен емес барлық құбыр өткізгіштер партиясынан анықтауға болады.

1245. Бір топқа 15 құбырға дейін біркітруге рұқсат етіледі, мұнда жинақтау-дәнекерлеу, термоөндөу және дәнекерлеу қосындысын бақылау жұмыстарының мерзімі үш айдан аспайды.

1246. Құбыр өткізгішті монтаждау кезінде барлық топтардан бақылау қосындыларының санын анықтайды, егерде осы объектіде дәнекерлеп қосу жұмыстары бір үйиммен орындалған жағдайда рұқсат етіледі.

1247. Дәнекерлеп қосуға механикалық сынау және металлографиялық зерттеу, бақылау немесе өндірістік түйсіктер әзірленген, жабдықтан ойып алынған, бақылауға жататын үлгілерден орындалады.

1248. Барлық дәнекерленген қосындыгультра дыбыстық бақылау немесе ұзындық бойына радиографияға шалдығады, егер келтірілген әдістерді тексеру осы үлгідегі дәнекерлеу қосындылары үшін дефектоскоптауда қарастырылған болса. Бақылау дефектоскопшылаумен жүргізіледі.

1249. Тексеріс кезінде ақау анықталған жағдайда өндірістік түйсіктер, бақылау жалғауларымен ұсынылған 100% көлемінде тексеріледі, сол ақау скоптау әдісімен анықталған ақаулар (сол әдістермен 100%- өндірістік дәнекерлеу қосындысын бақылау) ; сонымен қатар жалғау брак деп танылады және қайтадан орындалады

1250. Бақылау дәнекерлеу қосындысы бар болған жағдайда ішкі ақау шлифі металлографиялық зерттеу үшін аталған ақау бөлімінен ойылып кесіледі.

1251. Дәнекерлеу қосындысын созылуға сынау кезінде уақытша үзіліс қарсылығы осы маркадағы жартылай өнімнің негізгі металының уақытша үзіліс кедергіге сәйкес келеді.

1252. Дәнекерленген қосылыштарды иілуге сынау кезінде алынған көрсеткіштер осы Қафидалардың 30-қосымшасында келтірілгеннен төмен болмау керек.

**Ескерту. 1252-тармақ жана редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1253. Дәнекерленген қосылыштарды (құбырлар жапсарларын) майысуға сынау кезінде сынақ нәтижелері сол таңбалы болаттан сол сұрыптамадағы құбырларға белгіленген минималды рұқсат етілген көрсеткіштерден төмен болмайды.

1254. Жаншыу үлгілерін сынау кезінде (түйсік) құбырдан бойына дәнекерленген жапсармен соңғы жазықтық болады, қабырғаны перпендикуляр бағытта жақыннату.

1255. Соғу жабысқақтығына дәнекерленген қосындыны сынау, үлгілерде оны ашып көрсету жағынан жапсар белдігі бойынша көрсеткішпен үлгіге жүргізіледі.

1256. 20<sup>0</sup>C температура кезінде дәнекерленген қосылыштар тігісі металының соғу тұтқырлығының (соғу майысу) өлшемі перлит және мартенсит тобындағы болаттардан элементтер үшін 50 Дж/см<sup>2</sup> (5 кгс.м/см<sup>2</sup>) төмен емес және аустенит тобындағы болаттардан элементтер үшін 70 Дж/см<sup>2</sup> (7 кгс.м/см<sup>2</sup>) төмен емес.

1257. Әр бақылау дәнекерлеу қосылышы үшін механикалық қасиеттердің көрсеткіштері жеке үлгілерді сынау нәтижелерінен орташа арифметикалық ретінде анықталады.

1258. Егер үлгіні сынаудың кез келген түрі көрсеткіштерінен тым болмаса біреуі белгіленген нормадан 10% астам ерекшеленсе (төмендеу жағына), ал соғу тұтқырлығы бойынша  $20 \text{ Дж}/\text{см}^2$  ( $2 \text{ кгс. м}/\text{см}^2$ ) астам, жалпы сынау нәтижесі қанағаттанарлықсыз болып есептеледі.

1259. Механикалық сынаудың кез келген түрі бойынша қанағаттанарлықсыз нәтижелер алған кезде сол бақылау жапсарынан үлгілерді қайталап сынауга болады.

1260. Аталған жапсардан үлгілерді кесіп алу мүмкін болмаған жағдайда, қайталап сынаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері кезінде (бір үлгіде болса да) кесіп алу және бақыланатын сериядан (сол дәнекерлеушімен орындалған) өндірістік дәнекерлеу қосылыстарын сынау жүргізіледі.

1261. Өндірістік дәнекерлеу қосылыстарын сынау үлгілердің екі еселенген мөлшерінде жүргізіледі. Бір үлгі бойынша қанағаттанарлықсыз көрсеткіштер кезінде сынаудың жалпы нәтижесі қанағаттанарлықсыз деп есептеледі.

1262. Дәнекерленген қосылыстарды металлографиялық зерттеу үшін үлгілер тігіс бойынан кесіп алынады.

1263. Барлық дәнекерленген қосылыстарды макрозерттеу үшін және қабырғасының қалындығы кемінде 25 мм элементтердің дәнекерленген қосылыстарын микрозерттеу үшін үлгілер тігістің барлық қимасын, дәнекерлеудің термиялық әсерінің екі жағын, оларға жанасқан негізгі металл бөліктерін, астына салатын шығыршықты қамтиды, егер де ол дәнекерлеу кезінде қолданылса жоюға жатпайды.

1264. Элементтердің дәнекерленген қосылыстарын микрозерттеу кезінде қабырғаларының қалындығы 25 мм және астам үлгілердің қосылыстың қиылышатын түпкі бөлігін қосуға болады. Сонымен қатар балқыту сызығынан үлгі шетіне дейінгі ара қашықтық кемінде 12 мм, ал бақыланатын қима аумағы кемінде  $25 \times 25$  мм.

1265. Құбырлы элементтердің бұрыштық дәнекерлеу қосылыстарын металлографиялық зерттеу үшін үлгілерді дайындау кезінде бақылау қосылыстары штуцер (құбыр) бойымен кесіледі.

1266. Бақылау контактілі және газды дәнекерлеушімен орындаған дәнекерленген құралымдар, электр доғалық дәнекерлеушімен, орындаған дәнекерленген құралымдар элементі жоғары сапалы алмaston макрозерттеумен қадағаланады және басқада макрозерттеулермен дәнекеленген жалғаулар. Микrozertteу және көміртекті және төмен сапалы болаттан бақылау дәнекерленген қосылсты микрозерттеулер бір ғана үлгіде жасалады, жоғары сапалы болат элементтерінен дәнекерленген қосында – екі үлгіде жасалады.

1267. Сол үлгілерді жүйелі макро және микро зерттеулер жүргізіледі (тілімтас).

1268. Металлографиялық зерттеу нәтижелері бойынша дәнекерленген жалғаулар сапасын бағалау осы Қағидаға сәйкес жүргізіледі.

1269. Егер де ультрадыбыстық немесе радиографиямен тексерілген бақылау дәнекерленген қосындыларда металлографиялық зерттеу кезінде осы Қағидаларға сәйкес және жарамды деп танылған, қосылыста жол берілмейтін ақаулар анықталған болса, аталған қосылыспен берілген және бұған дейін дефектоскопиядан өтпеген барлық өндірістік дәнекерлеу қосылыстары барлық ұзындығы бойынша бақылаудың бұзылмайтын 100% әдісімен тексеріледі. Сонымен қатар барлық өндірістік жалғаулардың сапасын тексеру тәжірибелі және білікті дефектоскоптаушымен жүргізіледі. Ақауды телескоптаушымен аталған бақылауды орындау, жалғауға бақылау жүргізген адам жіберілмейді.

1270. Егер металлографиялық зерттеу кезінде бақылау дәнекерлеу қосындыда, тексерілген ультра дыбыс немесе радиографи осы Қағидаларға сәйкес жол берілмейтін ақаулар табылса, осы бақылауды бұзбайтын әдістермен анықталмаған, егерде бақылау қосындысына металлографиялық зерттеуде рұқсат етілмейтін ақаулар аныталса, ультрадыбыспен және радиографиямен бақыланбаған, онда металлографиялық зерттеу (бақылау қосындысымен салыстыру бойынша) үлгілер саны екі еселенеді. Сол дәнекерлеушімен орындалған бақылау қорытындысының ақаулар қатарына ойып кесуге өндірістік дәнекерлеу қосындысы жатады..

1271. Егерде қайталап сынау кезінде бекітілген норма бойынша бір үлгіден қанағаттанарлықсыз көрсеткіш алынса, онда сынаудың жалпы нәтижесі қанағаттанбаған деп саналады.

1272. Осы Қағидалардың бөлімдерінде қарастырылған механикалық сынау көлемі және дәнекерлеу қосындысын металлографиялық зерттеу (орындалатын бақылау қосылыстары, бөлек сынақ міндеттерінің саны, үлгілер саны және т.б.) ұйыммен бір типті жабдықты жаппай дайындау (монтаж) технологиялық процесстің өзгертушеген кезде азайтуға болады.

1273. Құюлы элементтердің дәнекерленген қосылыстарын, құюлы бөлшектері бар құбырларды, түрлі топтағы болаттан элементтерді, басқа да жеке дара дәнекерлеу қосылыстарын механикалық сынау және металлографиялық зерттеу көлемі жобамен белгіленеді.

1274. Негізгі механикалық сынаудан басқа қосындыланған болаттың жапсарлы, бұрыштық дәнекерлеу қосылыстары сынақтан өтеді.

#### **8-параграф. Дәнекерленген қосынды сапасын бағалау нормасы**

1275. Дәнекерлеу қосындысының сапасын бағалау нормасы жобалау-құрылымдық күжаттамада анықталады.

1276. Дәнекерленген жалғаулардың сапасы, егер оларда бақылаудың кез келген түрінде осы Қағидалармен белгіленген нормалардың шегінен асатын ішкі және сыртқы ақаулар анықталса, қанағаттанарлықсыз болып саналады.

1) жіктің металында, балқыту сзығы бойынша және негізгі металл жігі маңайының аймағында орналасқан барлық түрдегі және бағыттардағы жарылулар, сонымен бірге бақылау үлгісін шағын тексеру кезінде анықталатын шағын жарылулар;

2) жіктің негізінде немесе дәнекерлі жалғаудың қыылсысуы бойынша (жіктің жекелеген білікшелері мен қабаттары арасында және негізгі металл мен жіктің металының арасында) орналасқан дәнекерлі жіктердегі піспей қалған (балқымаған) жерлер;

3) бұрыштың дәнекерлеу тамырындағы піспей қалған қосылыстары, кесілген бөліктерсіз орындау;

4) жалпы торлар түрінде орналасқан саңылаулар;

5) қаспақтар (таңдақтар);;

6) дәнекерленбegen шұңқырлар;

7) тесіктер;

8) толық дәнекерленбegen шұңқырлар және күйген жерлер

9) орындалатын дәнекерлеу қосылыстарына тән басқа да сипаттамалар;

10) осы Қағидалармен қарастырылған шұңқырлардың жоғары нормасы;

11) негізгі металл құбырларын кесу.

## 9-параграф. Гидравликалық сынау

1277. Құбыр өткізгіштердің және оның элементтерінің, дәнекерленген және басқа да қосылыстардың төзімділігін және тығыздығын тексеру мақсатында гидравликалық сынақтан мыналар өтеді:

1) құбыр өткізгіштердің барлық элементтері және бөлшектері; егер де олар 100% ультрадыбыспен немесе басқа осыған ұқсас дефектоскопияның бұзылмайтын әдісімен бақылаудан өтсе, гидравликалық сынау міндепті болып табылмайды;

2) құбыр өткізгіштер блоктары; егер де оларды құрайтын элементтер тармағына сәйкес сынақтан өтсе, ал оларды дайындау және монтаждау кезінде барлық орындалған дәнекерлеу қосылыстары барлық ұзындығы бойынша бұзылмайтын дефектоскопия әдістерімен (ультрадыбыспен немесе радиографиямен) тексерілген болса, гидравликалық сынау міндепті болып табылмайды;

3) барлық санаттағы барлық элементтері бар құбыр өткізгіштер және монтаждауды аяқтағаннан кейін олардың арматурасы.

1278. Егер дайындау немесе монтаждау кезінде құбыр өткізгіштен жеке сынау мүмкін болмаса, жеке және жиналған элементтерді құбыр өткізгішпен бірге гидравликалық сынақтан өткізуге болады.

1279. Құбыр өткізгіштерді, олардың блоктарын және жекелеген элементтерін гидравликалық сынау кезінде сыйалатын қысымның минималды өлшемі жұмыс қысымының 1,25 құрайды, алайда кемінде 0,2 МПа ( $2 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ).

1280. Құбырлардың арматурасы мен фасонды бөлшектері МЕМСТ 356-80 "Құбыржол арматурасы мен бөлшектері. Номиналды, сынама және жұмыс қысымы. Қатарлар." бойынша гидравликалық сынақтан өтеді.

**Ескерту. 1280-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1281. Сынау қысымының максималды өлшемі беріктігіне есеппен белгіленеді. Сынау қысымының өлшемін минималды және максималды мәндер арасындағы шекте жобалық үйым таңдайды.

1282. Гидравликалық сынақ үшін  $+5^{\circ}\text{C}$  төмен емес және  $+40^{\circ}\text{C}$  жоғары болмайтын температурамен су қолданылады.

1283. Құбыр өткізгіштерді гидравликалық сынау қоршаған ауаның оң температурасы кезінде жүргізіледі. 10 МПа ( $100 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) және жоғары қысыммен жұмыс істейтін бу құбырларын гидравликалық сынау кезінде олардың қабырғаларының температурасы кемінде  $+10^{\circ}\text{C}$  болады.

1284. Құбыр өткізгіштегі қысымды бірқалыпты көтеру қажет. Қысымды көтеру жылдамдығы құбыр өткізгішті дайындауға нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетіледі.

1285. Қысымды көтеру үшін сығылған ауаны пайдалануға болмайды.

1286. Сынау кезінде қысым екі манометрмен бақыланады. Сонымен қатар бірдей дәлдік тобы, өлшеу шегі және бөлу бағамы бар бір типті манометрлер таңдалады.

1287. Сынау қысымымен құбыр өткізгіш және оның элементтерін ұстау уақыты кемінде 10 мин.

1288. Сынау қысымын жұмыс қысымына дейін, төмендеткеннен кейін құбыр өткізгішті барлық ұзындығы бойынша тексеру жүргізіледі.

1289. Сынау кезіндегі металл мен қоршаған ауа температуралары арасындағы айырмашылық сыналатын объект беттеріне ылғалдың тұсуін болдырмайды. Гидросынақ үшін пайдаланылатын су объектіні ластамайды, қарқынды коррозия тудырмайды.

1290. Құбыр өткізгіш және оның элементтері сынақтан өткен болып есептеледі:

- 1) дәнекерленген қосылыстарда және негізгі металда ағулар, буланулар, көрінетін қалдық;
- 2) деформация, жарылулар немесе бөліну белгілері байқалмаса.

#### **10-параграф. Ақауларды түзету**

1291. Анықталған ақаулар түзетілген бөліктерді кейіннен бақылау арқылы жойылады.

1292. Ақауларды түзету технологиясы және бақылау тәртібі нормативтік-техникалық құжаттамамен белгіленеді.

1293. Дәнекерленген қосылыстың бөліктерін түзету, негізгі метал бөлігі, дәнекерлеу арқылы жүргізілген түзетулер бұзбайтын дефектоскопия әдісімен бақыланады (ультрадыбыстық немесе радиография) сақтаған жағдайда жол беріледі.

## 27-тарау. Есепке қою

Ескерту. 27-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-параграф. Жалпы ережелер

1294. 0,07 МПа астам қысыммен жұмыс істейтін құбырларға дайындаушы және монтаждау ұйымдары ұсынатын құжаттама негізінде иеленуші кәсіпорындар осы Қағидалардың 26-қосымшасына сәйкес паспорт жасайды.

Ескерту. 1294-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1295. Редукциялық және редукциялық-сұыту қондырғыларынанбу құбырлары үшін қондырғы жобасында қабылданған редукциялық будың қысымы, сонымен қатар барлық элементтерге техникалық құжаттар ұсынылады, редукциялық және редукциялық-сұыту қондырғыларынан кіру және тиегін қоса алғанда төмен қысымды жағына орнатылатын сақтандырғыш құрылғының мінездемесі көрсетіледі.

1296. Шартты өтуі 70 мм-ден асатын I санаттағы құбырлар, шартты өтуі 100 мм-ден асатын II және III санаттағы құбырлар техникалық куәландырудан кейін жұмысқа қосылғанға дейін қауіпті өндірістік объектілерді және қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларына сәйкес есепке қойылады.

Осы Қағидаға сәйкес өзге де құбыр өткізгіштер осы Қағидалармен таралатын құбыр өткізгіш иесі болып табылатын кәсіпорындарда ішкі есебіне қойылады.

Ескерту. 1296-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1297. Алып тасталды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1298. Құбыр өткізгіштің паспорты және пайдаланылатын құжаттамасы мемлекеттік тілде және орыс тілдерінде ұсынылады.

**Ескерту. 1298-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1299. Паспорты жоқ құбыржолдарды есепке қойғанда, аттестатталған үйымы жасаған паспорттың телнұсқасы негізінде жүргізіледі.

**Ескерту. 1299-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Техникалық куәландыру**

1300. Осы Қағидаларға сәйкес құбыр өткізгіштер іске қосар алдында және пайдалану барысында техникалық куәландырудан: сыртқы қараудан және гидравликалық сынақтан өтеді.

1301. Электр бекеттеріндегі бу қазандықтары құбыр өткізгішті сору, куәландырудың көрсетілген түрлерінен басқа, процесс барысында ішкі тексеруге үшіншілді.

1302. Құбыр өткізгіштерді техникалық куәландыру мынадай мерзімдерде ақаусыз күйін және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлғамен жүргізіледі:

1) барлық санаттағы құбыр өткізгіштерді сыртқы қарау (жұмыс барысында) жылына бір реттен жиі емес;

2) екі жылдан астам жұмыссыз күйінде тұрғаннан кейін құбыр өткізгіштерді іске қосу кезінде пісірумен байланысты жөндеу, монтаждаудан кейін пайдалануға қосу алдында құбыр өткізгіштерді сыртық қарау және гидравликалық сынау

3) электр бекеттеріндегі бу қазандарының соу құбырөткізгіштіне сыртқы бақылау төртжылда бір реттен кем емес.

1303. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде және жергілікті атқарушы органда есепте тұрған құбыржолдар мынадай мерзімдерде аттестатталған үйымның техникалық куәландыруына жатады:

1) ішкі бақылау және гидравликалық сынақ қайтадан жөнделген құбыр өткізгішті жібере алдында;

2) сыртқы бақылау үшжылда бір реттен кем емес;

3) сыртқы бақылау және гидравликалық сынақ жөндеуден кейін дәнекерлеумен байланысты және құбыр өткізгішті жұмысқа қосу кезінде ол екі жылдан көп тоқтатылып тұрса.

**Ескерту. 1303-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1303-1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде есепке қоюға жататын құбыржолды техникалық куәландыруды

құбыржолдардың ақаусыз жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адам үйымдастырады және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен аттестатталған ұйым, ал жергілікті атқарушы органда есепке қоюға жататын құбыржолды жүргізеді, жергілікті атқарушы органың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторының қатысуымен.

Техникалық куәландыруды жүргізу кезінде, мынадай құжаттамада көрсетілген мәліметтердің маңыздылығы мен дұрыстығы зерделенеді:

1) осы Қағидалардың 26-қосымшасына сәйкес құбыржолдың паспорты;

2) мыналарды көрсете отыра құбыржолдардың орындау сыйбасы:

құбыржолдардың диаметрі, қалындығы, ұзындығы;

тіректер, компенсаторлар, аспалар, арматуралар, ауа және дренажды құрылғылардың орналасуы;

дәнекерленген қосылыстар, олардың арасындағы арақашықтық және олардан құдықтар мен абоненттік кірмеге дейінгі арақашықтық;

жылжымалықты өлшеу үшін арналған құрылғылардың орын ауыстыру жобалық шамасын көрсете отырып, жылу орын ауыстыруларды бақылау үшін нұсқағыштардың орналасуы;

3) осы Қағидаларға 20-қосымшага сәйкес құбыржолдың элементтерін жасау туралы куәлік;

4) осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес құбыржолын монтаждау туралы куәлік;

5) иесінің монтаждау ұйымынан құбыржолды қабылдау актісі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы мен жергілікті атқарушы органың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы техникалық куәландыруды өткізу күні туралы болжамды күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етіледі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор және жергілікті атқарушы орган келмеген жағдайда техникалық куәландыру оның қатысуының аттестатталған ұйыммен дербес жүргізіледі.

Откізілген техникалық куәландырудың нәтижелері және келесі техникалық куәландыру мерзімі құбыр өткізгіштің паспортына енгізіледі.

**Ескерту. 1303-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1304. Ашық тәсілмен немесе өту және жартылайған каналдарында тартау құбыр өткізгіштерді сыртқы қарауды оқшаулауды алмай жүргізуге болады. Құбыр өткізгіштерді өткелсіз каналдарда тартау кезінде немесе каналдың тартау кезінде сыртқы қарау жекелеген бөліктер топырағын ашу және құбыр өткізгіштің әр екі километрі сайын жиі емес оқшаулауды шешу жолымен жүргізіледі.

1305. Құбыр өткізгіш қабырғаларына немесе дәнекерленген тігістеріне қатысты күмән туған жағдайда аттестатталған ұйымның маманы бөліктеп немесе толықтай оқшаулауды жояды.

**Ескерту. 1305-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1306. Жаңадан монтаждалған құбыр өткізгіштер оқшаулауды салғанға дейін сыртқы қараудан және гидравликалық сынақтан өтеді.

1307. Құбыр өткізгіштерді гидравликалық сынауды барлық дәнекерлеу жұмыстарын, термоөндөуді аяқтағаннан кейін, тіреулер мен аспаларды орнату және соңғы бекітуден кейін жүргізуге болады. Сонымен қатар орындалған жұмыстар сапасын растайтын құжаттар ұсынылады.

1308. Құбыр өткізгіштерді гидравликалық сынау осы Қағидалардың берілген талаптарға сәйкес жүргізіледі, ал сынау қысымының өлшемі сәйкес қабылданады.

1309. Құбыр өткізгіштің ажырамас бөлігі болып табылатын ыдыстар құбыр өткізгіш сыналатын қысыммен сыналады.

1310. 3 м астам биіктікте орналасқан құбыр өткізгіштерді гидравликалық сынауды жүргізу үшін құбыр өткізгіштерді қауіпсіз қарау мүмкіндігін қамтамасыз ететін төсеме тақталар немесе басқа да құрылғылар салынады.

1311. Құбыр өткізгіштің жалғау дәнекерлеу жапсарының сапасын қолданыстағы магистральмен бақылау кезінде гидравликалық сынауды радиографиялық және ультрадыбыстық бақылаудың екі түрімен дәнекерленген қосылыстарды тексерумен ауыстыруға болады.

1312. Сору құбырөткізгіштеріне ішкі бақылау техникалық қызмет көрсету кезінде бу қазандарының сору құбыр өткізгішті тексеру бойынша технологиялық регламентке сәйкес жүргізеді.

1313. Аттестатталған ұйымы құбыржолды техникалық куәландыру кезінде міндетті түрде құбыржолдың жарамды күйі мен қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ететін адам қатысуы тиіс.

**Ескерту. 1313-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1314. Рұқсат етілген параметрлерді және келесі куәландыру мерзімдерін көрсете отырып, құбыр өткізгішін техникалық куәландыру нәтижелерін құбырдың паспортына

құбырлардың жарамды жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты тұлға енгізеді және оған техникалық куәландыруды жүргізуге қатысқан тұлғалар қол қояды.

Техникалық куәландыру нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 32-қосымшасына сәйкес санатты құбыржолдарды техникалық куәландыру актісі рәсімделеді.

**Ескерту. 1314-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1315. Егер құбыр өткізгішті куәландыру кезінде оның авариялық күйде екендігі немесе оның беріктігіне күмән тудыратын айтарлықтай ақаулардың бары анықталған болса, онда құбыр өткізгішті бұдан әрі пайдалануға болмайды, паспортта сәйкес дәлелденетін жазба келтіріледі.

## **28-тарау. Өндірістік бақылау**

**Ескерту. 28-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-параграф. Жалпы ережелер**

1316. Пайдаланушы үйым өндірістік бақылау жүйесін құру арқылы құбырларды жарамды күйде ұстауды және оларды пайдаланудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта:

- 1) құбыр өткізгішті дұрыс жағдайда ұстауды және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға инженерлі-техникалық жұмысшылар қатарынан тағайындалады;
- 2) қызмет көрсету персоналынан өнеркәсіптік қауіпсіздік сұрақтары бойынша оқытылған және әмтихан тапсырған тұлға тағайындалады;
- 3) техникалық регламентті әзірлейді және бекітеді;

4) қарау арқылы жабдыққа бақылауды, арматураның, бақылау-өлшеу жабдықтарының және сақтағыш құрылғыларының жұмысының дұрыстығын тескеруді қамтамасыз етеді, қарау және тексеру нәтижелерін жазу үшін ауысым журналы жүргізіледі;

5) осы Қағидаларды білуіне персоналдың білімін кезеңді тексеру тәртібі белгіленеді және қамтамасыз етеледі;

6) инженерлі-техникалық жұмысшылармен қағиданың орындалуын, ал қызмет көрсету персоналмен – техникалық регламенттің орындалуын қамтамасыз етеді;

7) мерзімді түрде, жылына кемінде бір рет категориялық құбырларды тексеру жүргізіледі.

Ескерту. 1316-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 06.05.2022 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-параграф. Қызмет көрсету

1317. Құбыр өткізгіш иесі шөгінді деформациясының өсуіне бақылау орнатады. Бұл талаптар бу температурасы  $450^{\circ}\text{C}$  және жоғары жұмыс істейтін көміртекті және молибденді болаттан бу өткізгішке қатысты, хроммолибенті және хроммолибендіванадиден жасалған болат бу температурасы  $500^{\circ}\text{C}$  және одан жоғары және жоғары ауытқулы жылу ұстағыш болаттан бу температурасы  $550^{\circ}\text{C}$  және жоғары.

1318. Манометрлердің және сақтауыш қақпақтарының жұмысының дұрыстығын тексеру келесі төмендегі мерзімдерде жүргізіледі.

1) құбыр өткізгіштіктер үшін жұмыс қысымы 1,4 МПа ( $14 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғанда - ауысымына бір рет;

2) құбыр өткізгіштіктер үшін жұмыс қысымы 1,4 МПа ( $14 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) МПа, 4,0 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) дейін қоса алғанда – тәулігіне бір рет;

3) құбыр өткізгіштіктер үшін жұмыс қысымы 4,0 МПа ( $40 \text{ кгс}/\text{см}^2$ ) технологиялық регламентпен бекітілген.

Тексеру қорытындысы туралы ауысым журналына жазылады.

1319. Манометр мен жабдық арасына бақылаудың көмегімен манометрді мерзімді түрде тексеріп отыруға мүмкіндік беретін үш жүрісті кран немесе оны алмастыратын құрылғы орнатылады.

